

Әбу Насыр әл Фараби:
Бақыттың мәні – парасаттылықта!

ҰЛАҒАТ

«Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Республикалық ғылыми-психологиялық және педагогикалық басылымы. Журнал екі айда бір рет 1994 жылдың шілде айынан бастап шығады.

ҚАҢТАР

1

ЯНВАРЬ

АҚПАН

2015

ФЕВРАЛЬ

Республиканское научно-психологическое и педагогическое издание товарищества с ограниченной ответственностью «Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Ұлағат». Журнал выходит один раз в два месяца с июля 1994 года.

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Зейнеп АХМЕТОВА, Бөлек АМАНБАЕВА,
Мұзафар ӘЛІМБАЕВ, Өмірхан ӘБДИМАНҰЛЫ,
Шәмша БЕРКІМБАЕВА, Қалдыбек БӨЛЕЕВ,
Құбығұл ЖАРЫҚБАЕВ, Серғазы ҚАЛИЕВ, Жұмағали
НАУРЫЗБАЕВ, Жарылқасын НҰСҚАБАЕВ, Жәмила
НАМАЗБАЕВА, Сақыпжамал ҰЗАҚБАЕВА.*

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

Ғылым ғаламында	
Айгүл СЕМБАЕВА.	Қазақ және түркі тілдеріндегі туыстық атаулардың гендерлік сипаты.....3
Ақайша АМИРЖАЕВА, Ақтоғы САҒЫНАЙ, Данагүл НҰРТАЙҚЫЗЫ.	«Activinspire» бағдарламасымен қазақ тілін оқыту әдістемесі.....13 Білім сапасын жоғарылату – адами капиталды молайтудың шешуші факторы.....21
Мінез-құлық мінбесі	
Индира ӨМІРЗАҚОВА.	Конфликтіні конструктивті шешудің психологиялық жолдары.....29
Салтанат ДОСЫМАХОВА.	Мектеп қабырғасындағы тұлғааралық қатығыстардың психологиялық ерекшеліктері мен шешу жолдары.....39
Ұлттық ұлағат	
Тамаша МҰРАТБАЙ.	Бесік жыры – балалар әдебиетінің кәусар бұлағы.....52
Элеанора ӨБШЕВА.	Сырнаймен ән салу дәстүрінің қалыптасуы және дамуы.....65
Арай АРҒЫНҒАЗИНА.	Би – өнердің бір түрі.....69
Дін дариясында	
Гүлжазира ЖАНЫҚҰЛОВА.	Ғаламзатқа жіберілген рақым нұры.....76
Руханият ошағы	
Айгүл МАҚСАТҚЫЗЫ. Арай ӨБИЕВА.	Білімнің қайнар көзі – кітапхана.....82 Ұлылық пен жылылықты бойына дарытқан тұлға.....89
В мире педагогики	
Айжан ТОКСАМБАЕВА. Фатима АШИРОВА.	Совершенствование педагогической компетентности.....92 Что за прелесть эти сказки!97
Ашық сабақ ауылында	
Күлайн КЕМПЕРБАЕВА. Күләш РАХЫМБАЕВА.	Тіл – халық айнасы.....101 Жануарлар әлемі.....104
Танымдық тәлім-тәрбие	
Бақытжан БЕКОВА.	Экологиялық этиканы қалыптастыру.....106
Педагог найымы	
Әлия ЕСТАЕВА.	Физика сабағында деңгейлеп-саралап оқыту.....117
Педагогическая методика: передовой опыт	
Мадина ГУЛАХМЕДОВА.	Повышение мотивации к изучению английского языка.....123
Бибинур КИСИКОВА.	Использование современных информационных технологий на занятиях английского языка.....129
Тәрбие сағаты – жан азығы	
Лиза БЕКБАЕВА.	Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ.....138
Оңаша ойға шомғанда	
Ақбөпе СЕЙДАЛИЕВА.	«Бір бала» және мен.....142

Ғылым ғаламында

Айгүл СЕМБАЕВА,
Қазақ мемлекеттік
қыздар педагогикалық университеті
Тіл теориясы және оқыту әдістемесі
кафедрасының доценті.

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ ТУЫСТЫҚ АТАУЛАРДЫҢ ГЕНДЕРЛІК СИПАТЫ

Қазақ тіл біліміндегі гендерлік лингвистика – өткен ғасырдың 80-жылдарынан бастап дамып, өркендеп келе жатқан тың сала.

Гендерлік зерттеулердің басты назарға алатын мәселелері – қоғамдағы ерлер мен әйелдерге деген қарым-қатынасты айқындайтын мәдени және әлеуметтік факторларды анықтау, индивидтердің белгілі бір жынысқа жатуына байланысты мінез-құлық ерекшеліктерін, олардың еркекке және әйелге тән негізгі қасиеттерінің стереотиптік сипаттарын ашу [1, 2].

Қазақ тіл білімінде антропоэзектік бағыттағы зерттеулердің арасында тіл мәселелерін гендерлік лингвистика аясында қарастырған еңбектердің қарасы молайғанын атап өткен жөн.

Гендерлік лингвистика саласына қатысты зерттеу жүргізіп жүрген белгілі ғалым Б.Хасанұлы: «Гендерлік фактордың көрінісі тілдің барлық деңгейінде зерттелуі шарт» – дей келіп, қазақ тіл білімінде гендерлік бағытты қалыптастырудың жолдарын былайша атап көрсетеді:

1. Салыстырмалы және салғастырмалы гендерлік лингвистика (мысалы, морфология деңгейінде адамның есімі мен тегіне, әкесінің атына белгілі бір жұрнақтың, жалпы жұрнақ атаулының бір түрінің қолданылу-қолданылмауы, тек (род) категориясының қазіргі тілде, оның тарихында болу-болмау белгісі, т.б.)

2. Гендерлік паралингвистика. Бұл бағыт қазақ тіліндегі ым-ишара белгілері негізінде қалыптасуы тиіс. Қазақы гендерлік паралингвистика тұрғысынан жүргізілген зерттеулердің өмірдің түрлі салаларын (өнер, көпшілік алдындағы сөз, т.б.) дамытуға септігі тиер еді.

3. Гендерлік лексикография. Бұл бағыт қазақ тілі мен өзге тілдердің негізінде жүзеге асуы тиіс.

4. Гендер және тіл игеру. Бұл бағыттағы зерттеулер тілді жоспарлау ісіне аса қажет [2, 4].

Тілдің атауыштық жүйесінде ерге, әйелге тән концептілер, еркек пен әйелдің сөйлеу әрекеті де белгілі бір мәдениетте қалыптасқан нормаларға сәйкес әр түрлі болып белгіленеді, яғни, әрбір мәдениетті ерекшелейтін гендерлік қарым-қатынас түрлері болуы мүмкін. Гендерлік жіктелім көбінесе лексикадан айқын көрінеді.

Гендерлік лексиканың құрамын туыстық және жақындық жүйесіне байланысты қалыптасқан гендерліктер ерекшелейді. Олар сөйлеушінің жынысына, жасына және туыстық, жақындық қатынасына қарай (әпке-сіңлі, аға-қарындас), үлкеннің атын атамау әдетіне, т.б. байланысты өзгеріп отырады.

Халқымыздың отбасылық дәстүрлерін зерттеген Х.Арғынбаев: «Қазақтағы туыстық және құдандалық жақындық жүйесінің атаулары айтушыға атаулышының жасына қарай үлкен-кішілігіне, жынысына қарай

жіктеледі. Мұнымен бірге атаулар әке және шеше тарапынан туыстық, құдандалық жақындыққа байланысты жіктеледі. Айтушы ер не әйел жынысынан болуы мүмкін. Сондықтан оларға туыстарының не жақындарының арақатынасына қарай атауларда да өзгешелік болып тұрады. Қазақ халқында туыстық есеп еркектер тарапынан жүргізілгендіктен, айтушы еркек болған жағдайда, оның бабасынан бастап неменесіне дейін жеті атаға, яғни, жеті ұрпаққа толады», - дей келіп, қазақтың туыстық жүйесін таптастыра отырып, жеті топқа бөліп көрсеткен [3,145.146].

Қазақ тілінде ағайын-туыстың арасында қолданылатын атаулар 70-ден асады, олардың әрқайсысы туыстық және қарым-қатынас ерекшеліктеріне байланысты сөйлеу әрекетінде іріктеліп пайдаланады. Тіліміздегі туыстық атаулар лингвомәдениеттану пәнінің тұрғысынан талдау жасауда біз олардың қандас туыстықты белгілейтін түрлерін биологиялық өлшемдер бойынша сұрыптадық. Қазақ тіліндегі туыстық атауларын қандас туыстық пен некеге байланысты деп екі топқа бөлуге болады. Мәселен, ер адам атауына қатысты баба, ата, әке, көке, аға, іні, бауыр, ұл, т.б. атаулар қолданылады. Әйелдерге байланысты әже, апа, шеше, іні, апай, қарындас, сіңлі, қыз атаулары айтылады. Ерлі-зайыптылардың өз арасындағы күйеу мен қайын жұрт, апалы-сіңлілердің күйеулері, ағалы-інілердің, әйелдердің арасындағы қатынасты анықтайды.

Некеге байланысты әйел, күйеу, ер, келіншек, тоқал, бәйбіше, қатын және эвфемистік сипаттағы зайып, жұбай, жолдас, т.б. атаулар бар. Тұлғалардың үйленген уақыты мен ерекшелігіне қарай, қалыңдық, күйеу бала, бәйбіше, тоқал, жар, қосақ, нақсүйер, жеңге сияқты атаулар да бар.

Ұрпақтан-ұрпаққа ауысып келе жатқан салт-санамызда күні бүгінге дейін өзінің тәрбиелік маңызын жоймаған тамаша дәстүрлеріміз бар. Солардың қатарында «Жігіттің үш жұрты» да өмір сүріп келеді. Кез келген азамат өзінің ағайын жұрты (өз жұрты), қайын жұрты және нағашы жұрты болатынын жақсы біледі. Үш жұрты аман тұрғанда жігіт дүниеден кемшілік көремін деп ойламайды. Сол жанашыр жақынның ең біріншісі - ағайын жұрты. Өзінің ата-анасы, аға-бауырларынан бастап, әкесінің арғы аталарынан қосылатын ағайындарына дейін жігіттің өз туысы саналады. Айта кететін болсақ, немере, шөбере, апа, аға, іні, ұл, қыз.

Ал, енді, қайын жұртқа келейік. Жігіттің әйелінің төркіні (туыстары). «Жұрт» болған соң олар бір ғана отбасының адамдары емес. Алайда жігіт, ең алдымен, өз келіншегі шыққан шаңырақтың адамдарын «қайыным» деп қадір тұтады. Олардың қатарында қайын ата, қайын ене, қайын аға, қайын бике, балдыздар бар. Ата-ене туралы айтпасақ та түсінікті. Жігіт үшін қайын аға мен қайын бикенің дәрежесі тең. Жігіттің әйелінен жасы кіші ұлдар мен қыздар балдыз болғанда, олар үшін жігіт жезде саналады. Енді нағашы жұртқа келейік. Жігіттің шешесінің туыстары нағашы аталып, өзі оларға жиен болады.

Қазақ тілі туыстық атауларының көптігімен ерекшеленеді. Қазақ – шежірелі ел. Халқымыз жеті атаны мына төмендегідей таратып айтқан:

Немере – ұлы мен қызынан туылған перзенті, ұл мен қызы, екінші ұрпақ.

Шөбере – немереден туылған перзент, ұл мен қызы, үшінші ұрпақ.

Шөпшек – шөбереден туылған бала, төртінші ұрпақ.

Немене – шөпшектен туылған бала, бесінші ұрпақ.

Туажат – неменеден туылған бала, бір атадан тараған жетінші ұрпақ.

Жүрежат – туажаттан туылған бала, бір атадан тараған жетінші ұрпақ.

Жұрағат – жүрежаттан туылған үрім-бұтақ, әулет.

Туыстық қатысты қастерлеп, оған зор мән берген халқымыз шеше жағынан тарайтын туыстарын да *жиен, жиеншар, дегеншар, көгеншар, жүрежат* деп бес-алты атасына дейін ұмытпайды. Туыстық атаулар номинативтік атау (*әке, шеше*, т.б.) деп ажыратылады. Ұл жағынан тараған үрім-бұтақ атауы біраз ұрпаққа дейін барады екен: *бала-немере-шөбере-шөпшек-немене-туажат-жүрежат-жұрағат*.

Бала – перзент, ұрпақ.

Ұл – кәмелетке толмаған ұл бала.

Қыз – кәмелетке жетпеген әйел бала.

Бойжеткен – ержеткен, бой түзеген қыз.

Алайда, қазақ халқы ұзатылған қыздарын сексенге келіп селкілдеп отырса да «қыз» дейді. Ұзатылған қыздар төркініне келгенде еркін сөйлейді. Үлкен-кіші туыстары оны ауыр алмай көтереді. Төмен отырмай ата, ағалармен қатар төрге отырады. Жеңгелеріне, келіндеріне еркелеп сөйлеуге де, әмір бере сөйлеп айбат көрсетуге де хақы бар. Жеңгелері мен келіндері оның бәрін күле отырып, кешіріммен қабылдайды. Себебі, қазақ халқы қыздың жолы үлкен болады деп ерекше құрмет көрсетеді.

Бұл тізбектерден қазақ тілінде туыстық атаулардың өте көп екенін көреміз. Мен олардың өзін тапқандарымды ғана беріп отырмын. Мен қарастырып қарамаған қаншама туыстық атаулар бар екеніне дау жоқ.

Апеллятивтердің ішінде ең үлкен топ - туыстық атаулар. Олардың мағынасы, қолдану аясы, адамдардың туыстық дәрежесі, айтылуы әр басқа.

Түрік және қазақ тілдерінде аппелятив қызметті адам есімдерімен қатар адам есімінің орнына жұмсалатын басқа жалпы есім сөздер де атқарады. Олардың бір тобы – туыстық, отбасылық қатынасты білдіретін сөздер. Адам есімдерінің аппелятив қызметі мен туыстық қатынасты білдіретін сөздердің қолданысында айырмашылық бар. Адам есімі аппелятив қызмет атқарғанда нақты бір адамға ғана қатысты жұмсалатын болса, туыстық қатынасты білдіретін сөздер кез келген кісіге қатысты айтылуы мүмкін. Мысалы, аға сөзі адамның өзінің туған ағасына қарата жұмсалады, сондай-ақ, басқа туысқан ағаларының кез келгеніне және кез келген жасы үлкен ер адамға қарата сөйлегенде қолдануға болады. Отағасы деп әйел адам өзінің күйеуіне қарата қолданады, сондай-ақ, кез келген ересек адам басқа үйдің иесіне қарата да отағасы сөзін аппелятивтік қызметте қолдануы мүмкін. Мысалы,

- Отағасы, сізбен қалжақтасып тұруға менің уақытым жоқ. (М. Әуезов).

Бұл жөнінде ғалымдар М.Томанов пен Т.Сайранбаев «Қазіргі қазақ тіліндегі қаратпалар» атты оқу құралында былай деп жазады: «Сөйлеуші «апа», «аға» деп атағанда сөз арналған кісінің атын да қоса еске алатыны белгілі. Дегенмен, зат есімдердің бұл тобының қолданылуындағы мынадай ерекшеліктерді де айту керек: ең алдымен, бұлар кез келген кісіге қатысты айтыла алады. «Апа» – кез келген жасы үлкен әйел, «аға» – кез келген жасы үлкен ер кісі бола алады, оның аты Оспан да, Омар да, Әли де, Ғали да немесе Андрей

де, Иван да болуы мүмкін. Яғни, кісілердің «апа», «аға» деп аталатын топтарын білдіреді, жеке топтың аты болады да, жеке кісіні түстеп, түрлеп анық көрсетпейді. Екінші жағынан бұлар барлық уақытта тек туыстық, отбасылық қатысты білдіру мағынасында қолданыла бермейді» [4, 82].

Коммуникативті акті барысында қолданылатын туыстық атаулардан жасалған қаратпалар түрік тілінде де әркез тек туыстық қатынасты білдірмейді. Түрік тілінде аппелятив қызмет атқаратын *baba* [баба] (баба), *ata* [ата] (ата), *ağabeu* [ағабей] (үлкен аға), *amca* [амжа] (әкесі жағынан туысатын ер адам) сияқты туыстық атаулар өзімен туысқан ер адамға, жасы үлкен кісіге ғана емес, сөз ситуациясына қарай өзінен жасы үлкен кез келген адамға қарата қолданыла береді.

Түрік тіліндегі туыстық қатынасты білдіретін, әйел адамға қарата айтылатын *anne* [анне] (ана), *abla* [абла] (әпке), *teyze* [тейзе] (шешесі жағынан туысатын әйел адам), *kızım* [қызым] (қызым) *yenge* [йенге] (жеңге, ағасының әйелі) қаратпалары да туысқандар арасында ғана емес таныс, бейтаныс кез келген әйел адамға да қарата қолданылады [5, 2].

Сөйлесіп тұрған әйел адамға деген ерекше құрметті білдіру үшін аталған қаратпалардың алдына *hanım* [ханым] этикеті қосылады.

Түрік тілінде ауылдық жерлерде жиі қолданылатын қаратпа сөз - *ağa* [аға]. Бұл қаратпа дәулетті адамға ғана емес, ауылдағы сыйлы, құрметті адамға, жас жағынан үлкен кісіге, сондай-ақ, өзінен үлкен бауырына да қарата айтылады.

Түрік отбасында әйел адам келін боп түскеннен кейін бір айға дейін күйеуінің көзінше сөйлемей керек.

Бұл дәстүр қалалық жерде жойылып кеткенімен, ауылдық жерде әлі күнге дейін сақталған. Келін күйеуінің әке-шешесімен сөйлескен кезде оның атын атамайды, *sizin oğlunuz* (сіздің ұлыңыз) деген тіркесті, ал бауырларымен сөйлескенде *sizin ağbeyiniz/sizin ağanız* (сіздің ағаңыз) тіркесін қолданады. Сол сияқты күйеуінің әке-шешесінің, бауыр-қарындастарының атын атамайды, тек туыстық атауларды қолданады. Мысалы, әкесін *baba* [баба], шешесін *ana* [ана], бауырын *kardeş* [кардеш] немесе *amca* [амжа], әкесі жағынан туыс әйелді *hala* [хала], шешесі жағынан туыс әйелді *teyze* [тейзе], әкесі жағынан туыс ер адамды *amca* [амжа], шешесі жағынан туыс ер адамды *dayı* [дайы] деп атауы тиіс. Абысынын *elti* [эльти], ал күйеуінің әпкесін *görümce* [гөрүмже] деп атайды. Бала әке-шешесімен, отбасының басқа мүшелерімен сөйлескенде олардың есімін жеке атамайды, туыстық атауларды тіркестіре айтады. Балалары шешелерін *anne* [анне] немесе *ana* [ана], әкелерін *baba* [баба] деп атайды. Әжесін *ebe* [эбе] немесе *büyük anne* [бүюк анне] деп, атасын *dede* [деде] деп атайды. Егер атасының ағасы тірі болса, оны *büyük amca* [бүйүк амжа] деп атайды [5, 3].

Қазақ тілінде ағайын-туыс арасында қолданылатын, туыстық атаулардан жасалған қаратпалар өте көп. Мысалы, ата, апа, құда, құдағи, шеше, әже, көке, әке, әпке, аға, іні, тәте, бауыр, нағашы, жиен, жезде, жеңге, балдыз, күйеу бала, келін, құдаша, қайын аға, қайын әпке, қайын бике, қайын апа, абысын, т.б.

Бұл қаратпалардың кейбіреуі жеке де, жалқы есіммен де тіркесіп қолданылады. Мысалы, Жұлдыз көке, Тұрар тәте, Айхан жезде, Құндыз келін, т.б.

Қазақ тілінде әйел адамға қатысты: әже, апа, апай, тәте, ана, шеше, шешей, қарындас, сіңілі, қызым, әпке қаратапалары бар.

Қазақ халқының ежелден келе жатқан дәстүріне сай қыз бала тұрмысқа шыққаннан кейін келген жеріне келін атанады. Бұл атауды жігіттің ата-анасы, жігіттен жасы үлкен барлық алыс-жақын туған-туыс, көрші-қолан, ауылдас адамдары келінге қарата сөйлегенде қолданады. Тұрмысқа шыққан қыз бала келген жерінің жасы үлкендеріне келін болса, жасы кішілеріне жеңге болады. Бұл қаратпаларға -жан, -тай аффикстері қосылып, келінжан, жеңгетай, жеңешетай түрінде де айтылады. Мысалы, Жеңгетай, сенің қолыңнан у ішсем да арманым жоқ қой! (Б.Нұржекеев.)

Ұлтымыздың қалыптасқан дәстүрі бойынша келін түскен ауылының үлкен-кішісінің атын атамай, оларға лайық ат қойған. Ол аттар үлкен-кішінің жолы мен жас ерекшелігіне, түрі мен мінезіне, кәсібі мен қызметіне қарай қойылған. Мысалы, Кенже бала, Мырза бала, Күлімкөз, Айнамкөз, Жақсым, Ерке бала, Жақсы аға, Үлкен аға, Қара бала, т.б.

- Кенжем! Түн қатып шыққансың ба?- деді. (М.Әуезов).

- Ал, еркем, күйеу қалай екен? Ұнаттың ба? - деп сұрады. (М.Әуезов).

Қазақ дәстүріндегі табу бұрыннан сақталған мифологиялық наным-сенімдерге байланысты. Ат тергеу барысында адам есімдері қысқартылады немесе мүлдем қолданылмай, жоғарыда сөз болған апеллятивтер пайда болады. Бұл құбылыс тіл мен ділдің өзара әсерінің нәтижесінен туған. Ат қою барысында эмоциялық-экспрессиялық реңк үстем болады.

Төрт түлік мал қазақ халқының болмыс-бітіміне аса қымбат, төрт түліктің (сиырдан басқасының) төлінің әдемілігіне, сүйкімділігіне, қылықтылығына, кішкентайлығына сүйсініп, сүйікті ұл-қыздарын құлыным, құлыншағым, ботам, боташым, ботақаным, қозым, қоңыр қозым, қошақаным деп те атайды. Сондай-ақ, күшік, көжек, балапан, қонжық сияқты төл атаулары да кішкене балаға қарата қолданылады.

Ал, түрік тілінде тек kuzum [кузум] (қозым) ғана қолданылады, басқа жан-жануардың, құстың баласы ұғымын білдіретін, яғни, төл атаулары ұғымын беретін сөз жоқ. Бәріне ортақ уавгум [яврум] сөзі бар. Қаратпа сөз ретінде де, эмоциялық реңк беру үшін де тек kuzum [кузум] мен уавгум [яврум] қолданылады. Түрік тіліндегі уавгум [яврум] сөзін қазақ тіліне балапаным деп аударуға болады. Бірақ, уавгум [яврум] түркі тілінде тек құстың ғана емес бүкіл жан-жануардың, құстың баласы ұғымын білдіреді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Г. Шоқым. «Гендірлік лингвистика негіздері». А., 2012.
2. Б.Хасанұлы. Проблемы развития гендерных исследований в казахском языкознании и вопросы женского языка // Язык и культура: функционирование и взаимодействие. Материалы международной конференции. Шымкент, 2003.
3. Х.Арғынбаев. (1996) *Қазақ отбасы: қазақ отбасының кешегісі мен бүгінгісі жайындағы ғылыми зерттеу еңбек.* А., Қайнар.
4. М.Томанов пен Т.Сайранбаев. Қазіргі қазақ тіліндегі қаратпалар. А., 2001.
5. Ш.Зубайда. Қазақ және түркі тілдеріндегі туыстық атауды білдіретін сөздер. Ақиқат, 2012.

Резюме

В статье рассматривается гендерный аспект казахско-турецких терминов родства, а также этнолингвистические особенности употребления терминов родства в составе фразеологизмов.

Resume

This paper examines the gender dimension of the Kazakh-Turkish kinship terms, as well as ethno-linguistic features of the use of kinship terms as part of phraseology.



Ақайша АМИРЖАЕВА,
Қазақ мемлекеттік
қыздар педагогикалық
университетінің оқытушысы,
Ақтоты САҒЫНАЙ,
студент.

«ACTIVINSPIRE» БАҒДАРЛАМАСЫМЕН ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Ғылым, білім – адам баласының ой-санасын өсіретін, дүниеге деген көзқарасын өзгертетін бірден-бір фактор. Бұл ретте алынған білімнің сапалы болуы өте маңызды. Қазіргі таңда білім беру саласында өзгерістер,

жаңалықтар өте көп. Мемлекетімізге қажетті кадрлар даярлау барысында педагогтардың қосатын үлесі ұшан теңіз. Педагог мамандарымыздың басты міндеті – білімін оқушының бойына дарыта білу. Әр мұғалімнің өз ұстанымы, білім беруде қолданылатын әдіс-тәсілі болуы тиіс.

Қазіргі таңда алуан түрлі әдістер мен тың тәсілдер бар. Соның ішінде заманға сай баланың визуалды түрде есте сақтау қабілетін дамытатын тәсілдер жеткілікті. Бұлардың ең маңыздысы интерактивті тақта арқылы білім беру. Сан қырлы интерактивті тақта баланың білімді тез қабылдауына көмектеседі.

Тәжірибе барысында 5-сынып оқушыларына сан есімді интерактивті тақта арқылы өткен сабақты ұсынып отырмыз. Сабақты Microsoft Office PowerPoint, ActivInspire бағдарламалары көмегімен өткіземіз. Сабағымызды бастамас бұрын оқушылардың сабаққа үлкен белсенділікпен қатысулары үшін ынталандырғанымыз жөн. Ол үшін дұрыс бағалай білуіміз керек. Бұл бағалау түрі «кімде қанша жеміс?» деп аталады. Алдын ала түрлі-түсті қағазбен әр түрлі жемістерді жасап аламыз. Сабақ барысында сұрақтарға жауап беріп, белсенділік танытып отырған оқушыларға осы жемістерден беріп отырамыз. Жаңа сабақты бастамас бұрын, ең алдымен, өткен сабақты қайталау керектігін ұмытпау керек. Бұл ретте Microsoft Office PowerPoint бағдарламасын қолданамыз. Өткен сабағымыз «Сын есім» болғандықтан интерактивті тақта арқылы әр түрлі суреттер көрсеткеніміз өте тиімді. Көріп отырған суреттеріндегі затқа байланысты заттың сынын танып білетін оқушыға сұрақ қойылуы керек. Мысалға, алманың суретін көрсететін болсақ, онда алманың пішіні қандай, дәмі қандай, түсі қандай

болады? – деген секілді. Өткен сабақты осылайша еске түсіріп алғаннан кейін жаңа сабаққа көшеміз. Ең алдымен, сан есімнің ережесімен таныстырамыз. Қандай сұраққа жауап беретінін мысалдар арқылы түсіндіріп өтеміз, сан есімнің түрлеріне тоқталамыз.

Заттың санын, мөлшерін, ретін білдіріп, қанша? неше? нешеу? нешінші? деген сұрақтарға жауап беретін сөз табын сан есім деп атайды. Мысалы: бес, алты, жеті, жүз, екі жүз елу. Сан есімнің екі түрі бар. Олар: дара және күрделі. Бір түбірден құралған негізгі және туынды сан есім дара сан есім деп аталады. Мысалы: екі, жүз, бес, үш, ондаған, сегізінші, жетеу. Екі я одан да көп түбірдің тіркесуінен немесе қосарлануынан жасалған сан есім күрделі сан есім деп аталады. Мысалы: екі жүз, елу алты, жүз қаралы, оннан бір, үштен екі, бір-бірден, бес-алтау [1, 145].

Жаңа сабақты түсіндіру барысында оқушылардың білімі терең болу үшін мысалдармен дәлелдеу арқылы түсіндіру өте тиімді. Сан есімге байланысты негізгі мәселелерді түсіндіріп өткеннен кейін оқушыларға сан есімге байланысты қарапайым сұрақтар қоямыз. Мысалы, бүгін нешінші күн? Сендер неше жастасыңдар? Сыныпта неше оқушы?- деген секілді. Бұл сұрақтарды ауызша да, жазбаша да қоюға да болады. Сұрақтарды интерактивті тақта арқылы көрсетіп қойған өте тиімді. Оқушылардың ойлануына көмек береді. Келесі кезекте оқушыларды кітаппен жұмыс жасауына мүмкіндік жасаймыз. Кітапта берілген 4-жаттығуды орындатамыз. Төмендегі сандарды жазумен жаз.

13, 40, 123, 480, 89, 540, 6. [1, 146].

Сабағымызды одан әрі «ActivInspire» бағдарламасымен жалғастырамыз. Себебі, бұл бағдарлама арқылы сабаққа байланысты оқушыларға

әр түрлі қызықты ойындар, тапсырмалар даярлауға болады. Сонымен қатар бұл бағдарламаның қолданыс аясы өте кең. «ActivInspire» бағдарламасы арқылы «Сыр сандықтың сиқырлы сандары» деген танымдық ойын ойнатамыз. Ең алдымен оқушылардың тыныштығын сақтау үшін оларды топқа бөлуіміз керек. Бұл ойында оқушылардың топпен қалай жұмыс істей білетіндері де байқалады. Ол жағына да көңіл бөлуіміз керек. Тақтадан сандық және оны шеңбер тәрізді айналып тұрған сандарды көрсетеміз. Оқушыларға санды таңдатамыз. Әр санның артында санға тиесілі жұмбақтар мен мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар жасырылған. Оқушы санның үстін «сиқырлы қалам» арқылы өшіріп, артында жасырылған тапсырманы орындайды. Даярлап алған жұмбақтарымыз бен мақал-мәтелдерімізде сан есімдер кездесуі керек. Оқушы таңдаған санына байланысты жұмбақтар, жаңылтпаштар мен мақал-мәтелдер ішінен сан есімдерді табуы керек. Мысалы, мақал-мәтелдер:

1) *Білекті бірді жығады,*

Білімді мыңды жығады.

2) *Алтау ала болса, ауыздағы кетеді,*

Тәртеу түгел болса, төбедегі келеді.

Жұмбақтар:

1) *Қос қазық, екі желі, сегіз ноқта,*

Сөйлейді шежіредей, адам соқса.

2) *Көлемді, үлкен, алып аузын ашып,*

Жүреді он екі аяқ қадам басып.

Әр бірінде отыздан бармағы бар,

Құтылмас ешбір адам одан қашып.

Жаңылтпаш:

1) *Үш кіші ішік піштім,*

Бес үлкен ішік піштім.

Неше кіші ішік піштім?

2) *Қырық құлып,*

Қырық құрық.

Құрық та қырық,

Құлып та қырық.

Бұл ретте мақал-мәтел, жұмбақтар мен жаңылтпаштарды алуымыздың да өз себептері бар. Оқушыға әдебиетіміздің бір қырын түсіндіріп кетеміз. Жұмбақтардың шешімін тапқызамыз, мақал-мәтелдерден түсінген, ойға түйгенін оқуша айтып өтеді. Есте сақтау қабілетін дамыту үшін жаңылтпаш айтқызуға болады. Бұл танымдық ойынның ұтымды жағы да – осы. Әрі тіл ұстартуы үшін де өз септігін тигізері анық.

Сабақ өту барысында оқушылардың ойлау қабілетін дамытатын ойындар мен тапсырмалар кездесуі керек. Мектеп жасындағы оқушыларды тез ойланып, тез жауап таба білуге, ұтқырлыққа үйрете білгеніміз жөн. Ол үшін ең керегі «Ойлан, тап» тапсырмасы. Тақтада бірдей көлемде, бірдей бағанда, тік орналасқан бірнеше тіктөртбұрыштарды көрсетеміз. Бұл тапсырманы жасау барысына тоқталсақ. Ең бірінші ойлап, таңдап алған сандарымызды әріптеріне байланысты тіктөртбұрышты дайындап аламыз. Енді әрбір тіктөртбұрыштарға сандарымыздың әріптерін ретсіз жазып шығамыз. Жазылған әріптерді тапсырманы орындау барысында қозғалып кетпес үшін біріктіріп шығамыз. Сөздерді тіктөртбұрыштарда вертикальді қозғалту арқылы құрастыратын болғандықтан, енді әрбір тіктөртбұрышқа вертикальді қозғалу әрекетін тағайындаймыз. Құрастырылатын сандарымызды ерекшелеп тұру үшін прожектор құралын жасаймыз. Сонымен тапсырмамыз дайын. Оқушылар ретсіз орналасқан әріптер арқылы сандарды құрастырып шығады. Вертикаль орналасқан

тік төртбұрыштарды оқушылардың айтуы бойынша қойып, сандардың жазбаша түрін бірінен соң бірін ойлап табамыз.

Оқушылардың ұлттық сана-сезімін ояту мақсатында киелі сандарға байланысты сұрақ қоямыз. Сұрақтарымына ретте келсін, жеті атанды ата, халқымыздың кие тұтқан сандарын ата, үш арсызды ата, жігіттің үш жұрты, төрт түлікті ата, - деген секілді. Осыдан кейін сауалнама сұрақтарымен тест тапсырмасын береміз.

1. Сан есім сөздің қай тобына жатады?

а) көмекші есім; ә) атауыш сөз; б) одағай.

2. Күрделі сан есім қалай жасалады?

а) қосарлану арқылы; ә) тіркесу арқылы;

б) қосарлану және тіркесу арқылы.

3. Тіл туралы Заң 1997 жылы 11 шілдеде қабылданды.

Бұл сөйлемдегі сан есімдерді көрсет.

а) 11 шілде; ә) 1997 жылы;

б) 1997 жылы, 11 шілде.

4. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «... жылы Қазақстан ауасы таза, мөлдір сулы, жасыл желекті елге айналуы тиіс», - деді. Көп нүктенің орнына тиісті сан есімді қойыңыз.

а) 2013; ә) 2030; б) 2005.

5. Тәуелсіздігімізге 23 жыл толады. Бұл сөйлемде сан есім қандай сұраққа жауап береді?

а) қандай? ә) неше? б) нешеу?

Тестті Microsoft Office PowerPoint бағдарламасы арқылы интерактивті тақтадан көрсетеміз, оқушылар тақтаның өзіне арналған қаламы арқылы дұрыс жауабын белгілейді. Көптеген жаңа ақпаратты алған оқушыларға сергіту сәті өте қажет. Оқушыларға санамақ санатамыз. Бұл санамағымыз өте ерекше болады. Санамағымызды ActivInspire бағдарлама-

сымен дайындаймыз. Санамағымыздың дайындалуына келетін болсақ. Флипчартымыздың фонын екі түсті етеміз. Санамағымызды флипчарттың фонына тереміз. Мысалы:

Бір дегенім – білім алу.

Екі дегенім – елін сүю.

Үш дегенім – үлгілі болу.

Төрт дегенім – төзімді болу.

Бес дегенім – бірлікте болу.

Алты дегенім – ақылды болу.

Жеті дегенім – жетістікке жету.

Сегіз дегенім – сезіне білу.

Тоғыз дегенім толғану.

Он дегенім – осының бәрін ойға алу.

Ең маңыздысы, «Бір дегенім» деп басталса осы алғашқы екі сөзді сөздер жазылған фонның түсіндей емес жанындағы екінші бөліктегі фонның түсіндей етіп бояп қоямыз. Ал санамақтың жалғасын жасырып қою үшін орналасқан фонның түсімен бірдей етіп бояймыз. Оқушыларға санамақты толығымен көрсетпес бұрын ойландыру үшін санамақты өз беттерінше құрастырып көрсетеміз. Оқушылар ойластырған санамақтарын айтып болғаннан кейін ғана дайындап келген санамағымызды көрсетеміз. Санамағымыздың жасырылған бөлігін көрсету үшін тышқан көмегімен санамақ жазылған бетті толығымен белгілеп алып жанындағы екінші фонға қарай жылжытамыз. Сол кезде санамағымыздың жалғасы көрінеді. Бұл жерде тағы бір ескере кететін жәйт – оқушының жеке жұмыс істеуіне жағдай жасау. Бұл өте маңызды. Адамның тұлға ретінде қалыптасуы мектеп жасынан бастау алады. Осы ретте оқушылардың жеке шығармашылық жұмысын бағалай білуіміз керек.

Жаңа сабақты қорытындылау мақсатында дара және күрделі сан есімдерді толығымен танып-біліп, бір-бірінен ажырата білу үшін «венн диаграммасына» ұқсас тағы да ActivInspire бағдарламасы көмегімен тапсырма орындатамыз. Және ол мына үлгіде болады. Әр түрлі формадағы үш фигура саламыз. Жоғарыда орналасатын екі фигура үлкен көлемді болуы тиіс. Себебі бұл фигураларға дара және күрделі сан есімдерді бөліп орналастырамыз. Фигураларға дара сан есім, күрделі сан есім деп ат береміз де, жоғарғы жағына жазып қоямыз. Бұл фигуралардан төмен орналасқан фигураның астыңғы бөлігіне дара және күрделі сан есімдерді жасырып қоямыз. Жасырылған сан есімдерді оқушылардың айтуы бойынша жоғарыдағы екі фигураға тышқан көмегімен бөліп қоямыз.

Дара сан есім

Күрделі сан есім

Сабақтың соңында белсенділік танытып отырған оқушылардан жинаған жемістерін санап алып соған байланысты оқушыларды тиесілі бағаларымен бағалаймыз. Бұл бағалау түрі әрі қызықты, әрі әділетті болып саналады. Сабақ бойы жоспарға байланысты оқушыларға үй тапсырмасын береміз. Тапсырмалар өтілген тақырыптың, оқушының алған білімін тексеруге арналады.

Қазіргі таңда заманға сай сабақ өту де шеберлікті, жаңа технологияларды толық қанды меңгеруді қажет етеді. Күн санап өзгеріп, дамып келе жатқан мына заманның ағымына еріп, көшімен жүре білуіміз керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақ тілі. 5-сынып оқушыларына арналған оқулық, Атамұра, 2010. 208-бет.

Резюме

В этой статье написаны разные пути обучения имени числительного, при помощи программы «ActivInspire».

Resume

The different ways of educating of the name of numeral are written in this article, through the program «ActivInspire».



Данагүл НҰРТАЙҚЫЗЫ,
Көкшетау қаласындағы
Ж.Мусин атындағы
педагогикалық колледждің
қазақ тілі пәнінің оқытушысы.

БІЛІМ САПАСЫН ЖОҒАРЫЛАТУ – АДАМИ КАПИТАЛДЫ МОЛАЙТУДЫҢ ШЕШУШІ ФАКТОРЫ

Жас мемлекеттің басты байлығы да, болашағы да – жас ұрпақ. Қоғам болашағы – жастар екенін ескерсек, оларға дәйекті білім беру және жаһандану дәуірінде заман талабына сай лайықты тәрбие беру – жалпы педагогиканың негізгі бағыттарының бірі болып саналады.

Бүгінгі таңда еліміздің білім беру жүйесін еуропалық стандарттарға жақындатып, білім саласының

бәсекелестік қабілетін әлемдік деңгейге көтеруге ұмтылу қажеттілігі туындап отыр. Білім беру жүйесін реформалау барысында жеткен жетістіктер аз емес. Тәуелсіз ел болып, өз күшімен өркендеген, өсу үрдісін таңдаған біздің елімізде білім беру бағыт бағдары ҚР Конституциясында, Қазақстан – 2050 стратегиялық бағдарламасында, білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында кеңінен қарастырылып отыр.

Бүгінгі шәкірттеріміз елімізді әлемге танытатын, оны өркендететін тұлға болғандықтан, жан-жақты тәрбие беріп, білім нәрімен сусындатып отыратын – мұғалім. Ол – балаларға тек білім беруші ғана емес, бәсекеге қабілетті білімді де білікті жеке тұлға қалыптастырушы. Білім беру мазмұны – өте күрделі үдеріс. Білім беру мазмұны дегеніміз – жеке тұлға құрастырудағы адам баласының іс-әрекет, тәсілдерді меңгеруі мен жүйелі білім алуға, іскерлік пен дағдыны қалыптастыру, ақыл-ой мен сезімін дамыту, таным арқылы көзқарасын қарастыру болып табылады [1].

Қазіргі таңда әр мектеп оқушылардың білім сапасын жоғарылатуда алдына мынадай міндеттер қойған:

- Оқытудың жаңа технологиясын пайдалана отырып оқушылардың жеке басының дамуына, тұлға ретінде қалыптасуына жағдай жасау;

- Мұғалімдердің біліктіліктерін жетілдіріп, алған білімдерін оқу – тәрбие жұмыстарында шығармашылық шеберлікпен қолдану, кәсіби деңгейін жоғарылату;

- Интерактивті әдісті пайдалану арқылы оқушылардың белсенділігін арттыру, логикалық ойлау қабілетін дамыту, құзіретті тұлғаны қалыптастыру;

- Оқушыларға сапалы білім беру үшін мұғалім жұмысының мазмұны мен технологиясын мониторинг арқылы жанарту;

- Шығармашылық ұстаздардың және авторлық бағдарламасы бар мұғалімдерге қолдау көрсету.

Қазір мектептерде оқыту технологияларының жекелеген элементтерін сабақта қолдануда көптеген жұмыстар жүргізілуде.

Мектеп мұғалімдерінің алдындағы басты міндет – оқушыға сапалы білім беру. Осы негізде әр мұғалім оқытудың тиімді әдіс–тәсілдерін өз сабағында қолдануға тырысады. Сол әдіс – тәсіл арқылы оқушының сабаққа деген қызығушылығын, шығармашылық ізденісін, пәнге деген сүйіспеншілігін қалыптастырады.

Мектепте білім сапасын жоғарылату мақсатында оқыту үрдісінде жаңа инновациялық технологияларды орынды қолдану қажет.

Осы негізде оқытудың түрлі технологиялары жасалып, мектеп тәжірибесіне енгізілуде. Педагогикалық технологияға алғаш анықтама берген ғалымның бірі – В.П.Беспалько. Орыс ғалымы В.П.Беспалько «Педагогикалық технологияны практикада іске асатын нақты педагогикалық жүйе, жоба», - деп көрсеткен [2].

Бұл педагогикалық жүйе – тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін арнайы ұйымдастырылған, мақсатты, бір-бірімен өзара тығыз байланыстағы әдіс-тәсіл деп қарастырылады. Осылайша педагогикалық технологияға Б.Т.Лихачев, М.В.Кларин, В.М.Монахов та анықтама береді. Осы анықтамалардың бәрінде педагогикалық технологияның тиімді қолдану барысында біздер, ұстаздар келешек ұрпақтың еркін дамуы, жан-жақты білім алуын, шығармашыл, оқушының жеке тұлға болып қалыптасуына жағдай жасаймыз. В.Ф.Шаталовтың «Тірек белгілері арқылы оқыту технологиясын» оқушының білім, білік дағдыны қалыптастыру барысында қолданамыз. Әр

оқушының өз жазбасының жариялылығын түзете отырып, өсуге жағдай жасаймыз. Ақын-жазушылардың шығармашылық жолын, өмірбаянын оқыту барысында оқушылар бұл технология элементтерін кеңінен қолданады. Сызба, тірек белгілері арқылы өз жобасын жасайды.

«Оқытудың төл технологиясы» саналатын Нұрша Оразахынованың сатылай кешенді талдау технологиясын ұстаздар қазақ тілі мен әдебиеті сабағында тиімді қолдануға тырысады. Сатылай кешенді талдау арқылы білім алушының ізденушілік, зерттеушілік әрекетін қалыптастырып, одан әрі ізденуге жетелейміз. Фонетикалық талдау, сөйлем мүшесіне талдау, шығарманы кешенді талдау барысында бұл технологияның орны ерекше. Талдау жұмыстарын жүргізу барысында қызығушылық танытып, қазақ тілі мен әдебиетіне деген сүйіспеншіліктері одан әрі арта түседі, білімі тұрақтанады.

Л.Джинна Стил, С.Куртик Мередит, Чарльз Тэмпл негіз салған «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясын да әдебиет сабағында тиімді пайдалануға тырысамыз. Бұл бағдарламаның құрамында өзіндік ерекшелік бар. 3 деңгейден тұратын оқу мен үйретудің моделі бар. Алған білімнің пайдаға асуы келешекте қажетке жарауын қалыптастырады. Бірнеше ақпаратты талдай, жинақтай отырып ішінен қажеттісін алуға үйретеді. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы қызығушылықты оятып, мағынаны танып, ой толғаныс кезеңдерін де барлығын саралап, салмақтайды. Оқушылар білімін байқау үшін ой шақыру, топтастыру, ой толғау, зерттеу, еркін жауап, Джиксо, Сэнкуэйн әдістері өте тиімді.

Жоғарғы сынып оқушылары мен колледж студенттері өз бетімен оқу дағдыларын игеруге бейім, өзіндік көзқарасқа ие. Осы орайда қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында «Сын тұрғысынан ойлауды дамыту», «Деңгейлеп саралап оқыту технологиясын», «Дамыта оқыту технологиясын» пайдаланамыз.[3]

Еліміздің білім беру жүйесінде қолданылып жүрген әр технологияның нәтижесі – оқушының сапалы білім алуы мен шығармашылық деңгейінің жоғарылығымен өлшенуі тиіс. Алдыңызда тұрған басты талаптың бірі – рухани дүниесі бай, жан-жақты дамыған жеке тұлға тәрбиелеу. Шығармашылық ертеден-ақ ойшылдарымыз Жүсіп Баласағұн, Әл-Фараби ұлы Абайды толғандырған. Шығармашылық орыстың ұлы педагогі К.Ушинский мен А.Макаренконың шығармаларында да қарастырылған шығармашылық қасиет әр баланың табиғатында бар. Біздің міндетіміз – оқушы бойында жасырынып жатқан мүмкіндіктерді ашу. Шығармашыл ұстаздың шығармашылығымен орындалған жұмыс нәтижесінде оқушы ішкі мүмкіндіктерін дамытады. «Бұлақ көрсең көзің аш» демекші, баланың қабілеті мен талантын дамытуды неғұрлым ертерек бастаса, соғұрлым оның қабілеті толық ашылуы мүмкін. Бұл жұмыстардың нәтижелі жүргізілуі мұғалімге байланысты. Осы орайда, сабақта жүргізілетін жұмыстар.

1. Дидактикалық әдіс-тәсілдерді қолдану:

- СТО;
- Модульдік технология;
- Проблемалық оқыту;
- Деңгейлік оқыту;
- Дидактикалық ойын түрлері;

2. Ақпараттық коммуникациялық құрылғыларды қолдану.

- Интернет;
- Интерактивті тақта;
- Электрондық оқулық;

3. Тереңдетіп оқыту:

- Үйірме;
- Арнайы курс;
- Бағдарлы оқыту.

Сонымен қатар, төмендегідей сабақтан тыс жұмыстар жүргізіледі.

1. Жеке тұлғалармен жұмыс:

- Пәндік олимпиадаға қатысу;
- Интеллектуалды марафонға қатысу;
- Ғылыми жобалар байқауы;
- Әр түрлі деңгейдегі байқаулар, сайыстар.

2. Топпен жұмыс:

- Әдеби кештер;
- Конференция;
- Сайыстар;
- Байқаулар;
- Дебат [4].

Білім сапасын көтеру, компьютерлендіру, интернет, электрондық оқулықтар даярлау, оқушының қазіргі заман талабына сай білім алуына, білім сапасын көтеруге тигізетін әсері мол. Бұндай ақпараттандырумен берілетін білім мазмұнының өзгерері сөзсіз. Қазіргі таңда әр оқушы компьютерлік технология арқылы интернет, электронды желі, электронды пошта арқылы дүниежүзілік білім әлеміне еніп, онда өзінің қажетін өтейтін білімді толығымен алуға, қажетті ақпараттық мәліметтерді, ғылым саласына байланысты озық

тәжірибелерді, осы мәселенің шет мемлекеттердегі жағдайымен танысуына мүмкіндік алып отыр деп айтуға болады.

Жаңа ақпараттық технологияны оқу үрдісінде пайдалану, білім сапасының деңгейін көтеру, күнделікті тұрмысқа ауқымды енуінің нәтижесінде электронды оқыту туындап отыр. Электронды оқыту интерактивті жүйе жеке компьютер мен оның бүгінгі талапқа сай құрылғылармен толық жабдықталуының (интернет, интерактивті тақта, мультимедиялық кабинеттер, бейнемагнитофон, дискілер, теледидар кешендері) нәтижесінде қол жеткізуге болады.

Бүгінгі күні барлық білім ордаларында интерактивті тақталар орнатылған. Интерактивті тақталар – бейнеконференциялар, мектепаралық бірлескен сабақтар өткізу үшін пайдаланылатын ерекше жүйе. Интерактивті тақталар арқылы пәндік көрнекі құралдарды бейнематериалдар арқылы көрсетуге болады, оны қолдану арқылы өте көп уақыт үнемдеуге болады. Сыныппен жұмыс жасай отырып 45 минут ішінде мұғалім мазмұнды, материалға бай сабақ беріп, ешқандай аспапсыз-ақ зертханалық жұмыс жүргізе алады. Материалды ұғыныңқы, толымды етіп түсіндіру, бірден жауап алу, қате жауапты табан астында анықтау мүмкіндігі – бұл жүйенің басты артықшылығы.

Бүгінгі ұлдарымыз бен қыздарымыздың жылдар жылжып өткен кезде қандай болатыны тікелей оқытушыға байланысты. Сондықтан да билік-қоғам – мұғалім үш бұрышты ырғақты, түсіністікпен жұмыс істеп, жалпыұлттық мүддеге қызмет етуі тиіс. Осы тұрғыдан алғанда Қазақстанның оқытушысы жан-жақты, терең білімді тұлға болуы керек.

КОНФЛИКТІНІ КОНСТРУКТИВТІ ШЕШУДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖОЛДАРЫ

Бүгінгі таңда елімізде қоғамның әлеуметтік, рухани-мәдени жағдаяттарын, экономикасын дамытуға бағытталған елеулі іс-шаралар атқарылуда. Мемлекеттік тұрғыда қолға алынып жатқан әлеуметтік-экономикалық реформалар, әр алуан рухани-мәдени бағдарламалар – сол сөзіміздің жарқын дәлелі болса керек. Бүгінгі таңда қай салада болмасын практик-психолог мамандарының қажеттілігі алдыңғы орындарға қойылып, оның мүмкіншілігі, қабілеттіліктері, шығармашылық ойлары мен әлеуетін жүзеге асыруға қажетті жағдайлар жасау – өзекті болып отыр. Ал тәжірибе дегеніміз – практик-психологтың ұзақ жылдар бойындағы іс-әрекеті нәтижесінде жинастырған шеберлігі, білімі, тәжірибелілігі болып табылады [1]. Топ-әлеуметтік психологияның негізгі түсініктерінің бірі. Зерттеу тақырыбы және нысаны ретінде ол көптеген белгілі ғалымдардың және практиктердің назарында болып

К.Д.Ушинский оқушыларды сабаққа тарта білу, олардың сабаққа қызығушылығын арттырып, білімге құмарту керектігіне баса көңіл бөлген. Оқушылардың қызығушылығын арттыру, жақсы ұйымдастырылған сабаққа байланысты. Сондықтан әр сабақта бұрыннан белгілі әдіс-тәсілдерді қайталай бермей, ақпараттық технологияларды қолдану қажет деп ойлаймын. Бүгінгі жас ұрпақ тек белгілі бір білімдердің иесі болып қана қоймай, сонымен бірге, ең бастысы, қоғам мүшесі және өз Отанының азаматы болуы тиіс. Сондықтан да қазіргі білім беру жүйесін жаңа ақпараттық технологияларды қолдана отырып жаңа сапалық деңгейге көтеру – отандық педагогиканың алдында тұрған басты міндеттердің бірі. Білім беру стандарттарына сәйкес келетін білім берудің жоғары сапасын қамтамасыз ету, өзін-өзі тәрбиелеуге, өздігінен білім алуға, өзін-өзі дамытуға, жеке қоғамдық мүдделерді үйлестіре білетін жан-жақты, мәдениетті, шығармашыл, құзіретті тұлғаны қалыптастыруда білім сапасын жоғарылату ұстаздарға тікелей байланысты дегім келеді. Білім сапасын жоғарылату – адами капиталды молайтудың шешуші факторы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. А.А.Бейсенбаева, М.Тіленбаева. Білім беру мазмұны туралы түсінік. Педагогика. Дәріс құралы. А., «Нұрлы әлем», 2003.
2. В.П.Беспалько. Слагаемые педагогической технологии. М., Педагогика, 1989.
3. «Қазақстан мектебі» журналы. №12, 2011.
4. Г.Б.Аубакенова. «Инновациялық технологияларды қазақ тілінде пайдалану әдістері».

келген. Бірақ бұл құбылысты белсенді түрде зерттеу ХХ ғ. ІІ жартысында жүзеге асырыла бастаған еді. Дәл осы кезеңде психологияның қолданбалы және тәжірибелік салаларында «тренинг» түсінігі пайда болды және кеңінен қолданыла бастады. Бүгінгі күнде «тренинг» түсінігінің нақты бір анықтамасы жоқ, сондықтан бұл термин психологиялық тәжірибеде әр түрлі іс-әрекеттердің, әдіс-тәсілдер мен құралдардың ортақ термині ретінде кеңінен пайдаланылады. «Тренинг» термині (ағылшынның train, training сөздерінен) оқыту, тәрбиелеу, жаттықтыру, үйрету сияқты бірқатар мағынаға ие [2]. Ю.Н.Емельянов бойынша тренинг дегеніміз – іс-әрекеттің кез келген қиын түрін игеру мен оқыту қабілеттілігін дамыту әдістерінің топтамасы [3]. Тренинг адам бойында қалыптасқан мінез-құлқ пен іс-әрекеттерді басқару модельдерін қайтадан қалыптастыру тәсілі ретінде қолданылады [4]. Ұйымның жоспарлы белсенділігін арттыра түсу үшін оның мүшелерінің кәсіби білімі мен қабілеттілігін көтеруге бағытталады. Сондай-ақ тренингті жеке тұлғаның әлеуметтік мінез-құлқын ұйымның мақсаты мен іс-әрекеттерінің талаптарымен сәйкес тәсілдерге сай өзгертудің бір бөлшегі деп қарастыруға болады [5]. Л.А.Петровская әлеуметтік-психологиялық тренингті «өзара қатынастағы білімді, әлеуметтік белгілеулерді, қабілеттілік пен тәжірибені дамытуға бағытталған әсер ету құралы», «қарым-қатынаста жеткілікті дамыту құралы», «психологиялық әсер ету құралы»

деген түсінік береді [6]. Бүгінгі күнде тренингті анықтау үшін көп жағдайда «психологиялық әсер ету» термині қолданылады. Ал, С.И.Макшановтың жұмыстарынан бұл терминнің тренингті әдіс ретінде дәл толықтай бейнелемейтінін байқауға болады. Бұл термин тек бір адамнан екінші адамға әсер ететін ақпараттардың алмасу үдерісін бейнелейтін түсінік ретінде ғана бола алады [7]. Осыған байланысты тренингті адамның жеке тұрмысы мен кәсіби үйлесімділігінің мақсаты болып табылатын жеке адамның, топтың және ұйымның психологиялық феноменін мақсатты түрде өзгертудің көпқырлы әдісі деп анықтауға болады [8]. 70 жылдары Лейпциг және Йенск университеттерінде М.Форвергтің басқаруымен әлеуметтік-психологиялық тренинг атты әдіс жетілдірілді. Тренингтің құралы ретінде тиімді қатынастық дағдыларды қалыптастыруға жағдай тудыратын драматизация элементтері бар рөлдік ойындар қолданылды. М.Форверг ұсынған әдістердің практикалық қосымшасы ретінде өндірістік кәсіпорындардың жетекшілерін әлеуметтік-психологиялық дайындау болды. Әлеуметтік-психологиялық тренинг Ресейлік психология тәжірибесінде кеңінен таралды. Бұл тренинг теориялық, әдістемелік аспектілеріне арналған алғашқы монографиясы болды. Бұл әдіс балалармен, ата-аналармен, әлеуметтік топтардың кәсіби мамандарымен, кәсіпорындар мен ұйымдардың жетекшілерімен жұмыс істеу

де белсенді түрде қолданылып келеді. Әдісті пайдалану тәжірибесі Ю.Н.Емельянованың, В.П.Захарованың, Г.А.Ковалеваның, Х.Миккинаның, Л.А.Петровскаяның, Т.С.Яценконың және т.б. еңбектерінде көрініс тапқан [9]. Тренингтер топтық және жұптық жұмыстарды ұйымдастырып өткізу мақсатын алға қоятын болғандықтан, ондағы дәріскердің рөлі мен орны аса маңызды. Ол мұндай жұмыстарды фасилитатор, модератор рөлінде немесе супервизия жасау арқылы жүзеге асырады. Тренингтер – қазіргі таңдағы белсенді оқыту әдістерінің бір түрі. Олар өз құрылымына және мағынасына қарай дәстүрлі оқытуға да, психологиялық кеңес беру мен терапияға да қатысты емес. Әлеуметтік-психологиялық тренингтердің сипаттамалары:

Топтық жұмыс ұстанымдарын сақтау: қатысушылар белсенділігі, серіктестік қатынас, басқалардың көзімен өз мінез-құлқына объективті көзқараспен қарай алу мүмкіндігінің тууы, кері байланыс;

Топтық жұмыстың белсенді әдістерін қолдану: ойындар және топтық талқылаулар; Тұрақты топ мүшелерінің болуын қамтамасыз ету;

Топ мүшелерінің өзара қарым-қатынастарына баса назар аудару;

Кеңістікті қамтамасыз ету (тренинг өтетін орынды дұрыс таңдай білу);

Топ мүшелеріне психологиялық көмек көрсетуге бағытталуы (білім беру үдерісіне бағытталуын міндетті емес);

Еркін қарым-қатынасқа түсу мүмкіндігін туғызу: интенсивтілігі, эмоционалдығы, ашықтығы, шынайылығы.

Психологиялық тренингтегі қарым-қатынаста келесі ұстанымдардың қажеттілігін ескертеді: «Осында және дәл қазір»-әр жағдай туралы нақты әңгіме жүргізу, жалпыламалыққа және абстрактілікке жол бермеу.

Ой-пікірлерді жалқы есім тұрғысында айтып үйрену, мысалы: «Менің ойымша.....», «менің шешімім.....» және т.с.с.

Сөз нақтылығын сақтау, дәйекті сөйлеу.

Белсенділік таныту.

Сенімді қарым-қатынас орнату.

Құпия сақтай білу: тренинг барысындағы қарым-қатынас мазмұнын сыртқа шағармау. Қарым-қатынас тренингтерінің төмендегідей ерекшеліктері бар:

Біріншіден, қатысушылардың әлеуметтік дамуын ынталандырады, өзін-өзі тануға, рефлексиялық деңгейлерін көтеруге мүмкіндік береді;

Екіншіден, конструктивті қарым-қатынас дағдыларын қалыптастырады, мінез-құлық моделдерін үйренуге көмегін тигізеді [10].

Тренингтік қызметтің мақсаты ағымдағы үдерістердің көпжақтылығын бейнелейтіндей әрқилы болуы мүмкін. Бағыты мен мазмұны жағынан әрқилы тренингтік топтарды біріктіретін жалпы мақсаттарды нұсқауға болады.

- топ мүшелерінің психологиялық мәселелерін зерттеп, олардың шешімін табу жолында жәрдемдесу;

- субъективті ахуалды жақсарту және психикалық денсаулықты бекіту;

- адамдармен неғұрлым тиімді әрі үйлесімді қарым-қатынаста болудың негізін салу үшін, тұлғалар арасындағы өзара әрекеттестік тәсілдерінің және механизмдерінің психологиялық заңдылықтарын зерттеу;

- ішкі және мінез-құлықты өзгерістердің негізінде туындаған эмоционалды ауытқулардың алдын-алу үшін тренинг мүшелерінің өзіндік танымы мен өзіндік сана-сезімінің дамуы;

- адамның тұлғалық даму үдерісінде шығармашылық мүмкіндігін жүзеге асыруына, тіршілік әрекеті мен бағыт пен жетістікті сезінудің тиімді деңгейіне жетуіне ықпал ету;

Жұмыстың ұстанымдары, психологиялық тренингтің нәтижелілігі топтағы барлық ортақ ұстанымдарға байланысты.

Бүгінгі күнде «тренинг» түсінігінің нақты бір анықтамасы жоқ, сондықтан бұл термин психологиялық тәжірибеде әр түрлі іс-әрекеттердің, әдіс-тәсілдер мен құралдардың ортақ термині ретінде кеңінен пайдаланылады. Тренинг адам бойында қалыптасқан мінез-құлық пен іс-әрекеттерді басқару модельдерін қайтадан қалыптастыру тәсілі ретінде колданылады. Ұйымның жоспарлы белсенділігін арттыра түсу үшін оның

мүшелерінің кәсіби білімі мен қабілеттілігін көтеруге бағытталады. Сондай-ақ тренингті жеке тұлғаның әлеуметтік мінез-құлқын ұйымның мақсаты мен іс-әрекеттерінің талаптарымен сәйкес тәсілдерге сай өзгертудің бір бөлшегі деп қарастыруға болады.

Сондай-ақ тренингтік топтардың жұмысының өзіндік ұстамдарымен қатар, топта орын алып отырған жағдайды тұрақты түрде үйлестіріп отыратын жаттықтырушы жұмысының өзіндік ұстанымдарын да атап кеткен жөн. Жаттықтырушы бір күндік жұмысын жоспарлау барысында, тренингті өткізуге кірісер алдында және жұмыс барысында:

- Мен қандай мақсатқа жеткім келеді?

- Неге мен ол мақсатқа жеткім келеді?

- Ол мақсатқа мен қандай жолмен жеткім келеді? - деген сұрақтар қоюы тиіс [11].

- Жаттықтырушы топпен жұмыс істеу барысында зерттеу жүргізу арқылы бұл сұрақтардың жауабын таба алады. Зерттеу нысанына төмендегілер жатады:

- Жұмыстың мазмұнды жоспары;

- Топтағы ұйымшылдық пен даму деңгейі, топ мүшелерінің арасында қалыптасқан түрлі мінездердің қарым-қатынасы;

- Топтың әр мүшесінің жағдайы, оның тренингке, басқаларға және өзіне деген ойы;

- Жаттықтырушының жағдайы;

Тренингтің тиімділігі жаттықтырушы жүргізген зерттеудің барабарлығына ғана емес, сонымен қатар, алдына қойған қандай да бір мақсатқа жету үшін қаншалықты құрал-жабдықтармен жабдықталғанына да байланысты. Құрал таңдаудағы мақсаттың шешіміндегі алғашқы қадам - бұл әдістемелік тәсілді таңдау. Жиі қолданылатын әдістер қатарына топтық пікірталастар, рөлдік ойындар, психодрама және оның өзгертулері, психогимнастика жатады. Қандай да бір әдістемелік тәсілді, сондай-ақ осы тәсіл аясында нақты бір құралды таңдау төмендегі шарттармен айқындалады:

- Тренингтің мазмұнымен,
- Топтың ерекшелігімен;
- Жағдайдың ерекшеліктерімен;

Қандай да бір психогимнастикалық жаттығуды таңдаған кезде жаттықтырушы төмендегі жәйттарға назар аударуы тиіс:

1. Жаттығуды өткізудің нәтижесінде қандай өзгеріс болуы мүмкін:

- Жалпы топтағы жағдай өзгереді.
- Топтың әрбір мүшесінің жағдайы өзгереді.
- Көп жағдайда топтың бір немесе екі-үш мүшесінің жағдайы өзгереді.
- Мазмұндық жоспарда ілгері жылжуға мүмкіндік беретін деректер жиналатын болады.

2. Топтың жағдайы қай деңгейде? Топта

бірауыздылық басым болған сайын, онда еркіндік үдей түседі, топтың әр мүшесі өзін еркін сезінеді, бұл жаттығуларда тәуелділігі басымырақ болады. Мұндай жаттығулар қатарына, ең алдымен, топ мүшелерінің жаттығуды жүзеге асыру барысында дене жанасуы қажет және көзді жұму арқылы жасайтын жаттығулар жатады. Бұл жаттығуларды өзінің межелі уақытынан бұрын жасау топта қолайсыздық орнататын шиеленісті арттыра түседі.

3. Топтың құрамы: әлеуметтік-демографиялық мінездемелер (жынысы, жасы және т.б.), сондай-ақ дене бітімі жайлы мәліметтер.

4. Күн тәртібі: тәуліктің бірінші жартысында түрлі мәселелер мен шаруаларды бір уақыт ұмыттыратын «осы сәтте және осы уақытта» жағдайға енуге мүмкіндік беретін топтық емес жаттығуларды өткізу дұрыс болмақ, сондай-ақ бұл назарды жинақтауды, ойлау белсенділігін арттыруды қажет етеді [12].

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. С.Қ.Бердібаева. Психологиялық зерттеулердің математикалық негізі. А., «Алла прима» ЖЕНС, 2008, 84.

2. Ш.Т.Тұрдалиева. Қарым-қатынас процесінде танымдық іс-әрекеттің дамуы. Псих.ғ.канд.дис.: 19.00.01. А., 2009. 132-б.

3. Д.Б.Эльконин. Психическое развитие в детских возрастах. М., 1995. 300-б.

4. Ю.Н.Емельянов. Активное социально-психологическое обучение. Л.: Изд.ЛГУ, 1985. 166-б.

5. Б.Дастанқызы. Психологиялық жаттығулар жинағы. А., 2007, 196-б.

6. Б.С.Волков, Н.В.Волкова, А.В.Губанов. Методология и методы психологического исследования\ Науч.ред. Б.С.Волков: Учебное пособие для вузов. 5-е изд., сипр.и.доп. М: Академический Проект; Трикста, 2006. 352-с.

7. Л.А.Петровская. Теоретические и методические вопросы социально-психологического тренинга. М., 1982, 208-б.

8. С.И.Макшанов. Психология тренинга. СПб., 1997.

9. С.М.Жақыпов, Ф.Бизақова. Білім беру жүйесінде қолданылатын психокоррекциялық жаттығулар. Тараз: «Қорғау Тараз 2005», 2007, 260-б.

10. Э.Ливнех, Дж.Эванс. Психиатрическая реабилитация. М., 1995.

11. Н.Қ.Тоқсанбаева. Қарым-қатынастағы таным үрдісінің ерекшеліктері. Самопознание (теория, практика, поиск новых парадигм) // Сборник материалов международной научно-практической конференции «самопознание» - программа гармоничного развития человека» (Алматы, 21-22 октября 2003 года). А., РУОЦ «Бөбек», 2003. 216-с.

12. З.М.Садвақасова, Б.Т.Зиябекова, З.Б.Мадалиева. Тренинг в подготовке специалистов в вузе. Часть 2. А., 2006. 176-б.

Салтанат ДОСЫМАХОВА,
Орталық Азия университетінің
Халықаралық қатынастар және
гуманитарлы ғылымдар факультетінің
магистранты.

МЕКТЕП ҚАБЫРҒАСЫНДАҒЫ ТҮЛҒААРАЛЫҚ ҚАҚТЫҒЫСТАРДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

Қақтығыс – мектепте айтарлықтай жиі кездесетін құбылыс. Олар әр түрлі болады. Жоғарғы сынып оқушылары мен оқытушылар арасында туындайтын тұлғааралық қайшылықты біз, оқушылар мен мұғалімдердің оқу-тәрбие ісіндегі қарым-қатынасында және өзара әрекетінде болатын екі жақтың да мақсатқа жетуге қақтығыстары және көзқарастардың сәйкес келмеуі қызығушылықтарының нұсқаулары жүріс-тұрыс тәсілдерінің жағдайы ретінде анықтаймыз. Е.А.Шумилин және И.Т.Шендрик мұғалімдер мен оқушылар арасындағы қақтығыстардың негізгі себебі, тұлғалық факторлармен байланысты болады деп көрсетеді. Жоғары мектеп жасындағы қақтығыстарға, ең бірінші, мұғалімдер тарапынан көңіл бөліну керек.

Мұғалімдер кез келген қайшылықты жағдайдың техникаларын біліп шыға алу жолдарын қарастыру керек.

Қақтығыс мұғалім мен оқушы арасындағы мұғалімнің адамгершілік сапаларына байланысты туындауы мүмкін. Олар: оқушыларға мүмкіндігінше ықыласты көмек көрсету, олардың жан-дүниесін түсіну. Осы қасиеттерді оқушылар ұстаз бойынан көргісі келеді. Бірақ мұғалім бұларға немқұрайлы, селқос, ұқыпсыз, ықылассыз қарауы мүмкін. [1 Б.24-26].

Педагогикалық әрекетте қарама-қайшылық әртүрлі. Олар әрекеттің әр түрлі сферасына қатысты болады. Мұндағы қақтығыстар мұғалімнің оқушыларға өзінің пәнін меңгеруі мен ұстаздық шеберлігіне, оқушылардың ата-аналарына, мектеп басшылығының өзінің әріптестеріне деген қарым-қатынасымен байланысты болуы мүмкін. Педагогикалық жұмыста қарама-қайшылықтардың тууының екі себебін айтуымызға болады. Бірінші себеп: мұғалімдердің өз ісіне немқұрайлықпен қарауы, сондай-ақ олардың мектептегі білімге сәйкес алға қойған міндеті, мақсаттарын дер кезінде орындамауы салдарынан туындайды.

Мұндай оқытушылардың өзіне немқұрайлықпен қарауы – олардың қоғамға, ғылымға, адамдарға немқұрайлықпен қарауы деп айтуымызға болады. Бұл жағдайда тек қана ұстаз деген атты сақтап тұрады да, ал шын мәнінде педагогикалық үдерісті бұзады. Мұндай ұстаздардың жұмысының нәтижесі педагогикалық жарамсыз болып табылады. Яғни, бұл оқушылардың

сабаққа деген қызығушылығының төмендеуінен білімдерінің төмен болуынан, т.б. көптеген қасиеттерінен көрінеді.

Педагогикалық жұмыстағы қақтығыс туындауының екінші тобына ұстаздардың оқушылармен қалыпты, іскерлік, адамдық қатынасты, егер де өзінің жұмысына, балаларға деген ерекше махаббатты жақсы білімі болса да орната алмауы болып табылады. Мұндай ұстаздар үшін педагогикалық үдеріс – жеткілікті дәрежеде нәтижесіз еңбек, өзінің күшіне сенбеушілік, кәсіпке деген жағымсыз қатынастар.

Ұстаз – өмір бойы баланы оқытатын, тәрбиелейтін адам. Ол барлық адамдар үшін үлгі болуы қажет. Оқыту үдерісі кезінде және тәрбиелеу кезінде туындайтын сұрақтарға жауап бере алуы керек. Ол қателеспейді керек. Ұстаздық мамандығының өзге мамандық иелерінен басты айырмашылығы оның адаммен жұмыс жасап, оның пісіп-жетілуіне күші мен қуатын, білімін жұмсауы. Соған орай бұл мамандықтың қыры мен сыры қабат-қабат болып келетіндігі де сондықтан. Ұстаздар мен шәкірттер арасында белең алып отыратын қайшылықтар бір қырымен ұстаздық мамандықтың күрделілігі мен жауапкершілігінің мол екенін аңғартатын болса, екінші бір жағынан қарастырғанда, адамның жан-дүниесінің сыры, психикасы аса күрделі құрылым екеніне көз жеткіземіз.

Сонымен бірге педагогикалық қарым-қатынаста (тәлім-тәрбие саласында жүргізілетін зерттеулерді) анықтап қарағанда ұстаздар мен шәкірттер арасындағы

тағы да бірнеше жағдайларға тоқтала кеткенді жөн көріп отырмыз.

1) Оқу ісін жүзеге асырып, оны бірізділікпен жүргізуге кедергі болатын жайттар мұғалімнің білім деңгейі мен оның шәкірттерге тиімді әдіс-тәсілдермен жеткізе алмай, тәжірибесіздік көрсетіп оқушыларға серпінді ықпал ете алмайды. Сондай-ақ мұғалім оқушыларға қоятын талабын үнемі өзгертіп қалыпты жағдайдан жиі ауытқып отырады. Соның салдарынан шәкірттердің тәртібі нашарлайды. Мұндай кемшіліктер, ең алдымен, ұстаздың ұйымдастырушылық қабілеті мен сабақ жүргізудегі әдіснамалық олқылығынан пайда болып, шәкірттер сабақта көп уақытын босқа өткізетін болады.

2) Жеке бастың өзі ұстанған адамгершілік қасиеттерге байланысты кездесетін кедергілер мен қайшылықтар баланың өз басына талап қоюы, айналасына зер салып, әрбір нәрсеге мән беруі баланың өсіп-жетіле бастағанын көрсетеді. Ересек адамдармен салыстырғанда мұғалім мен оқушылар арасында өзара қарым-қатынас едәуір күрделі. Өйткені мұндағы бірінші жақ – мұғалім – толық қалыптасқан, моральді-этикалық жағынан жетілген мінез-құлық орныққан адам.

Екінші жақ – оқушылар. Мұғалім мен оқушының ойлану, түсіну сипаттары да түрлі деңгейде. Ұстаздарға айдай анық құбылыс шәкірттеріне түсінікті бола бермейді. Кейде мұғалім мен оқушының бір құбылысқа, сөзге немесе қылыққа беретін бағалары да түрліше. Ұстаз бен шәкірттер арасындағы қарым-қатынаста

қақтығыс туындауына ұстаздың методикалық тұрғыдан қате жіберіп жаңылысуы не оқу материалдарын тиянақты түсіндіре алмауы да себеп болады.

3) Оқушылардың жас ерекшеліктерін елемей, олардың құрдастарымен қарым-қатынастарының қыры мен сырына жете мән беріп, оларды бағаламау салдарынан болатын қақтығыстар.

4) Оқушылардың даралық ерекшеліктеріне тән жағымсыз қасиеттері мен мінез-құлқына орай туатын қақтығыс [2 Б. 43-61].

Ұстаз бен оқушы арасындағы қақтығыстың туындауы – олардың әрекеті барысындағы негізгі өзара байланысының бұзылуымен байланысты. Мұғалім мен оқушы арасындағы өзара әрекет олардың біріккен оқу және оқудан тыс әрекетінде өтеді. Сонымен бірге мұғалімдер мен оқушылар арасында кейде бірін-бірі жете түсінбей өзара келіспеушілік сияқты қолайсыз жайттар де кездеседі.

Мұндайда баланың даралық ерекшеліктерімен санасқан тиімді және жан дүниесінің сырына терең бойлап, олардың мінез-құлық ерекшеліктерімен санасқан дұрыс. Бұл психиканың қарқынды дамып отыруына орай түрлі тілектері мен қажеттіліктері әрбір нәрсенің сырын білуге құштарлығы арта түседі. Тәлім-тәрбие ісінде баланың санасы өзгерістерді ескеріп, оларды дұрыс жолға пәрменді бағыттап отырса, онда шәкірт мінезінің ұнамды қасиеттерін бірізділікпен қалыптастыруға болады.

1) Оқу әрекеті үдерісінде туындайтын қайшылықтарды «оқу қақтығысы» деп атауға болады. Бұған кіретіндер: «оқушының сабаққа нашар дайындалып келуі», «оқытушының компетенттілігі», «балалардың қойған бағаға келіспеушілігі», т.б. Бұл қақтығыстың түрі өзара байланыстың іскерлік қыры бұзылғанда туындайды.

2) Оқуда және оқудан тыс әрекет барысында туындайтын қайшылық. Мұнда мұғалім мен оқушы арасындағы қатынаста қабылданған нормалардың сәйкес келмеуі және бір-біріне деген қатынасындағы күту деңгейлерінің сәйкес келмеуі жатады. Бұл қақтығыстың «Күту қақтығысы» деп аталады. Бұл қақтығыстың туындауына қатысты себептер: мұғалімнің тактикасындағы «педагогикалық этика ережелерінің бұзылуы» және «оқушылардың немесе мұғалімнің беделін төмендету», т.б. Бұл қайшылықтың түрі («рөлдік сипаттың») өзара байланыс кезіндегі «рөлдік мінездің» бұзылуынан туындайды.

3) Оқушы мен мұғалімнің оқу және оқудан тыс әрекет барысында туындайтын және оқушы мен мұғалімдердің тұлғалық ерекшеліктері және «темпераментіне» байланысты болатын қақтығыс. Бұл қақтығыстың түрін «тұлғалық сәйкес келмеушілік» деп атаймыз. Осы қақтығыстың туындайтыны «ұстамсыздық», «дәрекілік», «эмоционалды тұрақсыздық», «өзіне сенімділік», «тез ренжіп қалу», т.б. қатысты. Бұл қақтығыстың типі жеке мінездің бұзылуына байланысты туындайды.

Сондай-ақ қақтығыс мұғалімдердің ұстаздық шеберлігіне байланысты болуы мүмкін. Мұғалімнің өз пәнін жетік білетіндігі балаларға оқу материалдарын жете түсіндіре алатындығы әр алуан амал-тәсілдер қолданып, сабақты тартымды және қызықты етіп өткізетіндігі осыған көңіл толмаған оқушылар қақтығысқа баруы мүмкін.

Келесі қақтығыстың шығу себебі – оқушылар мен ұстаздардың бір-біріне қарым-қатынасына, өміріндегі күйініш-сүйініштеріне, табыстары мен сәтсіздіктеріне, әр түрлі қоғамдық-көпшілік жұмыстарға қатысуына байланысты көңіл бөліп, мән беруі, ұстаздық жетекшілік жұмысының іс-әрекеттеріне байланысты болады.

Ең басты қақтығыстың шығуына себеп болатын негіз – мұғалімдердің оқушылармен бірдей қарым-қатынас жасамауы, пікірлерімен санаспауы, оқушылармен сөйлескенде үнемі сыпайылық пен әдептілік үлгісін сақтамауы, оқушылардың жан дүниесін айтпай-ақ түсініп, үнемі сезімталдық көрсетпеуі, т.б. көптеген қарапайым әдепті сақтамаулары жатады.

Оқу іс-әрекетінің көп тараған тұлғааралық қарым-қатынастағы оқушылар ортасындағы қақтығыс түрлері мен туындау себептерін қарастырайық.

Жасөспірімдік, жеткіншектік ортадағы қақтығыстар барлық заманға және халыққа тән. Мысалы, Р.Киплингтің бейнелеген ХІХ ғасырдағы аристократтық мектебі немесе ағылшын жазушысы У.Голдингтің «Повелитель мух» шығармасындағы ересектердің қарауынсыз, адам

аяғы баспаған аралда қалып қойған бір топ балалардың оқиғасы.

Оқушылар арасындағы болатын қақтығыстардың бірі – көшбасшылыққа ұмтылыс немесе көшбасшылық қақтығыс. Мұнда екі-үш көшбасшының және олардың топтарының сыныптағы біріншілік беделіне таласуы. Орта сыныптарда қыздар тобы мен ұлдар тобының арасындағы кикілжіңдер жиі болып тұрады.

Үш-төрт жасөспірімдердің бүкіл сынып немесе бір оқушының бүкіл сынып оқушыларымен кикілжіңге түсуі мүмкін. Психолог О.Ситковская мен О.Михайлованың бақылауынша көшбасшылыққа жол, әсіресе жасөспірімдер ортасында, қатыгездік, мейірімсіздік, өзінің біріншілігін көрсету немесе жариялаумен байланысты. Балалық қатыгездік – барлығына таныс құбылыс. Әлемдік педагогиканың бір парадоксының нәтижесі бойынша бала ересектен де көбірек өзінің қатарластарынан қатыгездік көреді [3 Б.9].

Оқушылардың агрессивтік қылықтарының генезисі олардың жеке тұлғалық әлеуметтенуінің кемшіліктерімен байланысты. Сонымен қатар, баланың және жеткіншектің жеке тұлғасы өзімен-өзі қалыптаспайды, қоршаған ортада, қоғамда қалыптасады.

Әсіресе, маңызды болып кіші топтар жатады. Мұнда жеткіншек басқа адамдармен әрекеттеседі немесе қарым-қатынасқа түседі. Ең алдымен, отбасына қатысты. Әр түрлі авторлар сәтсіз

қалыптасқан отбасыларды әр түрлі бөліп көрсетеді.

Л.С.Алексеева сәтсіз құрылған отбасыларының келесі түрлерін көрсетеді: 1. кикілжіңді; 2. құлықсыз; 3. педагогикалық компетентті емес; 4. асоциалды;

Г.П.Бочкарева келесі отбасыларын бөліп көрсетеді:

1. Эмоционалды атмосферасы сәтсіз құрылған отбасылар, мұнда ата-аналары өз балаларына мейірімсіз, сонымен қатар дөрекі, құрметтемей қарайды.

2. Мүшелерінің арасында эмоционалды байланыс жоқ, баланың қажеттіліктеріне немқұрайлы қарайды.

3. Балаға саяси жағымсыз қажеттіліктер мен қызығушылықтар ілініп, оларды құлықсыз өмір сүруіне итеру [4 Б.11-13].

Сонымен, Р.Сирстің пікірінше мектепке дейінгі балалардың ата-аналарының жазалауының жиілігі мен балалардың ашулану әрекеттерінің жиілігінің арасындағы оңды байланысты табылған.

Ата-аналары физикалық күш көрсету арқылы тәрбиеленген балалар көбінесе кикілжіңге түскіш болып келеді деп А.Бандура өз пікірін білдіреді. Сондықтан Л.Джавинен, С.Ларсенс зерттеушілердің пікірі бойынша жазалау жеке тұлға қылықтарының моделі деп санайды [5 Б. 5-9].

Әлеуметтенудің алғашқы сатыларында агрессия қасиеті абайсыздан көрінуі мүмкін. Бірақ ашу арқылы көздеген мақсатына жеткен соң, әр түрлі қиын жағдайлардан шығу үшін мұндай тәсілді қайтадан қолдануға ұмтылуы мүмкін. Ол үшін ашу – қол жеткізу тәсілі емес, ашу – өзіндік мақсаты болып

саналады. Бұл ашудың өзіндік мотивіне айналып, өзіні өзі басқаруының төменгі деңгейінде басқаларға деген қарсыластық сезімін тудырады.

В.Лозоцеваның пірінше, бұдан басқа жасөспірімдердің өздерінің сыныптастарымен кикілжіңге түсуі, олардың жас ерекшеліктеріне байланысты. Яғни, өзімен жастылардың оны моральды-этикалық өлшемдермен бағалауы және т.с.с. [4 Б.11-13].

Сынып ішіндегі жеке тұлғалар арасындағы қақтығыстар түрлері өте көп.

Оқушылар тобы ішіндегі өзара қақтығыстар топтағы жеке тұлғалық қарым-қатынастардың дисгармонизациялануынан және топтың құрылымының тепе-теңдігінің бұзылуынан (статустық, рөлдік, коммуникативтік, басқармалық) көрініс табады.

Топ әр түрлі күрделі де көп деңгейлі және көп қырлы көріністі болғандықтан, онда әр түрлі қақтығыстар дамиды.

Сол топ ішіндегі болатын қақтығыстардың мінездемелеріне тоқталып өтсек:

1. Берілген топтағы шағын топтардың өзара әрекеттесуі барысында қақтығыстар туындауы мүмкін. Мұндай топтар әр түрлі кіші әлеуметтік топтарда кездеседі және олардың саны 6-8 адамнан аспайды, сонымен қатар 3 адамнан тұратын шағын топтар да бар. Көпсанды топтар тұрақсыз болып келеді. Топ мүшелерінің жас деңгейінің өсуіне және олардың әлеуметтік дәрежесіне байланысты топтардың саны азаяды.

Олардың өзара әрекеттесуі толығымен топтың климатының өзгеруіне, іс-әрекетінің нәтижелілігіне әсер етеді. Кіші топтардың ішінде топтық өмірдің ережелері мен нормаларынан қозу байқалады, дәлірек айтқанда шағын топтағы ережелердің өзгеруіне итермелеуші болып табылады. «Ортаға жаңадан келген адам» ең бірінші, топтағы шағын топты таңдайды. Ол топ оны өзіне қабылдап, оның мінезін мақұлдайды.

Түзілу деңгейінде және оқушылардың өзара бейімделу деңгейінен өткен мектеп сыныбы, ереже бойынша осындай бірнеше шағын топтардан тұруы мүмкін. Олардың бұлай түзілуінің ұстанымы қатысушылардың дәрежесіне байланысты: «жұлдызы» бар немесе лидері бар жоғары дәрежелі топтар, орта және төменгі дәрежелі топтар, жиірек топ қабылдамаған жеке тұлғалардың (изгой) өзара қарым-қатынас құрған топтар болып бөлінеді.

Сыныптағы балалардың жынысы мен жасына байланысты кіші топтарға бөлінуі де әр түрлі өтеді. Бастауыш мектепте мектеп үлгерімі өлшемдеріне байланысты кіші топтар түзіледі және бір топтың өзіне сол және басқа жыныс мүшелерінің оқушылары түседі. Ал жеткіншектердегі балалар мен қыздар топтары көбінесе автономды болады. Мұнда балалар саны көп болса, онда топтың құрылымы бұтақталып, бір топқа жиналады. Ал егер қыз саны көп болса, ұлдар көбінесе қыздардың көшбасшыларына бағыттталып, бағынады.

Бір сыныптағы кіші топтар арасында әр түрлі қарым-қатынастар түзіледі. Ереже бойынша топтар арасында оң байланыс немесе барлық төменгі және орта дәрежелі топтар жоғары дәрежелі топқа бағытталуы мүмкін. Кейде топ ішінде топаралық қақтығыстарды тудыратын бір адам болады, ол басқа кіші топтың көшбасшысымен кикілжіңдік қарым-қатынас құруы мүмкін.

2. Қақтығыстар жоғары дәрежелі топтардың, сыртқы референтті топтың ортақ мақсатына және құндылықтарына қарсы тұруы немесе сәйкес келмеуіне байланысты туындайды.

3. Басқару стилімен келіспеген жасанды емес сыртқы топтың басқарушысымен әрекеттесу барысында туындайтын кикілжіңдік жағдайлар. Мұндағы қақтығыс топтық болып басталмайды. Бұл жердегі қақтығысқа қатысушылар басқарушы және топтың жеке тұлғасы болуы мүмкін.

4. Қақтығыс кіші топтың өзінде туындауы мүмкін. Егер де кикілжіңге топтың басқа мүшелері қатыспаса, онда тарқаған топтың мүшелері өз орнын басқа ортадан табады.

5. Көшбасшылар арасындағы қақтығыстар. Бір жағдайда қақтығыс күштері тең екі шағын топтың көшбасшыларының арасында болса, екінші жағдайда кикілжің тұрақталған көшбасшылармен оның қолдаған, күшейіп келе жатқан адамының арасында туындайды. Бұдан басқа сынып үшін әр түрлі бағыттағы көшбасшылар қақтығыстары дәстүрлі болып табылады.

Мұндай қарсы күрестер үлкендердің дұрыс басқара алмауынан туындайды. Олар оқушыларға сыныпты «әсеретусфераларына» бөлуге, өзінің көшбасшылығына тән арнайы аймақтарын әр көшбасшыға табуға көмек бермейді.

Сонымен қатар, көшбасшы мен топтың басқарушысының арасындағы кикілжің көп таралған. Олардың қызығушылықтары мен мәселелері бағыттас болса да, олар үнемі қақтығысуы мүмкін [6 Б.7-9].

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. В.С.Волков. Конфликты возникающие при первых встречах учителя с учащимся класса. М., Смысл, 2006. С.24-26.
2. Р.Л.Кричевский, Н.И.Кмит. Общение классного руководителя с коллективом старшеклассников // Вопросы психологии. 1980. №6. С.43-61.
3. О.Н.Громова. Конфликтология. Курс лекций. Москва: Смысл, 2012. С.9.
4. Е.Г.Первышева. Межличностный конфликт как фактор социализации подростков. Дис.канд.психол. наук. М.:МГПИ, 1989. С.11-13.
5. А.Я.Анцупов, А.И.Шипилов. Конфликтология. М., Юнити, 2010. С. 5-9.
6. В.М.Афонькова. Некоторые аспекты педагогического вмешательства в конфликт. М., Смысл, 2004. С.7-9.

Тамаша МҰРАТБАЙ,
№102 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Қызылорда облысы,
Қазалы ауданы,
Бірлік ауылы.

БЕСІК ЖЫРЫ – БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНІҢ КӘУСАР БҰЛАҒЫ

*« ... Ал, қазақ, мешел болып қалам демесең, тағы-
лымың мен бесігіңді түзе!».* **Мұхтар Әуезов.**

Қазақтың музыкалық-поэтикалық фольклорындағы тұрмыс-салт әндерінің халық арасында кең тараған түрінің бірі – бесік жыры. Бесік жыры екі түрлі міндет атқарады. Ол сәбиді жұбату және оның болашағына деген ата-ананың тілегін білдіру. Ғалым Бейсенбай Кенжебаев: «Ауыз әдебиеті – балалар әдебиетінің алтын дiңгегі. Онда арнайы балалар үшін шығарылғандай қаншама көркем туындылар бар. Оларды екі жүйеге бөлуге болады. Ең алдымен, балаларды ғажайып көркем туынды, ғаламат, ұшқыр қиял тіршілігіне жетелейді. Демек, фольклор – қай халық, қай ұлт мәдениетінде болмасын, балалар әдебиетінің бастауы. Бастау болуымен бірге фольклор – балалар әдебиетін үнемі байытып отырар қуатты қайнар бұлағы», - десе, жерлесіміз ғұлама ғалым Әуелбек Қоңыратбаев: «Балаларға арналған өлеңдердің ең құндысы – бесік жыры» деген болатын. Олай болса, фольклордың

кәусар бұлағы – бесік жырының түрлі үлгілері халықпен бірге ұрпақтан ұрпаққа жетіп, қазіргі кезге дейін жалғасуда. XX ғасырдың басына дейінгі бесік жырларының озық үлгілерін Әбубәкір Диваевтың жинап бастырғаны белгілі. Ал қазіргі кезде дәстүрлі бесік жырларының мазмұны жағынан да, көркемдік жағынан да дамығандығы белгілі. Бесік жыры балалар әдебиетінде жаңашылдықпен дамығанмен, өмірде қолданылу аясы тарылып келе жатыр. Ұлтымыздың асыл қазыналарының бірі – бесік жырын білу, бөбегін әлди әнімен әлдилеу – әрбір қазақ әйелінің парызы деп есептеймін.

Адамзат үшін ең бірінші бақыт – бала. Нәрестенің дүниеге келуі үлкен қуаныш болып саналған. Отбасының арманы мен тілегі, алтын тірек дiңгегі, ерлі-зайыптылардың сүйеніші мен қуанышы – бала.

Адамның тууынан бастап, қартайғанға дейінгі өмір жолының әр кезеңіне өлең шығару – қазақ халқының ежелгі дәстүрі. Әдет-ғұрыш салтынан туған өлеңдердің ерекшесі – бесік жыры. Әлемде бесік жырын айтпайтын халық жоқ. Бесік жыры – жаңа туған нәрестенің алғаш тындайтын сазды жыры. Бесік жырын барша халық ұлттық тәрбиенің кәусар бұлағы деп таниды. Жас баланы бесікке салуды халқымыз қуаныш етіп, тойлап өткізген. Мұны да ойын-сауыққа айналдырған. Онда айтылған өлеңдерден жас баланың дені сау азамат болып өсуін халықтың тілейтіндігі көрініп отырады. Бесіктегі жас баласын тербете отырып, ана көңіліндегі ой-арманын, жақсы тілегін білдіреді. Мұны халық «бесік жыры» деп атайды.

Шыр етіп жарық дүниеге есік ашқан сәбидің жұбату әнін қанша жерден өзге әуенге салғыңыз келсе де,

ана жүрегінен туған сезім әуенінің тәртібінен шыға алмайды. Нәрестесі бөленген бесікті жыр ырғағымен тербелте отырып, бар пейілімен, жан-дүниесімен беріле керемет бір бесік жырын айтқан ананы көру – әрбір қазақ отбасының орындалған тілегі. Өмірге келген жан иесінің бүкіл болмысына қажеттілік ана құрсағында жүрек тәрбиесі арқылы беріледі. Көргенді халқымыз «бала тәрбиесі құрсақтан» деген екен.

Ана құрсағында сәбидің түйсігі мен ішкі сезімдері жетіліп, жүрек тәрбиесін болмысына дарытса, енді өмірге келген балаға ақыл тәрбиесі беріледі. Ақыл тәрбиесінің бастауы нәресте бөленген бесіктен, бесіктің жырынан басталады.

Ата-анамның саясында ер жетіп мен,

Аялы ақ бесікте тербетілем, - деген халық өлеңінен сонау ерте заманнан-ақ бесіктің қасиетті екенін тануға болады.

Бесік жыры ауыз әдебиетінде ертеден бар. Оны әуелбаста ақындар шығарған, бірақ олардың аттары ұмытылып, тек жырлардың өзі ел ауызында қалған.

Бесік жырында айтылатын тілек, ақыл-өсиеттерден халықтың нені аңсап, нені көксегені көрінеді. Бесік жыры «Әлди, әлди, ақ бөпем» деп басталады да, халық жас баланың болашақта кім болып өсуін, қандай қызмет атқаруын қалайтындығын ана сөзімен баяндайды. Сонда:

*Құрығыңды майырып,
Түнде жылқы қайырып,
Жаудан жылқы айырып,
Жігіт болар ма екенсің?!
Айыр қалпақ киісіп,*

Ақырып жауға тиісіп,

Батыр болар ма екенсің?! - дейді.

Осы бір үзіндіден халықтың бала тәрбиелеудегі ой-арманы айқын көрінеді. Халықтың ойынша, жас бала өсе келе, ер жеткен соң еліне қызмет етуге тиісті. Мал бақ, кәсіп ет, ел-жұртыңды жаудан қорға деген ойын халық бесікте жатқан жас балаға ақыл, тілек етіп білдіреді және кімді ардақтайтынын да аңғартады. Халық шығарған бесік жырларында жас балаға жорық жасап ел талауға, барымта алуға аттан деген әңгімелер кездеспейді.

«Бесік жырында» ананың балаға деген аналық махаббаты мен мейірімі беріледі.

Мысалы: *Менің тәттім қайда екен?*

Қыздар менен тойда екен.

Тойда болса отырсын

Қолына жүзік толтырсын.

Айналайын, шырағым,

Гүлге біткен құрағым.

Бесік жырындағы айтылар небір асыл ойларды тек нәресте ғана қабылдап қоймайды, ананың жүрек жарды әуезді әнін сол маңайдағы бүкіл тіршілік иесі тыңдайды, олардың да, сезімін оятады. Бесік жырының мазмұнындағы ойлы шумақтар балалардың қиялына қанат бітіріп ой, армандарын ұштайды, шабыт тудырады. Бесік жырлары батаға ұқсас болып келеді. Бізге жеткен халық бесік жырлары көбіне «Әлди-әлди, ақ бөпем», «Әй-эй бөпем, әй бөпем» деп басталады.

Әдебиет теориясының негізін салған ұлт мақтанышы Ахмет Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» еңбегінде бала тербеткенде айтатын бесік жырын «қалып» сөзіне жататынын көрсетеді. Оның ерекшеліктеріне

тоқталады. Мысал ішінде келтірілген мына бесік жыры өзгешелеу.

Әуіп – алди, әуіп алдаш!

Етегінде қуырмаш.

Жейін десе тісі жоқ,

Кісі менен ісі жоқ.

Бірлік ауылының тұрғыны Рамазанов Есен әжесі Қоңыраудан естіген бесік жырын әлі күнге дейін есінде сақтаған екен:

Қарқ-қарқ, қарғалар,

Қанатымен жорғалар.

Ұзын суда балық бар,

Жағасында жылқы бар.

Ол кімнің қысы?

Есен жанның жылқысы

Мақпалдан пішкен дорбасы,

Китің-китің жорғасы.

Халық бесік жырларынан тәлімді ой мен тағылымды тәрбиені ұғынған ақындарымыз «Бесік жырларын» өз кезеңдерінде жарыққа шығарды. Бүгінгі балалар әдебиеті бесік жырына бай. Мағжан Жұмабаев 1922 жылы жарияланған «Педагогика» атты еңбегінде 8-9 жолдық бесік жырының мәтінін ұсынады:

Күнім, айым,

Еркетайым,

Бөлейін енді.

Тыста дауыл,

Жатқан ауыл,

Ұйқың да келді.

Жұмсақ бесік,

Жылы төсек,

Жата гой, қозым,

Әлди, бөпем,

Әлди, бөпем,

Ұйықта, жұм көзің.

Құлыншақтар,

Қозы, лақтар –

Бәрі – ақ ұйқыда.

Сен – жұлдызым,

Сен – көз нұрым,

Кір тәтті ұйқыға.

Бұл мәтін бұрынғы дәстүрлі жырдан өзгеше, оның буындық, ырғақтық өлшемі жаңа. Ақынның бесік жыры 4-5 буынды болып келіп, бесік жыры әлдиімен өте жеңіл айтылады. Мазмұны халық өлеңінен сәл өзгешелеу, еліңді, жеріңді, туған халқыңды жаудан қорғар ер жігітсің деген патриоттық сарын аңғарылады.

...Қайнап қаның,

Батыр жаның

Ерлікке ұмтылар.

Сен еріме,

Жас бөріме

Қарсы кім тұрар?

Алмас қылыш,

Найза құрыш

Белге буарсың.

Сен, сырттаным,

Арыстаным,

Жауды қуарсың.

Туған жерден,

Өскен елден

Ерге не қымбат?

Жас жолбарыс,

Жаумен алыс,

Шаңға, қанға бат.

Айбатыңды,

Қайратыңды

Көріп қарт анаң

Төгіп жасын,

Жайып шашын,

Тілер: «Бол аман!».

М.Жұмабаев «сырттаным», «арыстаным», «жас бөрі» деген сияқты дәстүрлі теңеу сөздерді де молынан қолданып, баласын батырлыққа рухтандырады.

Қазақ әдебиетінің үш бәйтерегі – Сәкен, Илияс, Бейімбет те бесік жырларын жазған.

Өңкей біздеі зарлыға,

Кемдіктегі жарлыға,

Жаным менің ер жетіп,

Көсем болар ма екенсің,- деп, Сәкен Сейфуллин өз заманын жырға қосады, әлеуметтік теңсіздікті жырлайды. Бейімбет Майлиннің «Бесік жырында» ананың мұңы жырланады:

Өрім-өрім үстімдегі кигенім,

Өмірімде бір бүтінді кимедім.

Әлди, әлди, қойшы, қалқам, жылама,

Шандыр емшек неге, адыра, имедің?

Ал, Илияс Жансүгіровтің «Бөбек бөлеу» (1926 жыл) өлеңі мазмұнға бай, тұнған пәлсафа.

Бөл-бөл, бөбек, бөл, бөбек,

Бөлейін, бері кел, бөбек.

Бедерлі бесік, төрт есік,

Төгілте салдым төр төсек.

Бөпешім, бесік – отауың,

Отауыңа кір, бөбек...

Ақынның бұл өлеңінде толағай астарлы ой жатыр. Есті қариялар нәресте қырқынан шыққанша оны табиғаттың бір бөлшегі, яғни, Жер-Ана оның отауы деп санаған философиялық ұғым болса, қасиетті мекен – бесік адамзаттың алғашқы шаңырағы деп есептеген. Жыр алыбы Жамбылдың «Бесік жырынан» балаға деген аталық тілек анық көрінеді:

Қағады Жамбыл қос ішегің

Өсуің үшін, өсуің,

Ұйықтасын деп бөбегін.

Тербелсін деп бесігің...

Көзің жарық жұлдыздан,

Шашың жібек құндыздан.

Сен бір артық көркемсің,

Биік асқар, шың-құздан

Қара көз, сәби бөбегім. Кенен Әзірбаевтың «Бесік жыры» өзгеше өрілген:

Сылдыр-сылдыр сылдырмақ,

Су ағады сылдырлап.

Торғай, құлдыр-құлдыр құлдырлап,

Не сөйлейсің былдырлап,- деген жолдардан сәбиді кішкентай торғайға теңегенін көруге болады.

Қасым Аманжоловтың «Әлди, әлди, әлпешім» атты бесік жырында:

Ұйықта десем, күлесің,

Айналайын күлкіңнен

Ер жеткен соң білесің,

«Тұр-тұрлармын» бір күн мен

«Кешіктің,- деп - сабақтан»

Тынышыңды алсам «тұр-тұрлап»,

«Жоқ қой әлі таң атқан»-

Деп жұрмеші бұртыңдап,-
деп, ақын келер күннің өмір жағдайларын жырға қосады.

1920 жылдардан бері қарай бесік жырлары сирек те болса жырланғанымен, бесік жырларының ерекше үнмен жырлануы 1970 жылдардың үлесіне тиеді. 1970-90 жылдардан бері қарайғы балалар поэзиясында фольклорлық үлгіні негізге ала отырып жазылған бесік жырлары баршылық.

Әкелік сезімнен туған Сырбай Мәуленовтың «Бесік жырына» ой жүгіртсеңіз, перзентке деген керемет сүйіспеншілік жатыр:

*Ой, бал бөбек, бал бөбек,
Көз шырымын ал, бөбек.
Сен ер жетіп өскенше,
Тыныш ұйықтар таң керек.
Сол таңыңды күзетер
Ер жүректі жан керек.*

Тоқаш Бердияровтың «Әлди, әлди, бөбегім» атты бесік жырында балаға деген сезіммен қатар, шыншыл өмір суреті де бар:

*...Дыбысынан етіктің
Шошынып, селк етіпін.
Ояныпты бөпешім,
Өзім ұйықтап кетіпін.*

Мұқағали Мақатаев «Бесік басында» өлеңінде бүкіл жер бетіндегі тыныштық ұйықтап жатқан сәбидің келбетіне ұқсайды дейді.

*Ұйықта, ұлым, ұйықта, бөпем, қасыңдамын,
Керек емес дүние, асылдарың!
Бақыт, байлық – барлығы менің үшін
Сенің бір кеп мойныма асылғаның,-* деп, әдемі

жыр шумақтарын төгеді. Шынында, үйдің бақыты мен байлығы – бал күлкілі баласы.

Қабдікәрім Ыдырысовтың «Бесік жыры» көпшілік жұртшылыққа таныс, себебі Е.Хасанғалиев оған әуезді ән шығарған:

*Айым болып тудың ба?
Күнім болып тудың ба?
Ата жолын қудың ба?
Әке жолын қудың ба?
Бұл дүниеге келген соң,
Сұрауы бар судың да.*

*Әлди-әлди – бастамасы бар әннің,
Әлди-әлди – арманы зой адамның.
Өмірімнің күй сазы боп шалқыған*

Әлдиі зой менің әзіз анамның, - деп, жырлаған Қосжан Мүсіреповтің «Бесік жыры» да ақ тілектен туған деп ойлаймын.

Қадыр Мырзалиевтың жазған «Бесік жырының» да үндер үні – әкелік тілек.

*Еліне беріп сыртыңды,
Жеріңнен кетпе жыраққа.
Қуанта біл де жұртыңды,
Қызарта көрме бірақ та.
Суарған қаны атаңның
Бұл өңір – ыстық гүл өңір.
Бір шөкім жері Отанның –*

Бір ердің құны – біле біл!- деген жыр жолдары арқылы бесіктегі балаға ақ тілекпен қатар талап та қойған. Сағи Жиенбаевтың «Бесік жыры» ойнақы ойдан туған оралымды ой-арман:

*Бөпем менің ай ма екен?
Шекер ме екен, бал ма екен?*

*Ойнақтап бір бәйгеден
Озып келер тай ма екен?*

Сәкен Иманасовтың «Бесік жырында»:

*Әлди, әлди, әлди-ай,
Ұйықта, балам көзіңді іл,
Әлди, әлди, әлди-ай,*

Сотқарсың-ау өзің бір!- деп, баланың мінезін де жырға қосқан. Ермек Өтетілеуовтің «Бесік жыры» даналық ой мен ақ тілектен төгілген:

*Өзің тәтті балдай бол,
Өсіп, өсіп таудай бол,
Өмір жолын таңдай біл!*

Ақын Қайрат Жұмағалиевтың жазған «Бесік жырлары» өзінің әр баласына арналған.

Маралға, Жанарға, Айбасқа, Самалға, Бекзатқа, Айшаға, Жадыраға деген әкелік ақ тілегін жырға қосқан. Жадыраға арнап жазған «Бесік жырында» былай деп жыр толғайды:

*Сендей тәтті күлетін,
Көңіл бұлтын түретін
Сірә, бала бар ма екен
Сендей*

*Ұйықтай білетін?!
Жүрегімнің бөлшегі,
Өмірімнің өлшемі,
«Сүт кенжем!» - деп
Әрдайым*

Мақтан етем мен сені.

Мұзафар Әлімбаевтың «Бесік жыры» бала жанына жақын туған. Ақын өлең арқылы бөбекті әлдилейді, жыр бесігімен тербетеді:

*Төбемдегі аспаным,
Маңдайдағы жұлдызым,
Дәйім жырлар дастаным,
Күңгірт тартпас күндізім
Әлди, әлди, бөбегім,
Әлдилесін өлеңім.*

Дәстүрлі бесік жырларына тән «Әлди, әлди, әлди», «Әй-әй бөпем, әй бөпем», «Бал бөбек-ау, бал бөбек» деген сынды формулалық жолдар қазіргі ақындардың бесік жырларында жиі қайталанатын. Қазіргі ақындардың туындыларынан баланы аялау, мәпелеу мақсатындағы дайын, қалыптасқан образдарды, ауыстыруларды, теңеулерді молынан табамыз. Б.Майлинде: қалқам, М.Әлімбаевта: аспаным, жұлдызым, күндізім Т.Молдағалиевте: жаным, жан ботам, қарағым, мерекем, көктемім, С.Оспановта: ботам, құлыным, балдан тәтті шырыным, мұратым, қуатым, жүрегім, алтыным, Қ.Жұмағалиевте: құлыным, тұнығым, кеудемдегі шыбыным, омыртқадағы жұлыным, айым, күнім, медетім, ақ таңым, нәзігім, Б.Ысқақовта: шыбыным, құлыным, бөпешім, көкешім, Қ.Мырзалиевте: шыбыным, құлыным. Соңғы келтірілген мысалдардағы «кеудемдегі шыбыным» деген жақсы көруді меңзейтін бейнелі тіркес байырғы анимистік сеніммен тамырласады.

Бесік жыры өлеңдерінде ақындар Д.Қанатбаев «Балалы үй – базар» деген халық мақалын өзгеріссіз қолданса, Қ.Жұмағалиев «Сенсің – үйдің базары» деген метафораға айналдырады. Қ.Мұқышев «Әлди, әлди, базарым», С.Әлімқұлов «Тарқамайтын базарым» деген кестесімен баланың үй ішін азан-қазан, у-шу қылып жататындығын халық ұғымына сай етіп береді.

СЫРНАЙМЕН ӘН САЛУ ДӘСТҮРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ДАМУЫ

Әншілік өнер – көне заманнан бері қалыптасқан қазақ халқының қазынасы. Қазақ халқы әнге бай. «Маған бүкіл қазақ даласы ән салып тұрғандай болып көрінеді¹» деп, қазақ халқының әдебиеті мен өмірін зерттеуші Г.Потанин айтқандай, қазақта әнсіз өмір жоқ.

Халық әндері аймақтық мектептерге бөлінгенімен әндерді аспаппен сүйемелдеу барлық мектептерге тән. Ән айтып қана қоймай дәстүрлі әншіге сол әнді сүйемелдейтін аспапты меңгеру өте маңызды. Қазіргі кезде электронды музыканың дамуына байланысты кейбір музыкалық аспаптарымыз қолдану аясынан шығып, кенже қалып бара жатыр. Кезінде қазақ халқында ғана емес, жалпы, түркітілдес халықтарда өнерпаздар әр түрлі аспаптың көмегімен ән шырқағаны белгілі. Мысалы, қобызбен айту өнерінде қобызшы Смағай Үмбетбаевтың, белгілі әнші Бекболат Тілеухан, қазіргі кезде жас әнші Қазыбек Әдікеевтерді атап айтуға болады. Жетігенмен ән айту дәстүрін қазіргі кезде Қарақат Әбілдина және Картенбаева Қорлан жаңғыртуда. Қазақ даласында домбырамен ән айту дәстүрі кең тараған. Қазақ әншілері екі ішекті домбырада ғана емес, үш ішекті домбырамен ән салып, күй тартқан. Үш ішекті домбырада Бекболат Тілеухан, қазіргі кезде Бағлан Бәбіжан ән салып, дәріптеуде. Қазақ даласына сырнаймен ән салу дәстүрінің келуі

Ақындар фольклорда тұрақталған «ақ» эпитетін пәктік символы ретінде жиі қолданады, «ақ» ұғымының айқындаушы заттың, құбылыстың түсін білдіруі шарт емес, ұнататын, жақсы көретін нәрсенің бәріне қосақтап айту орныққан. Ақындардың бесік жырларынан келтірілген мына мысалдар бұл ойымызды қуаттай түседі: ақ самауыр, ақ бет (Т.Бердияров), ақ әже, ақ таң (Т.Ниеталиев), ақ жастық, ақ жөргек, ақ бесік, ақ мамаң, ақ сүт (Қ.Баянбаев), ақ балам, ақ табан (С.Сейтхазин).

Халық бесік жырларынан бастау алған ақындардың бесік жырлары да ұлтының ұрпағын ұлылық қасиеттерді бойына сіңіруге шақырады. Бесік жыры – балалар әдебиетінің кәусар бұлағы, бала тәрбиесінің негізгі құралы. Олай болса, ұрпағымыз бесік жырымен тербелсін! Ұлттың ұлылығын ұлықтайтын ұрпақ – ұлт болашағы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Б.Кенжебаев. Көне дәуірдің көркем мұрасы. Сөзстан. 4-кітап. А., «Жалын», 1983.
2. Ә.Қоңыратбаев. Қазақ фольклорының тарихы. А., «Ана тілі».
3. А.Байтұрсынов. Шығармалары. А., «Жазушы», 1989.
4. Советхан Ғаббасов. Халық педагогикасының негіздері. А., 1995.
5. М.Жұмабаев. Педагогика.
6. Бесік жыры. Өлеңдер. Құрастырған А.Асылбеков. А., «Жалын», 1989.
7. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. М.Ғабдуллин. «Мектеп», 1974.
8. Дауылпаз жырлар. Өлеңдер, поэмалар. Құрастырған С.Дәуітов. А., «Жалын», 1987.

Шөже, Шашубай, Тайжан, Құтбай, Нартай, Майра, Хафиза Майра сияқты өнерпаздардың есімімен тығыз байланысты.

Сырнай – гармонь, гармоника (грек тілінен аударғанда «үндестік», «үйлесімдік» деген мағына береді) клавишті-пневматикалық аспапқа ұқсас. Гармоньды 1822 жылы неміс шебері Ф.Бушман ойлап тауып, 1829 жылы өзгерістер енгізіп, аспапты жасап шығарған. Бұл аспап шыққан бойда өнерсүйер қауым арасында кеңінен таралып, тіпті, өзге түрлері пайда бола бастады. Сырнайға ұқсас аспаптар көптеген халықтарда кездеседі. Үн шығаруы мен аккомпонементтік тонның көптігіне байланысты оны аккордеон, баян, гармонь, сырнай деп атайды. Қазақта аспаптың «сырнай» деп аталуы оның дыбыстық ерекшеліктері мен жасау тәсіліне байланысты қолданылады. Шағын гармонның көрігін қатты картон қағазбен қаптап, оны «қағаз сырнай» деп атап кеткен. Дыбыс диапозоны түймелерінің санына байланысты болады. Қазақ халқының музыкалық тарихында сырнай кірме аспап болса да, қазақ мәдениетінде алатын орны зор. Дәстүрлі өнерді дәріптеген өнерпаздар сырнайдың сүйемелдеуімен жыр, терме орындап, ел аралаған (2). Атап айтқанда, XIX ғасырдың алпысыншы жылдары Бекен Жамақаев, Садық Кәрімбаев сырнаймен сүйемелдеп айтатын әндер жазды. Бұл дәстүрді олардан кейін Мұхамеджан Рүстемов, Жақсыгелді Сейілов, Мәліс Керейбаев, Ағайша сияқты әнші-композиторлар жалғастырды.

Майра Уәлиқызы небәрі 33 жылдық ғұмырында ұлттық музыка қазынасын өзінің баға жетпес інжу-маржандарымен толтырып кетті. Ахмет Қуанұлы «қазақ халқының шын досы» деп баға берген Александр Затаевичтің арқасында Майраның бүкіл әні

бүгінге жетті. Сырнаймен ән айту дәстүрі қазір де жалғасын табуда. Оған дәлел – жыл сайын өтетін Майра Уәлиқызы атындағы сырнайдың сүйемелінде ән айтушылардың байқауы.

Ұмытылып бара жатқан дәстүрді қайта жаңғыртуда Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика университетінің профессоры, композитор-музыкант Ағайша Исағұлованың еңбегі ерекше. Мұны қазақтың кеменгер ұлы Дінмұхамед Қонаевтың: «Мен қазақтың екі-ақ қызын білемін: біріншісі – Хафиза Әбуғалиева аккордеонмен ән салушы еді. Екіншісі – қарындасым Ағайша баянда ойнап, ән айтады. Бұл қыздар – елімізге келген біртуар таланттар», – деген ұлағатты сөзі растай түседі. (3). Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінде сырнайдың сүйемелдеуімен ән айтуға ниетті жастарды ән айтудың осы дәстүріне баулып, көзден де, көңілден де бұлбұл ұшып бара жатқан сырнайды қайта тірілтіп, оны өнерлі студенттердің сүйікті аспабына айналдыру мақсатында қырық жылдан астам осындағы музыкалық білім факультетінің сырнай бөлімінің тұтқасын ұстап келді. Ағайша шәкірт тәрбиелеумен шектеліп қалмай, кезінде сырнаймен ән шырқап, аты күллі қазақ даласына әйгілі болған Майра Уәлиқызының мұрасына ерекше ден қойды. Майраның қайталанбайтын орындаушылық мектебіне таңдана, тамсана жүріп, шаң басып, көзден таса қалып қойған «Бақша», «Толқыма», «Қызыл гүл», «Даланың әні» сынды туындыларын тауып, нотаға түсіріп, халқына тарту етті.

Қазір сырнаймен айту дәстүрін XX ғасырдың соңында Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік Консерваториясының түлегі, ҚР Президенттік оркестрінің жетекші әншісі, Қазақстанның еңбек

сiңiрген қайраткерi – Клара Төлeнбаева жаңғыртуда. Клара сырнаймен айтылды деген ескi әндердiң түпнұсқасын дәл таба алды, Майра, Нартай мен Шашубай сазы қайта жалғасын тапты.

Дегенмен, сырнай ән салу дәстүрi кенжелеп қалып, оның көп репертуары да жарыққа шықпай жатыр. Айта кетер жайт, ән өнерiндегi бес мектеп сияқты сырнайдың да өз ерекшелiктерi бар. Арқадан, Батыстан, Жетiсудан, Сыр бойы сырнаймен ән айтушылардың мақамы, мәнерi бiр-бiрiне ұқсай бермейдi. Әр бала әуелi аспапты дұрыс меңгерiп, қолы емiн-еркiн жүрiп, техникасы қалыптасып, саусақ машықтануы үшiн кейбiр музыкалық оқу орындарында Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының профессоры Зәуре Смақова жазған «Сырнай үйрену мектебi» деген аспапта ойнау әдiсiне арналған оқулығын музыкалық оқу-орындарында қолданып келедi. Аспапты қолмен басып, көзбен көрсетiп, әр саусақты өз орнына қоя отырып, бұрынғы таспаларды тындата отырып үйретуге тура келедi. Сондықтан да, сөз соңында айтарым, қазақ музыкалану ғылымында бұл сала, сырнаймен ән салу дәстүрi мен әншiлер шығармашылығы әлi де түбегейлi зерттеудi, сырнаймен ән салуды үйрететiн әдiстемелiк оқулықтардың шығуын қажет етедi. Қазiргi таңда Ақтөбе гуманитарлық колледжiнде сырнаймен ән салу дәстүрi бойынша өнерпаздар оқытылып, мамандар дайындалуда. Болашақта осы сияқты дәстүр жанашырлары сырнаймен ән салу дәстүрi мектебi ашылады деген үлкен үмiттеміз.

1. Б.Ысқақов, Ә.Қарамедина, З.Қоспақов, Т.Жұмағалиева, Д.Ахметбекова. «Қазақ халқының дәстүрлi музыкасы».

2. <http://massaget.kz/madeniet/music>.

3. <http://almaty-akshamy.kz>.

Арай АРҒЫНҒАЗИНА,
Үшқоңыр ауылындағы орта
мектеп мектепке дейiнгi
шағын орталықпен КММ
би үйiрмесiнiң жетекшiсi, хореограф.
Алматы облысы,
Қарасай ауданы.

БИ – ӨНЕРДIң БIР ТҮРI

Негiзгi мақсаты: балалардың би әлемiн түсiнiп-қабылдаудағы талғампаздығын тәрбиелеу, эстетикалық сезiмталдығын қалыптастыруда бiлiмдi, мәдениеттi болып өсуiне әсер етудiң мектептегi би өнерiнiң рөлi, би қажеттiлiгi жайында қоғамдық сананы нығайту.

«Өнер – өнегелi, ақылды адамдарды тәрбиелейтiн құрал» деп Кеңес педагогы В.А.Сухомлинский айтып кеткендей, тәрбие үрдiсiнде өнерге аса көңiл аудару қажеттiлiгiн атап көрсеткен болатын. Сол өнердiң бiрi – би өнерi.

Би бiр сәттiк қана, билеу кезiнде ғана өмiр сүретiн уақытша, өткiншi өнер болғандықтан, би шығармашылығының тарихи қалыптасуын зерттеу өте күрделi. Өйткенi ол өзiнен кейiн материалдық – заттай ескерткiш қалдырмайды. Биге қатысты сурет, жазба және iлеспелi музыка оның бiр қырын ғана қамтып, бiржақты түсiнiк берумен шектелсе, осы заманғы кино түсiрiлiм ғана би өнерi жайында толық түсiнiк бере

алады. Ежелгі би шығармашылығы туралы тарихи деректер там-тұм болғандықтан, тым тапшы әрі оның өзі де болжамды.

Хореография (грек.choreia – би, grapho – жазамын)

Шартты белгілер жүйесі арқылы би қимылдарын жазу.

Би және би спектакльдерін қою деген мағыналарды білдіреді.

Алғаш рет «Хореография» терминін француз би үйретушісі Р.О.Фейе енгізді. Қазақстанда «Хореография» термині 20-ғасырдың 30-жылдары қолданыла бастады.

Әр өнер адамзаттың қайғы-қасіретін, ойын, сезімін, неше түрлі бүгінгі, кешегі, тарихи немесе фантастикалық оқиғаларды адамдарға өзіне тән құралдармен, амал-тәсілдермен жеткізуге тырысады. Және әр өнер шартты болып келеді. Сол өнерлердің ішінде хореография өнері ерекше. Өйткені хореография ол – сөзсіз өнер. Оның негізі – би. Хореография – ой мен мазмұнды музыкалық-хореографиялық бейне арқылы ашатын сахналық өнердің бір түрі. Оның қайнар көзі – халық билерінде. Жалпы би – психиканың эмоциялық аясының жемісі.

Аристотель биді «Адамдардың мінез-құлқын, ішкі жан дүниесін, әрекетін көрсететін таза ырғақтың көрінісі деді, себебі би қимылдары туар кезде ырғақтық сурет әдетте оны туғызған сезім күйіне сәйкес келеді» деген екен.

Би өнерінің мәні неде? Би сөзсіз, тек бишінің дене қимылымен, бет-әлпетімен әңгімелейді. Әңгімені би тілімен жүргізу үшін бишінің ерекше табиғи қасиеті,

дарындылығы болуы қажет және бұл өнер түрін көптеген жылдар бойы арнайы мектептер мен жоғары оқу орындарында оқуы қажет. Хореографиялық мектептердегі ең басты сабақ – ол классикалық би. Латын тілінен аударғанда «Үлгілі» деген мағынаны білдіреді. Классикалық биді біз балет деп атаймыз. Балет дегеніміз итальян тілінен аударғанда «Билеймін» деген мағынаны білдіреді. Балет, би, хореографиялық көріністердің авторын – балетмейстер деп атаймыз. Осылайша би өнерінің мәні – классикалық биде деп толығымен айта аламыз.

Би қалай туады? Бидегі ырғақтықты сезіну қимылдың бір уақытта бірдей қайталануы, үзіліс пен екпін түсіруі әрі алмасуы нәтижесінде жетеді. Бидегі музыкалық, ырғақтық үзілістер би үзілістерінің эмоциялық-динамикалық қалпына сәйкес келеді. Би билеу орындаушыға мамыражай, жан жадыратар рахат бір күй әкеледі. Оның биологиялық немесе табиғи бастаулары ежелгі би шығармашылығының дамуына жағдай жасады. Бидің негізі – адам бойындағы көркемдік талаптардың тууы секілді биге деген психологиялық қажеттілікті анықтайтын шығармашылықтың қоғамдық бастамасы.

Күнделікті өмір-тұрмыстағы шабандозбен ат пластикасының әсемдігін айшықтайтын би қимыл-қозғалыстары мыңдаған жылдар өтсе де, көп өзгерістерге ұшырамай, қазақтар арасында тұрақты дәстүрге айналып, күні бүгінге дейін сақталып жетті.

Мифтік тұлпардың бидегі бейнесі «Тұлпарша» тұлпар самғауы, «Құс қанат» қанатты секірістер, «Қамдама» қанатты бұрылыс сияқты халықтың дәстүрлі қимыл-

қозғалыстарында сақталған. Ал қазақтың «Желдірме» ат желісі, «Шабыс» аттың еркін шабысы, «Тепең жорға» жорға жүріс, «Төбінгі» төбінгі және тағы басқа көптеген дәстүрлі би қимылдары ежелгі әскери бидің салттық жұрнағының бейнелі түрдегі жалғасы.

«Би өнері адам өмірінің эмоциялық табиғаты мен оны қоршаған табиғи ортаны бейнелеген көркемдік шығармашылық салаларында елеулі орын алды. Осының қалыптасуы қоғамның әр алуан талаптарына, ең алдымен жастарды ұжымдық қарым-қатынастарды талап ететін аңшылық, соғыс кездерінде физикалық, рухани тұрғыда шымырлыққа тәрбиелеу қажеттілігіне байланысты болды». Тұтас алып қарағанда би шығармашылығын, оның ішінде қазақ биінің қалыптасуы барлық дүние бейнелі түрде қабылданып әрі оның бәрі бейнеге айналдырылған тарихи кезеңге жатады. Сөзім де өзін қоршаған өмірлік ортаның суреті, адамның ішкі жан дүниесі ретінде бейнелі түрде түсіндірілді. Бұл қоғамның даму сатыларының ерте кезеңіндегі би шығармашылығына қуатты эмоциялық серпін берді.

«Мектептегі би өнері үйірмесінің оқыту әдісі». Би өнерін дұрыс оқыту – бұл тарихымызды, салт-дәстүрімізді, ұлттық сазымызды таныта отырып тәрбиелеу. Сонымен қатар оқушының дене бітімін әдемі қалыптасуына үлесі зор, нағыз денсаулықты шыңдайтын пән. Би өнерінің сабақтары сапалы болуы үшін дидактиканың негізгі ұстанымдарына бағыну керек, бұлар саналы-эмоциялы тұжырымдамалық және сарамандық, бірізділік, көрнекілік, оқылатын материалдарға шығармашылық ықпал жасай білу.

Эмоциялық және логикалық ықпал ету – сабақ жүргізудің дайындық қойылым жұмыстарының негізгі алғы шарттары болып табылады.

Қимылды жаттап алу – ырықсыз рефлексмен сезіну мен түсінісу кезеңін өткен кезде осындайдан бұлшық еттің сезінуі арқылы меңгеріледі. Осындай жолмен жатталған қимыл әрекет естерінде ұзақ сақталады.

Көрнекілік – бұл негізгі оқыту және би өнерінің қозғалыстарын жетілдіру, биге үйрету сабақтары негізінде белсенді ықпал жасайтын көрермендер. Түсіндіру, қайталап көрсетулерді би өнері сабақтарының педагогикалық үдерісінің негізгі әдісі деп есептеуге болады.

Оқыту жүйелілігі – балалармен жұмыс жасаудағы әдістердің түрлі формадағы қолданылуы – педагогикалық үдерістегі маңызды компонент.

Оқытудағы сабақтар: классикалық, халықтық-сахналық, тарихи-тұрмыстық, сонымен қатар өзіміздің ұлттық биіміз – қазақ билері оқытылады және қосымша модерн, латын-американдық, аэробикалық, қазіргі заман билері оқытылады. Осылайша балалардың жан-жақты тәрбиеленуіне үлес қосамыз. Сабақтың логикасы, оның мақсаттылығы мен жүйелілігі, машықтық сабақтардың жүргізілуі, қойылым жұмыстарымен дайындық, би өнері туралы қысқаша түсінік – тұтастай алғанда, тек шығармашылық ықпал ету, мүмкіндігі мен қызығушылығын ескерту.

Би өнерінің салауатты өмір салтын қалыптастыру жолы. Білімін жұмыста, үйде, демалыс кезінде қолдана алатын адам-рухани бай, мәдениеті жоғары адам. Адам өз халқына, еліне мүмкіндігінше пайдасын тигізу

үшін – дені сау, күшті, епті, төзімді болуы тиіс. Ондай адам қандай жұмысты да шаршамай, шалдықпай істей алады. Шаршаса да оңай әл жинап, тез тыныға біледі. Ондай адамды өз денесін тәрбиелеген, шыныққан, төзімді, қайратты адам дейміз. Бұған би пәні де негіз бола алады. Бұл пән оқушының салауатты өмір-салтын қалыптастыруға бастар бірден-бір жол. Биде тәрбиеленген балалардың жүріс-тұрысы, дауыс ырғағына дейін, ішкі-сезімінің дамуы ерекше келеді. Би – бұл өнер, әрі спорт, ал бимен әрдайым шұғылданатын болса, ол денсаулыққа, әрі өзін жақсы сезінуге пайдалы.

Бидің денсаулыққа пайдасы:

1. Түрлі жаттығулар жасаған кезде денеден көп мөлшерде көмірқышқыл газы бөлінеді, бұл жүректегі қан айналымын жақсартады.

2. Қан айналымын қалыпты ұстауға әсер етеді.

3. Қан қысымының көтерілуін тежейді.

Би тек қана сырт келбетті емес, сонымен қатар ішкі дүниенің, сана-сезімнің артуына ықпал етеді, түрлі зиянды заттардан аулақ болуға баулиды. Би өнері ішкі рухани әлемді ашады, адамды сұлулыққа тәрбиелейді, игі қасиеттерді оятады, адамгершілік идеяларды насихаттайды.

«Тынымсыз ізденіс, түбегейлі нәтиже». Би адамның ішкі дүниесін байытып, жанын тазартатын құдіретті өнер. Оқушылардың өнерге сүйіспеншілігін, өмірге құштарлығын, еңбекке, іскерлікке ынтасын арттыруда жеке тұлғаның қалыптасуына би өнерінің әсері ерекше.

Енді өз тәжірибемнен жүргізілген жұмыстарыма тоқталсам: Үшқоңыр ауылындағы орта мектебінің «Хореография» үйірмесінің оқушылары (аталған

мектепте 2013 жылдан бастап «Арай» би тобы жұмыс істейді) сабақтарда меңгерген жұптық, жеке, топтық жұмыстарының нәтижесінде мектепшілік мерекелерге, концерттерге, салтанатты жиындарға және аудан, облыс, республика көлеміндегі байқауларға қатысып, өз шеберліктерін шыңдап, жүлделі орындардан көрінуде.

Атап айтқанда «Арай» би тобының жетістіктері:

1. Аудандық «Нұрлы Үміт» байқауында «Шолпы» биімен ІІІ орынды иеленді. (2013 жыл).

2. Аудандық «Ақкөгершін» байқауында «Балалық шақ» биі көрермендер көзайымы номинациясы (2014 жыл).

3. Аудандық «Ақкөгершін» байқауында «Испан» биі және «Қазақ биі» І дәрежелі дипломат атанды. (2014 жыл)

4. Халықаралық «Танцующий мир» атты сайыста «Финская полька» биі 48 топтың ішінен ІІ орынды жеңіп алды. (2014 жыл).

5. Халықаралық «Танцующий мир» атты сайыста «Қуыршақ» биі 48 топтың ішінен үздік деп танылып, жүлделі І орынды жеңіп алды. (2014 жыл).

6. Аудандық «Ақ көгершін» байқауында «Лучший педагог» номинациясы үйірме жетекшісі Арғынғазина Арайға берілді. (2014 жыл)

Би өнері – оқушының эстетикалық мәдениетін дамыту арқылы жас баланың бойына адамгершілік негіздерін қалыптастыру. Өз халқының төл рухани мәдениетінің қыр-сырын, салт-дәстүрін білген тұлға – елінің патриоты ғана емес, өзге ұлттың да болмысын құрметтей білетін, яғни, ұлттық санасы биік, өркениеттің көшіне ілесер жан-жақты азамат болары сөзсіз.

Гүлжазира ЖАНЫҚҰЛОВА,
Қазалы көлік-техникалық
колледжінің тәрбиешісі.
Қызылорда облысы,
Қазалы ауданы,
Әйтеке би кенті.

ҒАЛАМЗАТҚА ЖІБЕРІЛГЕН РАҚЫМ НҰРЫ

«Расында, Аллаһқа және ақыретке иман келтіріп, Аллаһты көп еске алатындар үшін Аллаһ елшісінде керемет үлгі-өнеге бар». Ахзаб сүресі, 21-аят.

Ол адамзат тарихының дамуын күрт өзгертіп, рухани әрі қоғамдық салада ең ұлы төңкеріс жасады. Адамдардың ой-санасын ақиқатқа жетелеп, жүректеріне мейірім мен рақым сыйлады. Соңғы пайғамбар келер кезде араб түбегі ғана емес, күллі адамзат ең ауыр кезенді бастан кешуде еді. Дүние-жүзі халықтары наным-сенім тұрғысынан бір-біріне кереғар таптар мен топтарға бөлініп, жік-жікке ыдырады. Адамгершілік қадір-қасиет аяқасты етіліп, күштілер әлсіздерге күн көрсетпей табанына салып езумен болды. Міне, осындай қараңғы дәуірде Аллаһ тағала сүйікті құлы Мұхаммедке (с.а.у) пайғамбарлық міндетті жүктеді. Мейірім мен мейірбандылықтың,

адамгершілік пен парасаттылықтың, ізгілік пен жақсылық, көркем мінез-құлықтың үлгісін паш етсін деп Оны күллі әлемге тек рақым етіп жіберді.

Екі жаһан мырзасы дүниеге келгенде, әлемде әдеттен тыс құбылыстар байқалып, аспанда ерекше жұлдыз пайда болды. Әбдімүттәліптің марқұм ұлы Абдуллаһтың жесірі Әмина босанғанда баланың жауырынында ерекше мөрі бар екен. Мұхаммед Пайғамбар дүниеге келгенде, Иранда мыңдаған жылдардан бері жанып тұрған отқа табынушылардың алауы өз-өзінен сөнді де қалды. Мәдайін қаласындағы зәулім Кисра сарайының сәулетіне сән қосқан тірек-бағандары да қирап түсті. Пұтқа табынушылардың Қағба маңындағы барлық пұт атаулысының күлтәлқаны шықты. Бұл- тегін емес, бір Құдайға деген сенімді нықтайтын тәухидтің мысы еді.

Барша пайғамбарлар өз міндеттерін толық атқарып, өздерінен кейін ең соңғы пайғамбардың келетін хабарын білдіріп, сүйіншілеп кеткен. Аллаһ тағала пайғамбарлардың барлығына осы сүйіншіленген соңғы пайғамбарға иман келтіріп, жәрдем етуді бұйырды. Құран Рақым пайғамбардың үмбетіне деген сүйіспеншілігін былай суреттейді: «Расында сендерге іштеріңнен ардақты бір пайғамбар келді. Қиналғандарың оған ауыр тиеді. Сендерге өте ынтық. Мүминдерге өте жұмсақ, ерекше мейірімді».

(Тәубә, 128)

Пайғамбарымыздың балаларға деген мейірімділігі елден ерекше еді. Ол балаларды маңдайынан иіскеп сүймеуді-тас жүректілік пен мейірімсіздіктің белгісі әрі Аллаһтың рақымдылығынан мақұрым қалу деп түсіндірді.

Хазіреті Пайғамбарды (с.а.у) еске алғанда, көз алдымызға тек қана мейірім мен сүйіспеншілік келеді. Ол бүкіл адамзатқа мейірімділік пен рақым алып келді. Достары түгілі дұшпандары да Одан тек қана жақсылық пен ізгілік көрді. Өзіне жасалған барлық қастандық, дұшпандық атаулыны кешіре білді. Адамдардың мәңгілік бақыты үшін бір орнында байыз таппай, үнемі талмай-жалықпай тура жолға шақырумен болды. Оларға жаны ашығаны соншалық, тіпті өз жанын құрбан етуден де аянбады.

Айша анамыздың айтуына қарағанда, Пайғамбарымыз сөйлегенде байыппен, әр сөзін жеке-жеке анық етіп сөйлейтін. Өте маңызды сөздерді үш реттен қайталайтын. Сондықтан сөйлегенде Пайғамбарымызды түсінбейтін жан қалмайтын. Бос сөйлегенді ұнатпайтын, әрдайым жарқын жүзді, жылы шырайлы еді. Ол жайлы Абдуллаһ ибн Харис «Үнемі күлімсіреуде Одан өткен ешкімді көрмедім» дейді. Пайғамбарымыз қатты айқайлап күлмейтін. Оның күлкісі тек езу тартып жымию болатын. Оның күлімсіреп қарауы – адамдарға мейірімділігі, айқайлап күлмеуі – адамдардың келешегінің уайымынан еді.

Ол көпшілікке бір нәрсе үйреткісі келген кезде ешкімнің айыбын бетіне басып, жұрттың алдында

атын атамайтын. Сол үшін де кемшілік жасаған адам өзі-ақ қатесін дереу түсінетін. Қарсы алдындағы кісі қаншама дәрекі болса да сабырлықпен тындап, өзінің тұлғалығын әрдайым сақтап, оларға қабақ шытпайтын, қайта арқасынан құлап кетпесін деп сәждеде ұзақ тұратын (Бухари, Китабус-салаат,52).

Аллаһ тағала Құранда: «Сен керемет мінез-құлыққа иесін» - деп Аллаһ елшісінің бойындағы осы қасиеттерді нұсқайды. Оның(с.а.у) бойындағы қасиеттері адамзатты әлі де тәнті етуде. Ол: «Мен көркем мінезді кемеліне келтіру үшін жіберілдім» деп, өзінің өмірге келгендегі асыл мұратын білдіре келіп, саналы ғұмырын көркем мінезді дәріптеуге арнады. Пайғамбарымыз халыққа тек құрғақ үгіт-насихат айтып қана қоймай, оны өз өмірі арқылы өрнектеп көрсете білді. Кез келген адам қарама-қайшы екі көркем қасиетті бір-біріне араластырмай, шатастырмай тепе-теңдігін сақтап алып жүруі өте қиын. Мысалы, бір адам жомарт болса да бұл жомарттығын асырып, ысырапшылдыққа апаруы мүмкін немесе қолындағысын үнемдеймін деп жүріп сараңдыққа бой алдыруы ықтимал. Ал, Пайғамбарымыз болса, ешбір жақсы қасиетті екінші бір қарама-қайшы қасиетпен араластырмаған, өз арнасынан асырмаған. Аллаһ елшісі ержүрек, батыр және осымен қоса құмырсқаны байқамай басып кетсе, жүрегі елжіреп, діріл қағатындай аса мейірімді боламын деп ешқашан қорқақтық пен қорлануға бас имеген. Бүкіл ғаламға ұстаздық

етіп, үлкен мәселелерді қозғаған Пайғамбарымыз кішкентай бүлдіршіндермен құмда отырып ойыншық ойнайтындай қарапайым әрі кішіпейіл еді.

Аллаһтың сүйікті елшісі Аллаһ жолында, дін Исламның қуатын алып, күшеюі жолында ештеңесін де аяп көрген емес. Мәрттік – о бастан Оның сіңісті қасиеті еді.

Айша анамыз үй ішінде Пайғамбарымыздың ел секілді қарапайымдылық танытатынын, өз киімін өзі жамайтынын, үйдегі жұмыстарға көмектесетінін, өз жүгін ешкімге көтерпей өзі таситынын, аяқ киімін де өзі жамайтынын айтқан. Бір күні сахабасы Абдуллаһ ибн Юср Пайғамбарымыздың үйіне барады. Баруын барғанмен эз Пайғамбардан қатты жүрексініп, жанарын тайдыра береді. Оның өзінен қорқып, аяқ-қолы дірілдегенін көргенде әлемнің ардақты Елшісі «Бауырым, қалтырама! Мен патша емес, Құрайыштың қатқан нан жеген әйелінің ғана баласымын ғой» деген еді.

Пайғамбарымыз Меккеге кірген кезде де жеңімпаз рухымен көкірек кермей, кішіпейілділік танытқаны соншалықты басын төмен игенде басы атының еріне тиген.

Пайғамбарымыздың сахабалары Оған иман келтіргеннен кейін Оны өз жандарынан да артық жақсы көрді. Жақсы көріп құрметтегендері соншалық олардың қай-қайсысы болсын Пайғамбарымыз үшін шыбын жанын пидаетуге әзіреді. Қиын-қыстау кезінде үнемі қасынан табылып, небір қиыншылықтарға

мойымай, қайта қуана көтерген сахабаларын Пайғамбарымыз да қатты жақсы көретін. Хазіреті Мұхаммедтің ұлы тұлғалығын мұсылмандар ғана емес, көзі ашық, көкірегі ояу ынсапты басқа дін мен мәдениет өкілдері де мойындап, бас иді. Бисмарк сияқты даңқты қолбасшы: «Ей, Мұхаммед! Сенің ғасырыңда тумағаныма қатты өкінемін ...Адамзат Сен сияқты ерекше тұлғаны бір-ақ рет көрді, бұдан кейін көре алмайды. Мен сенің алдыңда құрметпен бас иемін» дейді.

Пайғамбарымыздың өмірі жайында мәліметтер көп-ақ. Олардың әуелгісі – Жаратушының жарлықтарын қамтыған қасиеті Құран Кәрім, содан кейінгісі – хадис кітаптары, «арабтардың архиві» саналған өлең-жырлар, Пайғамбарымызды қатты жақсы көрген кісілердің өздерінен кейінгі буындарға мұра етіп жеткізген ауызша хабарлары.

Алға қойған мақсаты толықтай жүзеге асып, ию-қиюы қашқан тайпалардан ірі мемлекет құрылғанын көзімен көрген тұлға – хазіреті Мұхаммед қана. Аллаһ елшісі (с.а.у) пайғамбарлығынан бұрын да турашылдығымен, табиғатының өзгешелігімен, сөзіне беріктігімен, сенімділігімен, мейірімділігімен және қол ұшын беруге әзір тұратын елгезектігімен теңдессіз үлгі көрсетті.

Қазір Оның өмірі мен асыл мұратын түсінген кім болса да оның ұлылығына бас иері сөзсіз.

**Айгүл МАҚСАТҚЫЗЫ,
С.Жиенбаев атындағы
облыстық жасөспірімдер
кітапханасының инновациялық және
әдістемелік жұмыстар
бөлімінің меңгерушісі.**
Ақтөбе қаласы.

БІЛІМНІҢ ҚАЙНАР КӨЗІ – КІТАПХАНА

Тарих қатпарына үңілсек, кең-байтақ тұз далада тыныш өмірді аңсаған ата-бабаларымыздың арманы – осы Тәуелсіздік еді. Бұл қасиетті мәртебеге қолы жеткен жас мемлекетіміздің болашағы – оның жас ұрпағы. Сондықтан еліміз сол ұрпақтың дені сау, сана-сезімі жан-жақты жетілген, білімі, мәдениеті мен парасаты жоғары болуын көздейді.

Елбасының «Қазақстан – 2030» бағдарламасында: «XXI ғасырда білімсіз өмір сүру мүмкін емес, халықты салауатты да, сауатты өмірге бағыттауымыз керек» деген сөздері бүгінгі ұрпақ – ертеңгі ел азаматтарына, білім мен тәрбие берер жандарға міндеттелген аманат іспетті. Бүгінгі күні жас ұрпаққа берілер білім мен тәрбиенің өз мәнінде сапалы болуы бірінші кезекте тұрғаны анық. Осыған орай, еліміздегі бірден-бір руханият ордасы – кітапхананың алар орыны ерекше. «Кітап – адамзат мәдениетінің ең ұлы

туындыларының бірі», сондықтан да кейбіреулерге тосын көрінгенімен, кез келген елдің мәдениетінің алтын дінгегі – кітапхана.

Білім бұлағы саналатын кітаптың қастерлі қасиетін таныған шығыстың жарық жұлдызы – Әлішер Науаидің «Кітап – ақылына ақы сұрамайтын алтын қазына» сөздерін еске алсақ, кітаптың өзін қайдан аламыз? Қызықты ақпараттармен қайда танысамыз? Әрине, кітапханада...

Ақтөбе қаласындағы С.Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасы – облыстағы жасөспірімдерге арналған жалғыз арнаулы қасиетті мекен. Алғашқы күннен бастап-ақ бұл мекеме облыстағы оқырмандар сұранысын қанағаттандырумен бірге, оқу-ағарту ісіне белсенді қатысып келеді.

Әрбір кітапхананың өзіндік тарихы бар. Руханият ордасының тарихына шегінсек, кітапхана 1979 жылы құрылды. Замана ағымына қарай асыл қазыналар қоймасына 2000 жылы көрнекті ақын Сағи Жиенбаевтың есімі берілуі – Ақтөбе халқы үшін үлкен мақтаныш болды. Бүгінде «Сағи Жиенбаев – қазақ поэзиясы әлемінде» атты тұрақты кітап көрмесі оқырмандарға қызмет етуде. Сонымен бірге қазақ ақыны, поэзия зергері және ақындардың әлденеше буынының ұстазы – Сағи Жиенбаевты туған күнінде еске алу кешін өткізу жыл сайын дәстүрге айналды.

Біздің міндетіміз – жастар мен жасөспірімдерді жүйелі оқуға тарту, оларға қол жетімді ақпарат көздерін ұсыну, жастардың сұранысына байланысты

кітапхана қорын әдебиеттермен толықтыру. Сондай-ақ түрлі тәрбиелік мақсаттағы салалық оқу құралдарын тиімді пайдалануға, «Мәдени мұра» бағдарламасына сай өлкетану, білім беру ісіне көмек көрсету бағытында көпшілік шаралар өткізіледі.

«Артық ғылым кітапта,

Ерінбей оқып көруге» деп Абай атамыз айтқандай, дүниенің ғылым-білімін, тылсым мұраларын, небір тылсым жұмбағы мен ғажайыптарын төрінде ұстаған кітапхана бірнеше құрылымнан тұрады. Оқырмандарға құжаттарды жинақтау, өңдеу және каталогтар ұйымдастыру бөлімі, жасөспірімдерге қызмет көрсету бөлімі, өнер жөніндегі әдебиеттер бөлімі, инновациялық және әдістемелік жұмыстар бөлімі қызмет көрсетеді.

Әрбір кітапхананың негізі – кітап қоры. Бүгінде жасөспірімдер кітапханасының жалпы кітап қоры 82000 данадан тұрады. Кітап қоры сұранысқа сай жаңа кітаптармен толықтырылып тұрады. Мерзімдік басылымдар қорды толықтырудың негізгі қайнар көзі болып табылатындықтан, 300-ден аса республикалық, облыстық газеттер мен журналдарды жаздырып алады. Сондай-ақ бүгінде кітапхана қорын электронды кітаптармен толықтырып келеміз. Кітап қорындағы сирек кітаптар мен оқулықтар, өлкетану бағытындағы бір даналық кітаптарды (оцифровка) сандық түрде көбейтіп, электронды қорға қосып отырамыз. Мәселен, биыл жергілікті ақын Сағындық Ниянқұловтың «Ауылға хат», жазушы Тобық Жармағанбетовтың

«Отамалы» және тарихшы Беркін Құрманбековтың «Темір тарихы», т.б. кітаптар саны көбейтілді.

2003 жылдан бері жастар мен жасөспірімдердің бос уақыттарында ой-өрістерін дамытуды қамтамасыз етуді мақсат еткен **«Кітапхана – жастардың мәдени-демалыс орталығы»** бағдарламасымен, ал 2010 жылдан бастап Облыстық арнаулы есту қабілеті бұзылған балалар мектеп-интернатымен бірлесе **«Шапағат»** кітапханалық қайырымдылық өлкетану бағдарламасы жұмыс жасап жатыр. Осы бағдарлама аясында «Шапағат» клубы ұйымдастырылды. Мұнда жасөспірімдерге өлкетану бойынша «Ақтөбе – асыл мекенім» әдеби саяхаттары, «Абайды оқы, таңырқа» атты Абай оқулары, «Мен және Заң» викторинасы, «Ұлттық дәстүр, салт-санам – тірегім», «Наурыз тойы – мереке, салт-дәстүрім – береке!» салт-дәстүр сағаттары және т.с.с. ойын түріндегі шаралар өткізіліп келеді.

Адамзат баласының жер басып өмір сүрген уақытынан бүгінгі күнге дейінгі басты үш құндылығы – білім, ғылым және өнер. Ал осы құндылықтардың қыр-сырын түсінуге қол ұшын беретін, алуан түрлі ғылыми жаңалықтарды ашуға апаратын бірден-бір жолдың ордасы – кітапхана. Ізденушілерге мәдени-ағартушылықты кеңінен таныстыратын білім ордасы да – осы кітапхана. Кітапханаға студенттер, жоғарғы сынып оқушылары келіп, қажетті әдебиеттерін жаздырып алып отырады, білімін толықтырады. Бұл орын жасөспірімдердің шығармашылық жұмыстарымен шұғылдануына көп

ықпалын тигізеді. Мәселен, 20 жылдан астам уақыт бойы «**Құрдастар**» клубы қазақстандық және әлем өнерін негізге ала отыра жеткіншектерді эстетикалық тәрбиеге баулып, жұмыс жасап келеді. Жыр сүйер жастардың шығармашылығын шыңдауға, жас қаламгерлердің талабын қолдауға арналған «**Ақ қауырсын**» клубы ашылды. Поэзияны пір тұтатын дарынды жастардың басын қосқан бұл клуб ашылғаннан бері оқырмандардың ыстық ықыласына бөленуде. Кітапханада бірнеше жылдан бері «**Жыр жазамын жүрегімнен**» әдеби қонақжайында ақтөбелік ақындар – Кәрім Айнабеков, Ертай Ашықбаев, Бауыржан Бабажанұлымен кездесу кештері, олардың жаңа кітаптарының тұсаукесерлері, мерейтой кештері ұйымдастырылды.

Қай саланың маманы болмасын оның еңбегі атқарған қызметімен өлшенеді. Соның қатарында Ақтөбе өңірінің мәдениет саласын өркендетуге лайықты үлесін қосып жүрген С.Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасының директоры Марат Төлебай да бар. Тәжірибелі жетекші басқаратын мекемемізде түрлі инновациялық жұмыс түрлері басшылыққа алынып, жасөспірім оқырмандарымыз үшін көпшілік шараларға қатысу қызғылықты әрі пайдалы болуына басым көңіл бөлінуде. Мәселен, «Бір ел – бір кітап» республикалық акция, облыстық «Оқитын өлке» акциясы және Елбасының Жолдауын насихаттаумен бірге, 23 сәуір – Бүкіләлемдік кітап мерекесі күніне орай жоғарғы және арнаулы оқу

орындарының үздік студенттерінің қатысуымен «**Кітап – уақыттың мәңгілік куәгері**» атты дөңгелек үстел ел есінде қалды. Қазақстанның Елордасы – Астана қаласының 15 жылдығына орай облыс жасөспірімдері арасында «**Астана – еліміздің жүрегі**» атты поэзия байқауы өткізілді. Байқауға 98 үміткердің еңбегі қабылданды. Поэзия байқауына Ақтөбе қаласы мен Мұғалжар, Темір, Шалқар аудандарының жастары белсенді қатысты. Байқауға түскен барлық шығармаларды қазылар алқасының мүшелері талдау-сараптама жасап, 10 өлеңді анықтады. Нәтижесінде Ақтөбе қаласындағы №47 жеке пәндерді тереңдетіп оқытатын қазақ орта мектебінің 10 сынып оқушысы **Бақаев Ерсұлтан** «Астанаға тілек» өлеңімен **I орынды** иеленді. **II орын** Ақтөбе гуманитарлық колледжінің 2-курс студенті **Мұханбетова Ақжанның** «Астана» өлеңіне, ал **III орын** – Мәртөк ауданы, Коминтерн ауылы, Коминтерн орта мектебінің 11 сынып оқушысы **Қазыбек Аманжолұлының** «Астана – еліміздің жүрегі» өлеңіне бұйырды. Сонымен қатар Үздік өлеңдер бойынша ынталандыру сыйлығының 7 иегерлері де марапатталды.

Қазіргі таңда кітапхана ісі заман талабына қарай күрделеніп, әрбір қызмет аясында жаңа технологияларға негізделген белестердің орын алуы, кітапханашы мамандығын жаңа бетбұрысқа қалыптастырып келеді. Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі мен Қазақстан Республикасының Кітапханашылар Ассоциациясының

ұйымдастыруымен 2008 жылы Ұлттық академиялық кітапханасында өткізілген жас кітапханашылар слеті бүгінгі кітапхана саласындағы жас мамандардың ой – тілегін, арман – мүддесін тоғыстыратын үлкен ізгі шара болды. Кітапханашылардың тұңғыш слетіне кітапхана қызметкері Айгүл Қырымқұлова облыс атынан қатысты. Ұлттық академиялық кітапхана балалар мен жасөспірімдерді Отансүйгіштік рухында тәрбиелеу бағытында ұйымдастырған ең үздік инновациялық жұмыстардың республикалық сайысына қатысқан кітапхана библиографы Арыстамбаева Әсемгүлдің әдістемелік жұмысы үздіктер қатарынан орын алып, электронды жинаққа енді.

Жалпы, кітапхана құрылғаннан бастап, келелі табыстарға жетуде тәжірибелі ардагерлеріміздің қосқан үлесі зор. Мәселен, кітапхана қызметінің қыр-сырын меңгерген, ұзақ жылдар мекемені басқарып, еңбегін сіңірген Сағым Досымқызы Қауымбаева, әдістеме ісін дамытуда алдына жан салмаған Татьяна Кучер – бүгінде құрмет демалысына шыққан мәдениет саласының сыйлы ардагерлері.

Адамзат үшін де ең асылы – кітапхана. Ал, кітапханашы – теңдессіз байлықтың күзетшісіндей, шырақшысындай аяулы жан. Кітапхана мамандығына жанымен берілген қызметкерлер Әлия Түлекова, Бағдагүл Махамбетәлиева, Үржан Құдасова, Масаты Панина, Шынар Қошанова және тағы басқа өнегелі кісілердің елеулі еңбегін атап өткен жөн. Бұл кісілердің барлығы – жоғары білімді, жүздерінен нұры, жүрегінен

иманы төгіліп тұрған жандар. Оқырманның алдында зыр жүгіріп, ерінбей қызмет етеді. Сол мінезімен көпке өнеге, жастарға үлгі болып, өз қызметтерін адал атқарып келеді.

Кітапханадағы басты тұлға – кітапханашы. Ал кітапханадағы өткізілген алуан түрлі шаралар, тамаша бастамалар, жарқын жүздесулер – ұжым қызметкерлерінің біліктілігінің, шеберлігінің және олардың өз кәсібіне деген шынайы сүйіспеншілігінің айғағы.



Арай ӘБИЕВА,
Н.Байғанин атындағы
облыстық балалар
кітапханасының
кітапханашысы.
Ақтөбе қаласы.

ҰЛЫЛЫҚ ПЕН ЖЫЛЫЛЫҚТЫ БОЙЫНА ДАРЫТҚАН ТҰЛҒА

Н.Байғанин атындағы облыстық балалар кітапханасының жоғарғы сынып оқушыларына қызмет

көрсету бөлімі «Желкен» әдеби клубының кезекті отырысында профессор, түркітанушы, педагог Қ.Жұбановтың туғанына 115 жыл толу құрметіне арналған «Ұлылық пен жылылықты бойына дарытқан тұлға» атты лингвипортретін өткізді.

Шарада ұлтын сүйген ұлағатты тұлғаның азаматтық тұлғасын, артында қалған мұраларын ұрпаққа таныстырып, насихаттау көзделді. Шара барысында клуб мүшелері және кітапхана оқырмандары профессор, түркітанушы, педагог Қ.Жұбановтың өмірі мен еңбектерін «Тіл білімінің тарланы» атты кітап көрмесі және «Жұбанов тағылымы» бейне фильмі арқылы тереңірек танысты. Шара қонағы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің «Жұбановтану» ғылыми зертханасының меңгерушісі Ардақ Есетқызы Жұбанованың атасы Қ.Жұбановтың қиын тағдыры және оның ғылыми еңбектері туралы айтып, оқырмандардың сұрақтарына жауап беріп, еркін сұхбаттасты. Құдайберген Жұбанов заманында Абайдай ұлы тұлғаны арашалап қалуға да мұрындық болғанын, ол кісінің Абайдың әр өлеңін өз тілінде оқып, талдап, түсіндіріп бергенде, Мұхтар Әуезовтің

өзі ризалықпен қолын алып, «Сізге мың да бір рахмет, Құдеке. Абайдың кезіндегі көп нәрселер бізге орыс тілі арқылы келсе, сіз парсышасын парсыша, арабшасын арабша түпнұсқадан оқып, халыққа жеткізіп жатсыз» деп шексіз алғыс айтқандығын мақтанышпен әңгімелеп беріп, кейінгі жастардың Жұбанов мұраларын зерттеп, оның ізін жалғастырып жүргенін, ең бастысы, ғалым мұрасы жаңа көзқарас тұрғысынан қарала бастағанын алға тартты. Қ.Жұбановтың өмірін насихаттап, шаралар өткізу Қ.Жұбановтың мұрасына деген телегей теңіздің бір тамшысындай ғана өтеуі болмақшы. Себебі, елім деп өткен ерлердің есімі ел есінде мәңгі жатталуы қажет. Сондықтан, өскелең ұрпақтың санасында Жұбановтар есімі әрдайым сайрап тұрғаны дұрыс-ақ. Сонда ғана ұлт тағдырын ойлайтын ұрпақ пайда болатынына сенімдіміз. Шараға оқырмандар қызығушылықпен қатысып, үш тілде оқытатын №21 орта мектеп-гимназиясының оқушылары **«Тағылымға тағзым ұрпақтан!»** әдеби монтажын ұсынып, жерлес ақындарымыз М.Құрманалиннің, Е.Ашықбаевтың, Н.Қалауовтың Қ.Жұбановқа арнаған өлеңдерін нақышына келтіріп, жатқа оқыды.

Айжан ТОКСАМБАЕВА,
учитель казахского языка и
литературы средней школы №32
города Караганды.

СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ

Проблема взаимодействия интернета и школы особенно актуальна в современном обществе.

На сегодняшний день существует проблемы школьного образования, которые связаны со СМИ. Наиболее значительные изменения происходят в информационной области, практически все школьники имеют доступ к интернету.

Благодаря широкому распространению интернета учащийся оказывается под ударом множества информационных потоков.

Взаимодействие этих потоков на ум и сердце ребенка практически не контролируется и не учитывается.

Учебная информация которая передается обучаемым в школах занимает в общем информационном потоке все менее значительное место.

Это происходит по нескольким причинам.

Во-первых, многие СМИ берут на себя обучаемые просветительские функции. Так возникает как бы параллельная школа. Школьники – зрители многих познавательных программ. Значительная часть информации в этих передачах в большей мере

взаимосвязана с теми основами наук, которые являются предметом изучения в школе.

Во-вторых, время, проводимое перед компьютером по продолжительности уже приблизилось или превышает время, которое отводится на пребывание в школе. Информационный рынок все более ориентируется на вкусы потребителя.

На сегодняшний день каждый может получить любую информацию по интернету какого бы она содержания не была. Интернет, СМИ это не единственный фактор, который влияет на снижение интереса к обучению. Если взять конкретно на примере казахского языка. В чем причина невысокой успеваемости учащихся по предмету, то можно выделить несколько причин. Одна из них – низкая мотивация учащихся. Где ее причина каждый учитель понимает. Ученик понимает, что потребности в использовании языка в общении как такового нет. Немаловажную роль в низкой мотивации к предмету играет и то, что результаты ЕНТ по казахскому языку не учитываются.

Но мы, педагоги, зная свою высокую миссию, продвигать общество вперед, указать обществу пути просвещения, обязаны поднять на высокий уровень преподавание казахского языка. Это наш долг перед народом, предками, теми гениями нашего народа, которые смогли сохранить наш язык несмотря ни на какие трудности.

Современное общество предъявляет большие требования к учителю. И эти требования исходят от ученика. Если в недалеком прошлом учитель был уважаемым человеком несмотря на профессионализм, то сегодня Уважение и Авторитет необходимо завоевывать в буквальном смысле этого слова. Ученик

желает, требует, хочет, чтобы учитель блистал не только внешне, но и блистал умом. И он прав. Ученики желают, чтобы учитель каждый день приходил новым, чтобы был в непрерывном поиске, исправлял себя, дополнял, перестраивал, выдумывал, изобретал.

Вы, наверно скажете, что если бы казахстанский учитель получал зарплату также как и учитель в Сингапуре(Месячная зарплата учителя 2-3 тыс долларов), то мы-учителя готовы повысить качество знаний на 99%.

Возможно в светлом будущем казахстанские учителя добьются такой зарплаты, но такое будущее зависит от нас-учителей. Мы-учителя должны воспитать такое подрастающее поколение, чтобы это поколение было в состоянии построить великое государство, такое же мощное каким был Тюркский каганат.

Для того чтобы суметь воспитать достойное поколение надо быть мастерами своего дела. А для этого необходимо развивать, шлифовать педагогическое мастерство. Чтобы повысить педагогическую эффективность своей деятельности, учитель должен прежде всего выяснить какие стороны учебного процесса нуждаются в усовершенствовании. Мы, учителя должны владеть принципами и методами самоанализа своей педагогической деятельности. Распространенным недостатком анализа и оценки учителем своего труда является такой подход, при котором его деятельность (преподавание) рассматривается в отрыве от деятельности учащихся (т.е. учения). Иначе говоря, главным в процессе самоанализа становятся педагогические действия учителя, в то время как реакция учащихся на них остается вне поля зрения.

Вследствии этого действительные результаты учебного процесса подменяются предполагаемыми. Средства и методы обучения должны быть тесно связаны с результатами – знаниями, практическими умениями и навыками школьников, уровнем их воспитанности и развития, а также с содержанием и характером их учебной деятельности. Одним из основных показателей высокой педагогической эффективности учебного процесса в пределах каждой отдельно взятой учебной дисциплины является отношение учащегося к ее изучению.

Формирование устойчивых познавательных интересов, обуславливающих положительное отношение учащихся к изучению того или иного предмета, несомненно, важнейшая педагогическая задача.

Однако не менее важны и другие социально значимые мотивы учения: чувство долга, исполнительская дисциплина, осознание необходимости овладения знаниями.

Учителю необходимо установить статус своего предмета в сравнении с другими учебными дисциплинами соответствующего цикла по показателю успеваемости.

Для этого достаточно изучить классные журналы, а также переводные документы (табель успеваемости). Подобный анализ может многое дать учителю. Ведь если же окажется что показатели успеваемости учащихся по таким предметам как биология и казахская литература ниже чем по таким предметам как история, география, значит умственные возможности учащихся используются далеко не полностью и применяемая

учителем методика нуждается в соответствующей перестройке.

Другая не менее важная задача самоанализа состоит в том чтобы «соизмерить» свои требования к оценке учения школьников с теми, которые предъявляют другие учителя. Ведь не секрет, что нередко за высокими показателями успеваемости скрываются либерализм и формализм в оценивании знаний, умений и навыков учеников.

Оценку успеваемости учащихся по любому предмету следует считать объективной, если учитель руководствуется языковыми критериями и учитывает такие характеристики учебной деятельности учащихся как: системность их знаний по данной дисциплине, глубокое усвоение ее основных разделов, тем, вопросов в их взаимосвязи; понимание сущности главных понятий, положений, законов, идей, умение их аргументировать, иллюстрировать примерами; четкость, ясность, полнота изложения теоретических знаний и умение их применять на практике.

Установив критерии оценки учения школьников и выявив лучший вариант организации учебного процесса по своему предмету, следует сравнить его со своей методикой обучения, выявив слабые стороны последней и определить направление ее содержания.

Учиться быть учителем, стремиться к вершинам педагогического мастерства – это значит учиться работать коллективно, на основе общей педагогической позиции и единства действий всех учителей – предметников, классных руководителей.

Педагог должен мастерски сочетать индивидуальные, групповые и фронтальные формы деятельности учащихся, для того чтобы в ходе ответа

одного ученика был задействован весь класс. Именно на этом этапе в полной мере проявляется мастерство в индивидуальном подходе учителя, умение подобрать к каждому ученику свой ключик, чтобы в короткое время выявить уровень знаний и развитие мышления.

Для осуществления продуктивной творческой деятельности педагогу необходимо такие качества как принципиальность, требовательность к себе и другим, вера в свои силы, раскованность, критичность, самокритичность, честность, трудолюбие, собранность, терпимость, терпеливость, аккуратность и другие волевые и нравственные качества.



Фатима АШИРОВА,
учитель средней школы
имени **О.Жандосова.**
Алматинская область,
Карасайский район,
п.Жандосов.

ЧТО ЗА ПРЕЛЕСТЬ ЭТИ СКАЗКИ!

Цель урока:

1. Расширить знания учащихся.
2. Развивать творческое и логическое мышление учащихся, обогащать их словарный запас.
3. Организовать учащихся на коллективную деятельность.

Тип урока: Урок - игра.

ОФОРМЛЕНИЕ:

1. Выставка рисунков по прочитанным сказкам.

2. Выставка игрушек.

«Сказочники в мире так прекрасно разны». А.Шаров.

Сказка – ложь, да в ней намек, добрым молодцам урок!

А.С.Пушкин.

Дорогие ученики, уважаемые учителя и гости!

Началась декада русского языка и поэтому наше мероприятие «В гостях у сказки» мы начнем со стихов о русском языке.

С благоговеньем прикасайся
К тому чем ты вооружен.
Твори светло и упивайся
Безбрежным русским языком.

Ему к лицу и термин узкий
И междометный вздох и клич.
Гордись, что понимаешь русский
Старайся глубину постичь. (Сергей Скачко)

А сейчас к вашему вниманию отрывок из поэмы
А.С.Пушкина «У лукоморья дуб зеленый»

Сказка – ложь, да в ней намек

Добрым молодцам урок!

В мире много сказок
Грустных и смешных.
И прожить на свете
Нам нельзя без них.
В сказке может все случиться
Наша сказка впереди.

Сказка в двери к нам стучится

Скажем гостю заходи.

Какая сказка стучится к нам в дверь?

Слушайте подсказку: - В какой сказке старуха осталась у разбитого корыта? А сейчас, ребята, я прочту строчки, а вы попробуйте отгадать из какой сказки.

1. Узнав однажды, что король собирается прокатиться по берегу реки со своей дочерью -самой прекрасной принцессой на свете, кто сказал своему хозяину: «Если ты послушаешь меня ты будешь счастлив на всю жизнь. /Кот в сапогах/

2. Если же ты пробудешь там хоть одну лишнюю минутку сказала она- твоя карета делается опять тыквой, кони – мышами, слуги – ящерицами, кучер-большой крысой, а платье станет рваным и грязным как прежде. (Золушка)

3. Карло выстрогал щеки, потом выстрогал нос- обыкновенный. Вдруг нос сам начал вытягиваться, расти и получился такой длинный острый нос. (Буратино)

4. Тут-то все увидели, что она была настоящей принцессой. Она почувствовала горошину через сорок тюфяков и пуховиков. (Принцесса на горошине)

5. Вечером, когда Кай был уже дома и почти совсем разделся, собираясь лечь спать, он вскарапчался на стул у окна и поглядел в маленький оттаявший на оконном стекле кружочек. (Снежная королева)

6. Раз он в море закинул невод, пришел невод с одною тиной. Он в другой раз закинул невод, пришел невод с травой морскою. (Сказка о рыбаке и рыбке)

7. Бабушка, почему у вас такие большие руки? Это чтобы покрепче обнять тебя, дитя мое. (Красная шапочка)

Я слышу опять стук в дверь.

Должно быть это опять какая-то сказка.

Давайте отгадаем.

Это героиня настолько болтлива, что чуть было не погубила свою собственную бабушку. (Красная шапочка)

- Встречайте сказку «Красная шапочка».

1. Сказочная красавица-кукла которая очень любила всех воспитывать. (Мальвина)

2. Краденный подарок для любимой дочери. (Аленький цветочек)

3. Кто ухватился за детку, когда вытягивали репку?
(Бабка)

4. Сказочная героиня, владелица первого летательного аппарата. (Баба Яга)

5. Кто из обитателей болот стал женой царевича.
(Лягушка)

6. Лиса-спутница кота Базилио. (Алиса)

7. Шарманщик смастеривший буратино. (Папа Карло)

8. Пантера – друг Маугли. (Багира)

9. Кто потерял хрустальную туфельку? (Золушка)

А какая будет следующая сказка? Попробуйте отгадать.

- «Раз он в море закинул невод-Пришел невод с одною тинной» Правильно.

Сказка о рыбаке и рыбке.

Сказки бывают разные: литературные, народные, волшебные, бытовые, сказки о животных.

И все эти сказки нас воспитывают. Сказки нас учат видеть и понимать где добро, а где зло, где жадность, где щедрость.

Я желаю вам, ребята, впитать в себя все самое лучшее. Быть добрыми, умными, справедливыми, щедрыми. Никогда не оставлять друга в беде.

ТІЛ – ХАЛЫҚ АЙНАСЫ

(4-сынып)

Сабақтың мақсаты: қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін көтеру. **Міндеттері:** білімділік – ауызекі сөйлеу тіліне үйрету. Сөз тіркестері мен сөйлем – дерді дұрыс құрай білу; дамытушылық – еркін ойлау қабілетін, тілдік қорын дамыту; **тәрбиелік** – қазақ тілінің болашағы туралы патриоттық сезімдерін ояту, тілге деген сүйіспеншілік әңгімелер жүргізу.

Түрі: аралас сабақ. **Әдісі:** әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын. **Көрнекілігі:** суреттер, интерактивті тақта, сызбалар, мақал-мәтелдер.

Сабақ барысы.

I. Ұйымдастыру кезеңі:

- Сәлемдесу;
- Түгелдеу;
- Психологиялық жағдаят;
- Үй жұмысына сұрау (Тіл мерекесіне дайындаған өлеңдерін айтып беру).

Жаңа сабақ:

Мұғалімнің кіріспе сөзі. Тіл мерекесіне байланысты оқушыларды, ұстаздарды құттықтау.

1. Сөздік жұмыс (Өзім оқып беремін, қайталау, аудару)

Тақырып Заң
Қызықты Тіл
Мерекесі Пән

Осы сөздерден сөз тіркесі мен сөйлемдер құрату.

1. Мерекесі.

2. Тіл мерекесі.

3. Тіл мерекесі өтті.

4. Мектепте тіл мерекесі өтті.

5. Бүгін мектепте тіл мерекесі өтті.

2. Мәтінмен жұмыс. Тыңдалым, оқылым.

- мәтінді оқу;

- іштей оқыту;

- тізбектей оқыту;

- мәтін бойынша бір-біріне сұрақ қою.

3. Жұптық жұмыс. «Мұғалім мен оқушы» (Оқушылар үлгіге қарап сөйлесу құрады)

4. Грамматикалық тапсырма. Дауысты дыбыстар жайлы сұрақ-жауап алу:

- Қазақ тілінде неше әріп бар?

- Дыбыстар неше түрге бөлінеді?

- Дауысты дыбыстарды атаңдар.

- Дауысты дыбыстар қалай бөлінеді? (Тақтаға мысалдар келтіру)

Жуан сөздер:

Тақта

Сынып

Сабақ

Оқушы

5. Ауызекі сөйлеу тілін дамыту.

«Танысу кезеңі». Оқушылар қонақтарға өздерін таныстырады.

6. «Сөзден сөз тудыру» ойыны.

Жіңішке сөздер:

Мерекесі

Тіл

Білім

Мектеп

Балалар үш топқа бөлінеді. Бір сөзден бірнеше сөз табу. Тақтаға шығып кезектеп жаздырту.

Ойын соңында көп сөз тапқан топ жеңімпаз атанады.

7. Оқулықтан 5 тапсырманы орындату. Тақтаға буынға бөліп жаздырту.

Са-бақ

Қа-ла

Та-қы-рып

Тақ-та

Қы-зық-ты

8. Сергіту сәті.

9. Отыр, тұр, жүр, жатыр көмекші етістіктерден бірнеше сөз тіркесін құрату.

Бала отыр, оқушы жүр, мұғалім тұр, әже жатыр.

10. «Ұйқасын тап» ойыны.

тіл- бас-

біл- күй-

аш- сөз+

күн- көше-

10. Мақал-мәтелдер жарысы.

Кім көп мақал біледі?

11. Сабақты қорытындылау:

Президенттің сөзін оқып беру.

- Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі қай тіл?

- Қазақ әліпбиінде неше әріп бар?

- Тіл мерекесі қай айда атап өтіледі?

12. Үйге тапсырма: Тіл туралы 10 мақал жаттап келу.

13. Рефлексия кезеңі. Оқушылардың көңіл-күйін сұрау, сабаққа қатысын айту.

14. Бағалау.

**Күләш РАХЫМБАЕВА,
Ш.Уәлиханов атындағы
№2 гимназия «мектепке дейінгі
шағын орталығымен»
мемлекеттік коммуналдық
мекемесінің қазақ тілі
пәнінің мұғалімі.
Қапшағай қаласы.**

ЖАНУАРЛАР ӘЛЕМІ

(4-сынып)

Жалпы мақсаты:	Оқушыларды жануарлармен таныстыру, үй жануарларымен жабайы жануарды жіктеу, салыстыру. Оқушылардың жануарлары туралы алған білімдерін тексеріп, бекіту.	
Күтілетін нәтиже:	Жануарлардың атауларын біліп, үй жануарларымен жабайы жануарларды ажырата білу, жаңа сөздерді ауызекі сөйлеуде қолдана білу.	
Түйінді идеялар:	Оқушылардың ойы, пікірі.	
Орындалатын іс-әрекеттер.		
Мұғалімнің орындайтын іс-әрекеттері:	Оқушының іс-әрекеттері:	Оқыту әдістері:
I. Ұйымдастыру кезеңі.	Оқушылардың сабаққа дайындығын ұйымдастыру. Психологиялық жағдай туғызу, «Жануарлар» ребусы.	Ынтымақтастық атмосферасын құру. «Миға шабуыл» стратегиясы.
II. Үй тапсырмасын тексеру.	«Жануарлар» мәтіні. 67-бет, 1-тапсырма Мәтінді тізбектей оқыту, аудару, жаңа сөздерді еске сақтау.	Топқа бөлу
III. Жаңа сабақ.	Постер бойынша жұмыс. АКТ-мен жұмыс.	
IV. Ақпарат жинау, тапсырмалар беру.	Ақпараттарды жинайды, ақпарат алмасады,	Мазмұндық кесте

	Құнды деректерді ортаға салады.	
Тапсырма түрлерін беру.	1. Үй жануарларын атап бер. 2. Үй жануарлары немен қоректенеді? 3. Адамға не береді, пайдасы? 4. Жабайы жануарлар немен қоректенеді, пайдасы бар ма? Кластер құрастыру.	Диалогтік оқыту. Топтық тапсырма. Жұптық жұмыс. АКТ
	Презентация. АКТ пайдалану. Дәптермен жұмыс (қорек, қорегі) Грамматикалық тапсырмалар беру. 1. фонетикалық талдау, 2. көптік жалғаулар, 3. тәуелдік жалғау, 4. септік жалғаулар.	
VI. Сабақты бекіту. VII. Үйге тапсырма беру. VIII. Бағалау.	Өз сыныптасың туралы не айта аласың? Сен олармен қайда кездесесің? топ жетекшісінің топ мүшелерін бағалауы, топ аралық бағалау, өзі-өзін бағалау.	Блум таксономиясы
Оқушының сабақ бойынша рефлексиясы.	Мен сабақтан не алдым? Нені үйрендім? Мен сабақтан көп нәрсені алдым, білдім, сөздік қорымды молайтым.	INSERT
Сабақтың нәтижесін бақылай отырып мынадай қорытындыға келдім.	Топ оқушыларына қосымша тапсырмалар беру арқылы сабақтың сапасын арттыру.	
Мұғалімнің сабақ бойынша рефлексиясы:	Топтағы оқушының бірлесіп жұмыс жасауын бақылап отыру. Уақытты үнемдеу, ауызша жұмыстарға көбірек көңіл бөлу, бағалауды топ басшыларына ауызша айтып үйрету.	

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЭТИКАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Табиғатты қорғау бір күндік шаруа емес, ол ұзақ мерзімді қажет етеді. Қалың бұқараның экологиялық сауатын көтеруге тек экологтардың шамасы келмейді. Ол үшін орта мектептерде, лицей, колледж, жоғары оқу орындарында экология пәні жоғары сапада, терең оқытылуы керек. Экологиялық білім беру – ұлттық педагогиканың негізгі арқауы. Ұлы Абай табиғаттың ерекше құбылыстарын өз туындыларына арқау етті. Ал ұлттық білімнің негізін салушылар А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов қоршаған ортаны аялау, салауатты өмір сүру салтын құрудың ғылыми алғы шарттарын жасады. Табиғат дегеніміз – құбылыстар туралы білімдер негізі, ғылыми таным пәні. Нақты білім – ұлан-ғайыр әлем тынысының бүкіл логикалық жүйесін мейлінше дәл бейнелеу. Адамзат ұрпағының парызы, берекелі еңбегі осы заңдылықты ашып, тіршілік тынысының тереңіне бойлау, қамқорлық жасау. Табиғат дауыс – дыбысын, үнін ата-аналар да, тәрбиешілер де, заң шығарушылар да көңіл қойып тыңдауы тиіс. «Табиғатпен егесу, зиян келтіру жақсылыққа апармайды, адамға тек оның табиғи күшін пайдалану ғана қалады», - деп ұлы ғалым К.Д.Ушинский айтқан жоқ па? Келешек ұрпақты экологиялық апаттан сақтап, ұрпақтың адамдық ұрығының тозып кетуін болдырмаудың тағы бір жолы – әр адамды табиғат қорғауды түсінбейтін ұйқысынан оятып, олардың есіл-дертін табиғат қорғау жұмысына бұруды жоғары шегіне дейін жеткізу. Бұдан бөлек бізде табиғатты, табиғаттың баласы – адамды аман сақтап қалудың жолы жоқ. Ол жұмыс жүргізіліп те жатыр. Бірақ нәтиже аз. Өлі де тәрбиенің аздығы, экологиялық сауаттылықтың төмендігі

басым. Бұрынғы істелінген жұмыстарды қайталай беруден шаршауымыз керек. «Ұра берсе шайтан да өледі» деген сөз бар, күндердің күнінде бір үлкен нәтижеге жетуіміз сөзсіз. Ол үшін экологиялық тәрбие беру жүйелі жүргізілуі тиіс.

1. Экологиялық мәдениетті қалыптастыру.

Экологиялық мәдениетті қалыптастыру өзекті мәселе болып отыр. Қазақстан Республикасының экологиялық білім беру тұжырымдамасында мектеп жасындағы балалардың экологиялық білім алуының мемлекеттік жүйесін жасау жолында, олардың: «Жер планетасының үстіндегі өмірдің, көп түрлі себеп-салдары, байланыстары мен құрылуының тұтастығы, табиғат пен қоғам жөніндегі ғылыми көзқарастары туралы, ... биосферадағы тіршілік негіздерін қиратудың қауіптілігі туралы білімдерді қалыптастыру» және Қазақстан Республикасының экологиялық кодексінде атап өтілгендей «Табиғатты қорғау мен табиғат байлықтарына ұқыптылықпен қарауды, белсенді азаматтық ұстанымды тәрбиелеу білім беру ұйымдарындағы тәрбиенің басты міндеттерінің бірі», - болып саналады.

Оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру мәселесін И.Д.Зверев, А.Н.Захлебный, Б.И.Иоганзен, И.Т.Суравегина, Е.Н.Кудрявцева және т.б. ғалымдардың еңбектерінің теориялық-әдіснамалық мәні зор. Экологиялық білім мен тәрбие берудің теориясы мен практикасы мәселелері А.Я.Ясвин, С.Н.Глазычев, С.Д.Дерябо, С.В.Алекторов сияқты зерттеушілердің ізденістерінде шешімін тапқан. Л.П.Семеновтың бастауыш мектептегілерге экологиялық білім беру, Л.П.Салееваның төменгі сынып оқушыларының табиғатқа қатысын түсіндіру, М.В.Лучичтің мектеп жасына дейінгі балалардың табиғатты тануы, оларға жануарлар мен өсімдіктер туралы білім беру, А.Тушинаның балабақшада табиғатты қорғауды үйрету, С.И.Николаеваның жанды жаратылысты қорғау, сақтау жөніндегі зерттеулерін табуға болады. Бүгінгі таңда экологиялық білім мен тәрбие берудің теориялық және әдістемелік негіздері қазақстандық ғалымдардың назарынан

тыс қалмай Н.С.Сарыбеков, А.С.Бейсенова, М.Н.Сарыбеков, М.А.Лигай, Г.К.Длиббетова, Ұ.Есназарова, Ж.Ж.Жатқанбаев, А.Г.Сармурзина, В.В.Егоров және т.б. еңбектерінде қарастырылған.

Тұтастай алғанда, жоғарыда қарастырылған зерттеулердің бағыттары және білім беру жүйесінде оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру бойынша жинақталған тәжірибеге қарамастан бастауыш сынып оқушыларының дүниетану сабағынан экологиялық мәдениетін қалыптастыру мәселесінің әлі де болса шешімі таба алмағандығына көз жеткіземіз.

Мәдениет – тарихи даму барысында адамзат жасаған материалдық және рухани игіліктердің жиынтығы. Адамдардың қолымен жасалынып жатқан құндылықтар, осы құндылықтармен адамдардың өзара байланысы, олардың оны игеруі – мәдениеттің маңызды бөлігінің бірі болып табылады. Осы тұрғыдан қарағанда, мәдениет – адамдардың бірлесе ғылыми, моральдық - әлеуметтік, көркем және техникалық құндылықтар жасаудағы қарым-қатынастар жиынтығы. Сөйтіп, мәдениеттің мәні адамның өзіндік адамдық еңбегімен байланысты туындайтын өнім деуге болады.

Мәдениет жалпыға ортақ ұғымда адамзаттың материалдық және рухани еңбек өнімдеріндегі, әлеуметтік нормалар мен мекемелер жүйесіндегі, рухани құндылықтардағы, адамдардың табиғатпен, өзара және өзімен қарым-қатынастарында көрініс алған тіршілік әрекетін ұйымдастыру мен дамытудың өзіндік әрекеті ретінде сипатталады.

Мәдениет жалпыға ортақ әлеуметтік құбылыс ретінде қоғам мен адамның өмір сүру салты болып та анықтала алады. Қазіргі таңдағы қоғамның алдында экологиялық апатқа әкеп соқтыруы мүмкін табиғатпен өзара әрекеттің қазіргі тәсілін сақтап қалу, не болмаса адам өміріне пайдасы бар биосфераны сақтап қалу мәселелері тұр. Көлемді экологиялық дағдарыстың қатерлілігі адамзат атаулының өмір сүру шарты болып табылатын субъектінің жаңа этикасын, құндылықтарының жаңа жүйесін

қалыптастыруды талап етіп отыр. Осыған орай қалыптасқан кәсіби іс-әрекеттерді экологиялық этика нормаларына сәйкес өзгерту туындайды (А.Швейцер, Н.Моисеев және т.б.).

Экологиялық мәдениет – әрбір қоғамдағы жалпы мәдениеттің ең мәнді элементтерінің бірі болып табылады, өйткені әлеуметтік іс-әрекет ұдайы қоршаған ортаның өмір сүру талаптарымен байланыста болады. Яғни, экологиялық мәдениет әлеуметтік феномен ретінде қоғам мен табиғаттың өзара қарым-қатынасын реттеу қажеттілігінен туындайды. Б.Т.Лихачевтің пайымдауынша экологиялық мәдениеттің мәні экологиялық тұрғыда негізделген еркін қалыптастыруы мүмкін. Экологиялық мәдениет тұлғамен, оның түрлі қыр-сырымен және қасиеттерімен органикалық байланыста болады. Ғылыми әдебиеттерде «экологиялық мәдениет» ұғымына көптеген түсінік, анықтамалар берілген. Экологиялық мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша алыс және жақын шет елдік ғалымдардың қырықтан астам еңбектерінде қарастырылуы оның күрделі де сан қырлы екендігіне көз жеткізеді. Экологиялық мәдениет ұғымына берілген анықтамаларды пайымдауда олардың мазмұны мен басты идеяларына қарай бірнеше бағытта қарастырылғандығын көрсетеді: экологиялық мәдениет – жалпы мәдениеттің бір бөлігі; экологиялық мәдениет адамдардың табиғатпен қарым-қатынастары жөніндегі қалыптасқан дүниетанымы, сенімі, түсініктері, білімі, іскерлігі, құндылық бағдар жүйесі; экологиялық мәдениетке – адамның өмірлік белсенді тұғырнамасы; экологиялық мәдениет адамның табиғатты теориялық, материалдық-практикалық, рухани ізгілікті меңгеруі және жаңартудағы мәнді күш-қуатының өлшемі, іс-әрекетінің жиынтығы; экологиялық мәдениет – адамның табиғатпен ғана емес, әлеуметтік-тарихи ортамен, биосферамен өзара әрекеттестігі.

Демек, экологиялық мәдениет экологияны танып-білу, мінез-құлық, жүріс-тұрыс сипаты негізінде табиғатқа сүйіспеншілікпен қарап, сақтай білу дегенді түсіндіреді деуге болады. Экологиялық мәселелердің қатарына өсімдіктерді,

жан-жануарларды күте білу және табиғат аясында өзін-өзі алып жүру ережелерін сақтау да қосылады. Табиғат - адам тәрбиешісі. Адам болып туып, адам болып қалу үшін табиғаттың атқарар рөлі зор. Табиғат бөлшектері: жан-жануарлар дүниесі, өсімдіктер әлемі, өзен, сай, биік таулар, сағым тербеген сары дала – бәрі адамдардың ақыл-ойына – сана, денесіне – қуат, бойына – күш, өнеріне – шабыт, көңіліне –қанат береді. Табиғат жайлы түсінікті оқушылар дүниетану сабағында алады. Ал В.А.Сухомлинскийдің пікірінше экологиялық мәдениет дегеніміз - баланы гүлге су құюға немесе тазалыққа үйрету емес, ол баланың санасына табиғат дегеніміз - біртұтас жүйе, ол адам мен табиғаттың бірлігінен құралатындығын жеткізу.

Сыныптан тыс экологиялық білім мен тәрбие беру мақсаты: оқушылардың экологиялық білім мен тәрбиесін біржақты етпей, бағдарламада қаралған білімдерді тереңдету, балалардың табиғатқа ұқыпты қарауын және оны қорғауға тәрбиелеу. Сыныптан тыс экологиялық жұмыс жүргізу үрдісінде қарапайым заңдылықтар анықталады, табиғаттың жекелеген түрлері мен құбылыстардың арасындағы байланыстар анықталады, сан алуан табиғат кешендері қарастырылады. Бұл жұмыс балалардың табиғаттың біртұтастығы туралы түсінігін кеңейтеді, дұрыс дүние танымының қалыптасуына жағдай жасайды.

2. Экологиялық білім беру.

Бастауыш сынып оқушыларына экологиялық мәдениетін қалыптастырудың ең басты жолдарының бірі – дүниетану сабақтарында экологиялық білім мен тәрбие беру. Экологиялық білім бере отырып, тәрбиелеу «Дүниетану» сабағының әрбір тақырыбында айқын көрінеді. Пәнді оқыту міндеттерінің ішінде, ең алдымен, білім мазмұнының дамытушы, тәрбиелеуші қызметі күшейтіледі: дамыта отыра оқытудың шарттары мүмкіндігінше ескеріліп, оқушылардың білімі зерттелетін объектінің сыртқы белгілері туралы қарапайым мағлұматтар деңгейінде емес, ішкі мәнін байланыстарды ашатын теориялық сипаты бар ұғымдар жүйесінде меңгеруі көзделеді.

Дүниетану сабағындағы экологиялық білім бере отырып тәрбиелеудегі бірнеше әдістер қолдануға болады:

1) Дүниетану сабағындағы модельдеу әдісі. Бастауыш мектептерде модельдеу әдісінің «Дүниетану» сабағында маңызы зор, себебі оқушылар кеңістікті көз алдына елестетуі немесе құбылысты түсіну ерекшеліктерінің, іс-тәжірибесіне қарай төмен болатынын ескере отырып, сызбалар арқылы табиғи құбылыстың негізгі белгілерін сызба бөлшектеріне бөліп құрастырып, қызметін модель арқылы көрсету, сөзбен айту немесе суретін көрсетудің нәтижесінен білім алу деңгейі көтеріледі.

2) Схемалық және графиктік модельдеу. Модельдің бұл түрі – композиция құрастыру. Композициялар дегеніміз - табиғаттың көрінісін макеттер арқылы, табиғи заттар арқылы ұқсас етіп бейнелеу. Композицияның оқушыларды экологиялық тәрбиелеуде маңызы зор: - табиғаттағы көзге көрінбейтін құбылыстарды схемалық түрде ұқсас етіп, оқушыларға айқын бейнесін көрсету; - табиғат объектілерінің бірден байқалмайтын белгілерін айқын көрсету; - биотикалық байланыстарды, олардың түр үшін қажеттілігін, оңай анықтауда оқушыларға көмек береді.

Графиктер – оқушының кеңістік шамаларын көре елестету үшін заттың негізгі белгілерін ажырату қатарын сызады. Таблица сызу. Таблица үш топқа бөлінеді.

1) Белгілерді ажырату.

Екі баған: 1) Заттың аты. 2) Қасиеттері немесе қызметі. Сабақта оқушылар мәтінді мазмұны бойынша бөліп оқиды. Мазмұнының негізгі тақырыбын таблица бағаналарына толтырады.

2) Сипаттау. Оқушылар өздігінен жасайтын диаграмма арқылы оқушыларға табиғаттағы объектінің мөлшерін, орны, құбылыстың қайталануын көрсетуге болады. 1) бағана тәрізді; 2) шеңбер тәрізді.

3) Қоректену тізбегін құрастыру. Қандай болсын бірлестікті қоректену тізбегі арқылы көрсетуге болады. Олар қоректену торын құрайды. Олар қоректену деңгейіне бөлінеді. Ары қарай пирамида құруға болады. Орман, тау, шалғын, шөл, су қоймасы композицияларын құрастыруға болады. Бұдан басқа дүниетану сабағында дидактикалық әдістерді қолдануға болады: экологиялық ертегілер, экологиялық жұмбақтар, экологиялық ойындар, экологиялық тақырыптағы мақал-мәтел мен жаңылтпаштар, экологиялық ертегілерді құрастыру.

Бастауыш сыныпта дүниетану сабақтарында экологиялық білім беруде келесі жұмыс түрлерін ұйымдастыруға болады: 1. Экологиялық сөздік жүргізу. 2. Экобасылымдар жасау. 3. Экоқартышкелер жасау. 5. Экокарта сызу.

1) Экологиялық сөздік – бұл мұғалімнің сабақта жүргізетін терминімен жұмысы. Мақсаты: оқушыларға экологиялық сөздердің мағынасын ашып, мәнін түсіндіру арқылы экологиялық сауаттылығы мен мәдениеттілігін, тіл байлығын дамыту. Сөздерге түсініктеме, терминдерге қазақша баламасы берілген. Мысалы: Апат (авария) - зауыттарда станок сынғанда, ұшақтың двигателі істен шыққанда, т.б. адамға және қоршаған ортаға қатері бар кез келген істен шығу. Цемент зауытында әрбір ауаға көп шаңның шығуына әкеп соғады. Сол сияқты машиналар қақтығысында жанармай төгіледі. Танкерлердің апатынан теңіз бетін мұнай қабығы басады. Әрбір елде апат зардаптарын жоятын арнайы қызмет құрылған. Бүлінулерді болдырмау үшін сенімді механизмдер мен агрегаттар құру керек. Сөздік жаңа сөздермен толықтырылып отырады.

2) Экобасылымдар – альбом, газет, кітапшалар, т.б. шығару. Мысалы: «Қазақстан қорықтары» кітапшалары, «Өскен өлкем» альбомы, «Табиғатта жүру ережелері», т.б. шығаруға болады.

3) Экоқартышкелер – бұл табиғатта өзін ұстай білу, жүру ережелері негізінде құрылған, табиғатты қорғау, қызықтау мақсатында салынған мазмұнды суреттер. 2 түрге бөлуге болады: а) тыйым салынатын экоқартышкелер. Сурет қою қызыл бояумен сызылады «Құс ұясын бұзба!», «Өзен суын

ластама!», «Орманда шулама!» тағы басқа. ә) насихаттайтын экоқартышкелер. «Табиғат әсемдігін сақта!», «Құс әніне құлақ сал!».

4) Экологиялық нұсқаулар – бір кездерде педагогикада кең таралған, біздің оқу жүйемізге енді қайтарыла бастаған жұмыс түрі. Әрбір нұсқау – экологиялық мәдениеттілікті дамытуға бағытталған қысқа мерзімдік, жылдам өзгертіп отыруға болатын кішкене бір жұмыс бөлігі. Ұсынылған нұсқаулар бастауыш сынып оқушыларына тартымды, қызықты болу қажет. Мысалы:

Нұсқау 1: «Табиғаттың шағым кітабы». Мақсаты: табиғаттан түскен шағымдарды қарастырып, жауабын табу.

1) Шағым жазылады.

2) Талданып жауабы беріледі. Балаларға арналған суреттермен әрлендірілуі қажет.

Нұсқау 2: «Көрген жануарлар шеруі». Көрген жануарлардың суретін, фотосын жинап, аттарын жазып, сипаттау. Баланың есте сақтау, іздену, сөздік қорын, байқағыштығын дамытады. Қорытынды ретінде көрме ұйымдастырылып, жануарлармен болған қызықты кездесулер жайлы айтып беруге болады.

5) Экокарта - бұл тұрған жердің ластану көздерін анықтап, қоқырлар, өзен суы уланған жерлерді көрсете отырып, сол жердің картасын сызу. Тақырыпқа арналған карталар да сызуға болады. Мақсаты: маусымдық өзгерістерді бақылау арқылы, экокарта сызуға үйрену. Шартты белгілерді оқи білу қабілетін дамыту.

3. Экологиялық тәрбие беру. Бәрі бір-бірімен байланысты. Яғни, экожүйеде бір жердегі аз ғана жылжудың, өзгерудің өзі алыс жерде немесе алыс болашақта едәуір және ұзақ уақыттық салдарға алып келуі мүмкін. Сол себепті шикізатты «кешенді» өңдеу дегенді қазылған кеннің құнды құрауыштарын толық бөліп алу тұрғысында емес, барлық жайды ескеру, жан-жақтылық тұрғысында түсіну керек.

Бәрі де қайта болмасын, әйтеуір көзден таса болуы, бір жаққа жасырылуы тығылуы, бір жерден өз орнын табуы тиіс.

Қоршаған ортаның күйзеліске түсуінің басты себебі сол - жер қойнынан орасан мөлшерде кен қазылып, жаңа, белсенді заттарға айналдырылады да, олардың қоршаған ортаға тигізер зиянды ықпалдары ескерілмей әрі оның есебін шығарарлық ақыл да жетпей, шартарапқа шашылып тасталады.

Жәндік жойғыштар да, шөп жойғыштар да өмірге осылай келді. Бұдан мынадай қорытындылар шығады:

1) Пайдалы қазбалардың сапасынан гөрі олардың табиғи ерекшеліктерін терең зерделеу негізінде тұтыну технологиясын жетілдіруді ойлау және шешу керек. Минералды шикізаттың құрамы, құрылымы және бедері дегендер біз өзгерте алмайтын және өзгертпеуіміз тиіс шынайы болмыс болып табылады. Бұл жайларды танып білу оларды тұтыну технологиясын игеруге мүмкіндік береді.

2) Айналамызда тұрғылықты және аса оңтайлы орта жасауды табиғаттан үйрену және үлкен шараларды өмірге енгізерде істі табиғат тәжірибесіне қайта-қайта қарай отырып жүргізу керек.

Ешнәрсе тегін келмейді, ақысыз берілмейді. Экономикадағы сияқты экотануда бұл заң мүлтіксіз орындалып отырады, яғни, кез келген нәрсенің қандай да құны болады. Қазақ «судың да сұрауы бар» деген. Сондықтан табиғаттан алған әсіресе оның өз еркімен бергені, сыйлағаны емес, жер қойнынан «күшпен», «зорлығын көрсете» отырып, қазып алынған, одан «тартып» алынған нәрселердің орнын толтыру, өтемін қайтару керек болады. Оның ақысын төлемей кету мүмкін емес.

Табиғатымызды мәңгілік таза, көркем, бай қалпында сақтап қалу үшін экология мен табиғат қорғау мәселесін біріктіре отырып оқып, үйреніп, іске асыру, адам тағдыры мен тұтас байланыста екенін ұғыну керек. Біз дүниеге эколог көзқарасымен қарап, ең бірінші адам денсаулығын ойлауымыз керек. Терезе алдында өсіп тұрған зәулім ағаш терезеге күн түсірмей, үйдегі ауадағы микроб өлмейді, одан адам тұмау, тағы басқа жұқпалы аурулармен ауырады. Ал ағаш шаңды, улы заттарды бойына көп жинайды. Ол желмен терезеден үйге

кіреді десек, табиғат қорғау көзқарасымен оның бірден кесіліп отырғызылуы керек. Сонда тез жеміс береді, оқушы жемістің балбырап піскенін, оның қандай екенін көруі тиіс. Енді біріміз «жоқ, ол әсемдік үшін аулаға отырғызылады, оны сұлулық, көркемділікті сақтау үшін біркелкі әдемі қылып кесіп, қырқып отыруымыз керек, екпе көшетке агротехникалық шаралар жасалу керек» дейміз. Енді біріміз «терек ағашы түр ретінде міндетті түрде сақталуы, көбейтілуі керек» десек, енді біріміз» терек ағашы үлпесі, түбіті аллергия ауруына ұшыратады, ол шаң мен улы заттарды бойына өте көп, тез жинап, оны үй маңына, көшеге отырғызбауы керек» дейміз.

Еліміздің болашағы – жас ұрпақтың көздерін ашып, көкіректерін оятып, оларды жеріміз, табиғатымыз үшін жаны ашитын қамқоршы етіп өсіруге күш салып, табиғат – анамызға ашкөздікпен қарайтындармен күресуге тәрбиелеуіміз керек. Қазіргі уақытта жас ұрпақтың жеке тұлға болып қалыптасуына ізгілік, ғылымилық, жүйелілік ұстанымдарына негізделген үздіксіз экологиялық білім беру жүйесін құру, оның тәрбиелік мүмкіндіктерін саралау өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Сондықтан да соңғы жылдары республика көлеміндегі мектепке дейінгі мекемелер мен бастауыш сыныптардағы экологиялық тәрбие жұмысы бұрынғы қалыптасқан бағдарламадағы «Балаларды табиғатпен таныстыру» бөлімінен бастау алады. Ал табиғатпен таныстыру - балалардың танымын дамытудағы басты құралдардың бірі. Мұнда балалардың қоршаған орта жөніндегі ұғым-түсініктерін байытатын жалпы және нақты ғылыми мәліметтер алуының маңызы зор. Табиғатпен таныстыру барысында «Табиғат - бүкіл тіршілік атаулының алтын ұясы, тал бесігі, өсіп-өнер мекені» екендігі жөнінде нақты түсініктер беріледі. Кейінгі он жылдықта мектепке дейінгі және бастауыш сынып балаларының тірі және өлі табиғатқа деген сүйіспеншілік қарым-қатынасын тәрбиелеу мақсатында табиғатпен таныстыру, яғни, табиғатты қорғау – экологиялық тәрбие жұмысымен ұштастырылады.

Иә, қай мемлекеттің де негізгі тірегі - білімді де білікті, іскер де белсенді адамдар. Сондықтан да қоғам талабына сай қоғамды көркейтетін, дамытатын жастар тәрбиелеу – ең маңызды мәселе. Қазақстан Республикасының Білім туралы заңында мемлекеттік саясат негізінде ең алғаш рет «Әр баланың жеке қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы, жеке адамның дарындығын дамыту» сияқты өзекті мәселелер енгізіліп отырғаны мәлім. Біздің қазіргі мектептің маңызды мәселелерінің бірі: оқушылардың шығармашылық белсенділігін арттыру және білімді өз бетінше алуы және оны қолдана білуі. Бұл мәселелерді шешу үшін ақпаратқа және саналы еңбекке бейімдеу, ғылым мен мәдениет саласында белсенді қызмет етуге тәрбиелеу қажет.

Табиғатты қорғау – ең алдымен, халықтың экономикасын көтеру, табиғатты көріктендіру болашақ ұрпаққа бай мұра қалдыру деген сөз. Әрбір саналы, сауатты қоғам мүшесі осы үш түрлі негізгі міндетті орындауды борышым деп білсе, табиғат артық ысырап болмайды, ел қазынасы ортаймайды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Д.С.Лихачев. Экология культуры. Альманах Всероссийского Общества охраны памятников истории и культуры, 1980, №2.
2. Ш.С.Мұқамадиева. «Дүниетану» сабақтарында білім беру және тәрбиелеу. 1-2 сынып. Өскемен: 2000.
3. Қ.Қасымбекова. Қоршаған ортаны қорғау – адамзаттық міндет.
4. Заман - Қазақстан. 2002ж. 4 қазан. №40. 6-бет. А.Шоқпытов. Су мөлдір, ауа таза, көк шалғын мен орман-тоғай жайқалсын десек... Атамекен. 2002 ж. 10 шілде.
5. Ш.Қараева. Қоршаған орта қамқорлыққа зәру. Сақшы. 2002 ж. 19 қыркүйек. 5-бет.
6. Алтын Орда. 2004 ж. 5-7 тамыз. 7-бет. С.Әбенбаева. Табиғат та сұлулықтың кәусар бұлағы. «Ұлт тағылымы». 2003.
7. Ә.Бейсенова. Мәселенің мәні неде? «Парасат». 2005.

Әлия ЕСТАЕВА,
«О.Жандосов атындағы
орта мектеп мектепке
дейінгі шағын орталықпен» КММ-ң
физика пәнінің мұғалімі.
Алматы облысы,
Қарасай ауданы.

ФИЗИКА САБАҒЫНДА ДЕҢГЕЙЛЕП-САРАЛАП ОҚЫТУ

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев білім мен ғылым қызметкерлерінің III съезінде: «Жаңа формацияның педагогі қажет. Мұғалімнің жаңа ұрпағы білім деңгейі жөнінен әрдайым саналып келгендей біршама емес, әлдеқайда жоғары болуы тиіс. Бұл – уақыт талабы» дегенінен мұғалімдер қауымына өте үлкен жауапкершілік жүктелгенін аңғаруға болады. Қазіргі білім берудегі басты мақсат - жас ұрпақтың білім деңгейін көтеру және жан - жақты дамыған жеке тұлға қалыптастыру. Сонымен қатар, олардың өз бетімен жұмыс жасауларына жағдай жасау және шығармашылық қабілеттерін дамытуда жаңа педагогикалық технологияларды немесе оның элементтерін ұтымды пайдалану өзекті мәселеге айналып отыр.

Білім берудің даму бағыты мен технологияларын қамтитын көптеген педагогикалық технология түрлерін қазіргі кезде көптеп қолданып жүрміз. Бұл технологиялардың оқушының ой-өрісінің дамуына тигізер пайдасы өте зор, себебі оларды

қолдану сабақ нәтижесін, сапасын, оқушылардың пәнге қызығушылығын арттырады. Әсіресе оқушылардың өздігінен танып, іздену іс-әрекеттерін меңгертуді талап етеді. Деңгейлеп оқыту технологиясының мақсаты – білім алушының жеке басының дара және дербес ерекшеліктерін ескеріп, олардың өз бетінше ізденуін арттырып, шығармашылығын қалыптастыру болып табылады. Дамыта оқыту технологиясы – қазіргі жаңа технологиялардың бірі. Дамыта оқытудың негізін Ян Амос Коменский өзінің 17 ғасырда «Ұлы дидактикасында» айтып, талдап берген. Содан кейін орыс ғалымдары К.Д.Ушинский, Л.С.Выготский еңбектерінде қарастырылып, 1969 жылдары Ресей ғалымдары Л.В.Занков, Д.Б.Эльконин, В.В.Давыдов көтерді. Д.Б.Эльконин мен В.В.Давыдовтың зерттеулері оқушыны «тұлға» ретінде тануға бағытталды.

Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы 1998 оқу жылынан бастап мектептің барлық сатысына, барлық пәндерге еніп, оқу үрдісін жандандыруға үлкен үлес қосып келеді. Профессор Ж.Қараевтың деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы жаңаша өзгерген мақсатпен оқушылардың өздігінен танып, іздену іс-әрекеттерін меңгертуді талап етеді. Бұл технологияда бірінші орында оқушы тұрады және өз бетімен білім алудағы белсенділігіне аса назар аударылады.

Деңгейлеп - саралап оқыту технологиясы:

- оқушының өз қабілетіне, болашағына сенуіне;
- оқушыны ынталандыруға;
- оқушы мен оқытушының ынтымақтастық қарым - қатынас достығына;
- оқушының өз білімін өзі бағалай білуіне;

- баға әділдігіне;
 - білім көрсетудің әділ сайысына мүмкіндік береді.
- Физика сабағында деңгейлеп оқытудың тиімді жақтары мыналар:
- әр оқушы өздігінен жұмыс істеуге дағдыланады;
 - оқушының жеке қабілеті айқындалады;
 - іштей бір - бірінен қалмауға тырысады;
 - тапсырманың күрделену деңгейіне сәйкес оқушының ойлау қабілеті артады;
 - әр бала өз деңгейіне, қабілетіне қарай бағаланады;
 - сынып оқушылары толық бағаланады және әр оқушы өз бағасын біліп отырады (1 - деңгей – «3», 2 - деңгей – «4», 3 – деңгей – «5»)
 - даму мониторингін құрып, оқушының дамуын қадағалауға және ата-анасымен байланыс жасауға жеңілдік туғызады;
 - бір ғана сабақта тапсырманың бірнеше түрін орындайды;

Сабақ – шығармашылық еңбек жүзеге асатын басты орын. Оқу материалын қызықты ету үшін ойлана, жан - жақты даярланудың өзі ішкі шығармашылық күйді туындатып, оқушыларға берік те, терең білім беруге мүмкіндік береді.

Әрбір мұғалімнің негізгі мақсаты - сабақ сапасын көтеру, жетілдіру, оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыру, олардың ізденуін, танымын қалыптастыру.

Сондықтан физика сабағында оқу-тәрбие үрдісінің дұрыс жүргізілуі үшін әр түрлі оқыту әдіс-тәсілдерінің тиімдісін мүмкіндігінше тандап алуға тырысамын.

Оқушыларға оқу материалын түсінікті және қызықты етіп беру үшін сыныпты көз алдыма елестетіп, әрбір

оқушының даярлығы мен мүмкіндігіне, қабілеті мен біліміне сүйеніп, сабақтың құрылымына талдау жасай отырып, алдыма мақсат қоямын.

- Заман талабына сай білімді, білікті, шығармашылық қабілеті дамыған жеке тұлға қалыптастыру.

Мақсатыма байланысты міндеттер қоямын;

- Жас ұрпақтың қабілетін ашу.

- Шығармашылық, логикалық ойлау қабілетін жетілдіру.

- Мақсатты жүзеге асыру.

Оқу материалын баяндау барысында тәжірибелер көрсетіп, жаттығулар орындатып, дидактикалық материалдар мен техникалық құралдарды жүйелі пайдалану арқылы әсер алуға жетелеймін.

1. Жалпы мәдениеттік мәні бар ұлттық, аймақтық, жергілікті материалдарды сабақта кеңінен пайдалану.

2. Оқушылардың тұлға ретінде дамуына жағдай жасау.

3. Оқушылардың физика сабақтарындағы белсенді іс-әрекеттерін ұйымдастыру үшін барынша көп мүмкіндіктер жасау.

4. Оқытудың әр кезеңінде оқушылардың пәнді оқыту қызығушылығын қалыптастырып, дамытып оқыту.

5. Пәнаралық байланысты сабақта тиімді пайдалану.

6. Деңгейлік және саралап оқыту жағдайында барлық оқушылардың бағдарламалық білімді меңгеруін жүзеге асыру.

Жаңа сабақты түсіндіру барысындағы басты мақсатым - әрбір оқушының білім алуының сапалық деңгейіне жетуге мүмкіндік беретін оқу жоспарын ғылыми негізде ұйымдастыру. Оқушының білімді игеруін үш сатыдан тұратындай етіп құрамын:

1. Жаңа білімді игеру және оны пайдалана білу.

2. Игерген білімді өңдеп, оны таныс емес жағдайда пайдалана білу.

3. Жалпы білімді өз бетімен игеру.

Аталған сатының әрқайсысында оқушының пәндік білімді игеруі төрт деңгейде өтеді:

1. Білу.

2. Түсіну.

3. Қолдану.

4. Біліктену.

Мысалы, «Гармониялық тербелістер. Тербеліс амплитудасы, периоды және жиілігі» тақырыбында оқушы тербелістер жайлы 9-сыныпта өткен түсінігін еске түсіре отырып, жаңа фактілерді, сондай-ақ толқын түрлеріне жататын электромагниттік толқындардың қасиеттерін қабылдайды. Бұл білімді қабылдау деңгейіне жатады.

2-деңгей – Түсіну, яғни, қабылдаған жаңа мәліметті пысықтап бекіту, өз сөзімен естігенін айтып беру. Мысалы: Тербелістердің өмірде алатын орны.

3-деңгей – Қолдану. Қабылдаған білімді формула бойынша тұжырымдау, есеп шығара білу, ұқсас мысалдар келтіру.

4-деңгей – Біліктену. Оқушы алған білімін, сабақтың мәнін түсіндіре білуі, басқа фактілермен салыстыра отырып, қорытынды жасай білуі қажет. Қарапайым түрде гармониялық тербелісті шығарып ала білу. Әрбір сабақта, мүмкіндігіне қарай, жергілікті жер материалдарын пайдалана отырып, оқушының білімділігін арттыруға көңіл бөлемін. Мысалы, «Импульс» тақырыбын өту кезінде әсерлесуші денелер ретінде асықты пайдаланамын. Тыныштықта тұрған асықты екінші асықпен атқанда екінші асық

Мадина ГУЛАХМЕДОВА,
учитель средней школы
имени О.Жандосова.
Алматинская область,
Карасайский район,
п.Жандосов.

ПОВЫШЕНИЕ МОТИВАЦИИ К ИЗУЧЕНИЮ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА

В своей работе я хочу познакомить вас с моим практическим опытом повышения мотивации изучения английского языка среди учащихся среднего школьного возраста. Существующий факт снижения мотивации к учебе от класса к классу не может благоприятно сказываться на положительной динамике качества знаний. Это же относится и к изучению английского языка. В этой связи проблема повышения мотивации к изучению английского языка является очень актуальной.

Народная мудрость гласит «ты можешь подвести коня к водопою, но ты не можешь заставить его пить», то же самое можно сказать и о процессе обучения «немотивированного ученика невозможно заставить учиться».

неге қозғалады? Әсердің берілуі денеге жылдамдық туғызды деген мысал арқылы импульстің формуласы жазылып түсіндіріледі. Сол сияқты үйге мынадай тапсырма беруге болады: стаканға су құйып, оны бір парақ қағаздың үстіне қойындар да қағазды жайлап тартып көріңдер, сосын оны лезде тартып алып қараңдар, «Қолдың тарту әсерінің уақытқа тәуелділігі қандай?» - деген сауалды талдап, оған жауап беріңдер. «Реактивті қозғалыс» тақырыбын өткенде картон қағаздан балық пішінін қиып, оның саңылауына пипетка арқылы май тамызып, біраз бақылаймыз. Май балықтағы саңылау арқылы аққанда балық ілгері жылжиды. Бұл тәжірибе реактивті қозғалысты түсіндіруде оқушының білімділік деңгейін арттыруға көмектеседі. 11 - сыныпта дифракция, интерференция құбылысын түсіндіргенде құс қауырсыны, капрон мата, пластинканы пайдалана отырып түсіндіруге өте тиімді. «Дыбыс толқындарын» өткенде резонатор ретінде домбыраның қуысын қарастыра отырып, адамның ауыз қуысы резонатор екенін ескертіп, «жағынды екі қолыңмен қатты қысып сөйлеп көр» деген тапсырма беріледі. Оқушылар өз тәжірибесіне түсініктеме береді. Осылайша физиканың негізгі заңдылықтары мен құбылыстарын өмірмен байланыстыра қызықты етіп беру жолдарын қарастырамын. Мұндай тапсырмалар оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, оларға физика заңдылықтарын өмірде кеңінен қолдануға болатынын түсінуге мүмкіндік береді. Жалпы, жаңа педагогикалық технологияны қолдану сабақтың сапасын көтеруге, оқушылардың білімге деген оқу-танымдық қызығушылығын арттыруға, қазіргі қоғам талабына сай білім алуына көп әсерін тигізеді.

Эта пословица, показывает нам насколько разным может быть отношение учащихся к иностранным языкам. Для одного ученика процесс изучения языка является важным, многозначительным, он мотивирован (хотя мотивы могут быть разными, мотивация высоких достижений, ориентация на цель, уход от неудач и поражений); для другого учащегося, язык – это тяжелая ноша, которую он вынужден нести и он не скрывает свою скуку, зевает и просто ждет конца урока. Каждый учитель сталкивается с подобной ситуацией и откровенно говоря, часто намерен обвинить школьника в неверном поведении или неспособности изучать иностранные языки. Но данная ситуация может быть воспринята абсолютно по – другому учителем, который мыслит критически, т.е. для него способность мотивировать учащихся является ключевым навыком. Интерес к предмету и желание овладеть им зависят в большой степени от того, какие технологии используются учителем.

Существует много способов стимулирования учащихся к изучению английского языка.

1. Работа с газетными материалами. Одной из целей преподавания английского языка является приближение образовательного уровня учащихся к европейскому стандарту. Владение иностранным языком невозможно в отрыве от культуры и реалий англоговорящих стран, при этом газета вызывает естественный интерес учащихся, являясь источником

новейшей информации, к тому же являясь частью культуры страны изучаемого языка. Обращение к газетному материалу обусловлено несколькими причинами.

Во-первых, газетная лексика является актуальной и современной. Во-вторых, информация, содержащаяся в газетных публикациях, помогает школьникам понять современные тенденции в обществе. В-третьих, газетные материалы содержат дискуссионные вопросы, которые помогают организовать обсуждение и тем самым развивают навыки успешного общения.

2. Дистанционные олимпиады.

Дистанционные олимпиады мотивируют учащихся на проверку своих знаний, на самоутверждение, на подготовку к экзаменам, на раскрытие своего творческого потенциала. Олимпиады подобного рода дают практически любому школьнику, в каком бы городе или поселке он не находился, возможность проследить развитие своих творческих способностей и уровня владения английским языком.

3. Музыка. Музыка – один из наиболее мощных способов воздействия на чувства и эмоции учащихся. Музыка и песня могут оказать неоценимую помощь в изучении английского языка. Песня вызывает большой прилив энтузиазма и представляет собой приятный и, в то же время, стимулирующий подход в изучении культуры иноязычных стран. Хорошие песни не забываются, в отличие от грамматических

структур, которые улетучиваются из головы по окончанию урока, песни могут жить долго и стать частью чьей-либо культуры. Каковы же методические преимущества песен в обучении английскому языку?

- Песни являются средством более прочного усвоения и расширения лексического запаса, т.к. включают новые слова и выражения.

- В песнях лучше усваиваются и активизируются грамматические конструкции.

- Песни способствуют совершенствованию навыков произношения.

- Песни содействуют эстетическому воспитанию учащихся, сплочению коллектива. Благодаря музыке на уроке создается благоприятный психологический климат, активизируется языковая деятельность, повышается эмоциональный тонус, поддерживается интерес к изучению иностранного языка.

- Песни и другие музыкальные произведения являются основой развития речемыслительной деятельности школьников.

Песня -это своего рода релаксация в середине или конце урока, когда нужна разгрузка, снимающая напряжение и восстанавливающая работоспособность.

Художественный перевод стихотворений.

В результате работы с рифмованными текстами у школьников активизируется познавательная деятельность, что способствует их самореализации. Бесспорно, что при такой работе расширяется

филологический кругозор учащихся и соответственно запас лексических единиц.

Перевод развивает чувство ритма, улучшает фонетические навыки и устную речь, расширяет словарный запас, тренирует память и повышает интерес к содержанию.

4. Игра. Игра является сильным мотивирующим фактором, который удовлетворяет потребность школьников в новизне изучаемого материала и разнообразии выполняемых упражнений. Игра, а именно, ролевая игра дает широкие возможности для активизации учебного процесса. Ролевая игра — методический прием, относящийся к группе активных способов обучения практическому владению иностранным языком. Ролевая игра представляет собой условное воспроизведение ее участниками реальной и практической деятельности, создает условия реального общения. Эффективность обучения здесь обусловлена в первую очередь взрывом мотивации, повышением интереса к предмету. Она эффективна как на младшем этапе обучения, так и на среднем.

Ролевая игра мотивирует речевую деятельность, так как обучаемые оказываются в ситуации, когда актуализируется потребность что-либо сказать, спросить, выяснить, доказать, чем-то поделиться с собеседником. Игра активизирует стремление ребят к контакту друг с другом и учителем, создает условия равенства в речевом партнерстве, разрушает барьер

между учителем и учеником. Игра дает возможность робким, неуверенным в себе учащимся говорить и тем самым преодолеть барьер неуверенности. Ролевая игра строится на межличностных отношениях, которые реализуются в процессе общения. Являясь моделью межличностного общения, ролевая игра вызывает потребность в общении, стимулирует интерес к участию в общении на иностранном языке, и в этом смысле она выполняет мотивационно — побудительную функцию.

Однако, я считаю, что наиболее эффективным способом повышения мотивации у учащихся является использование компьютерных и Интернет технологий. Они предлагают выгодные варианты представления творческих идей и, конечно же, добавляют новые. Тексты и диалоги можно набрать и обработать в электронном виде, добавить к ним упражнения, сэкономив время на их создание, CD удобно заменить электронными видеофильмами, а красочные иллюстрации несложно превратить в презентации в авторской обработке. Это позволяет тренировать различные виды речевой деятельности, сочетать их в разных комбинациях, формировать лингвистические способности, создавать коммуникативные ситуации и автоматизировать языковые и речевые действия.

Мы учителя английского языка всегда должны знать

The secret of good motivation is planning – Секрет мотивации в плане урока. MAKE LESSONS FUN!

Бибинур КИСИКОВА,
доцент КазНПУ им. Абая.
г.Алматы.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ СОВРЕМЕННЫХ ИНФОРМАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ НА ЗАНЯТИЯХ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА

ИКТ обучения на занятиях английского языка являются эффективным педагогическим средством изучения иноязычной культуры и формирования коммуникативных навыков. Педагоги отмечают, что применение ИКТ способствует ускорению процесса обучения, росту интереса студентов к предмету, улучшают качество усвоения материала, позволяют индивидуализировать процесс обучения и дают возможность избежать субъективности оценки. Занятия иностранного языка с использованием ИКТ отличаются разнообразием, повышенным интересом студентов к иностранному языку, эффективностью.

В модернизации образования были определены новые приоритеты обучения. Ее ведущим аспектом являлась подготовка подрастающего поколения к жизни в быстро меняющемся информационном обществе, в мире, где постоянно возникает потребность в новых профессиях, в непрерывном

повышении квалификации. Появление и применение информационных технологий в учебном процессе способствовало обновлению традиционных методов и приемов в организации образовательного процесса в современной школе. И педагоги, и студенты получили возможность настоящего сотрудничества, безграничного творчества и огромного желания изучения предмета, в данном случае английского языка. На сегодняшний день информационные компьютерные технологии заняли прочное место в процессе обучения.

Однако, современные УМК для преподавания английского языка представлены в основном дидактическими аудиоматериалами, а ресурсные возможности образовательной среды Интернет позволяют использовать новые интерактивные программы. Обучающимся не надо вкладывать дополнительные материальные средства на их приобретение.

Преподаватели английского языка должны овладеть методикой углубленного использования средств ИКТ для организации личностно-ориентированного образовательного процесса и быть руководителем и лидером образовательного творческого процесса в системе «Учитель-студент-группа-учитель».

Кратко остановлюсь на следующих вопросах:

- Есть ли возможности применения информационно-коммуникационных технологий на занятиях английского языка?

- Какими ресурсными возможностями должна обладать информационно-образовательная среда в условиях модернизации образования?

Обращаю внимание на следующие задачи:

- Изучить теоретическую и методическую литературу по данной тематике.
- Рассмотреть способы и формы применения ИКТ на уроках английского языка.

Использование новых информационных технологий в преподавании является одним из важнейших аспектов совершенствования и оптимизации учебного процесса, обогащения арсенала методических средств и приемов, позволяющих разнообразить формы работы, и сделать занятия интересным и запоминающимся для студентов.

Информационно-коммуникационные технологии (ИКТ) – это совокупность средств и методов преобразования информационных данных для получения информации нового качества.

В современных источниках информационно-коммуникационные технологии представляют собой широкий спектр цифровых технологий, применяемых для создания, передачи и распространения информации и оказания услуг (компьютерное оборудование, программное обеспечение, телефонные линии, сотовая связь, электронная почта, сотовые и спутниковые технологии, сети беспроводной и кабельной связи, мультимедийные средства, а также Интернет).

Современная образовательная парадигма, строящаяся на компьютерных средствах обучения, берет за основу не передачу готовых знаний, умений и навыков, а привитие обучающимся умений самообразования. При этом работа студентов на занятиях носит характер общения с преподавателем, опосредованного с помощью интерактивных компьютерных программ и аудиовизуальных средств.

Ученые Т.А.Полилова, Л.А.Цветкова считают, что любой метод обучения обогащается за счет интеграции в него информационных технологий. Но если в процессе обучения информатике средства ИКТ выступают и как объект изучения, и как средство обучения, то в процессе преподавания общеобразовательных дисциплин они являются только средством обучения.

Определение понятия “средства ИКТ”. Средства информационно-коммуникационных технологий-это программные, программно-аппаратные и технические средства и устройства, функционирующие на базе микропроцессорной, вычислительной техники, а также современных средств и систем транслирования информации, информационного обмена, обеспечивающие операции по сбору, продуцированию, накоплению, хранению, обработке, передаче информации и возможность доступа к информационным ресурсам локальных и глобальных компьютерных сетей.

К наиболее часто используемым в учебном процессе средствам ИКТ относятся:

Электронные учебники и пособия, демонстрируемые с помощью компьютера и мультимедийного проектора, электронные энциклопедии и справочники;

- Образовательные ресурсы Интернета;
- DVD и CD диски с картинками и иллюстрациями;
- Видео и аудиотехника;
- Интерактивная доска.

Методисты выделяют несколько классификаций средств ИКТ. В соответствии с первой классификацией, все средства ИКТ, применяемые в системе образования, можно разделить на два типа: аппаратные (компьютер, принтер, сканер, фотоаппарат, видеокамера, аудио-видеомагнитофон и др.) и программные (электронные учебники, тренажеры, тестовые среды, информационные сайты, поисковые системы Интернета и т.д.)

Прорыв в области ИКТ, происходящий в настоящее время, заставляет пересматривать вопросы организаций информационного обеспечения познавательной деятельности. Таким образом, вторая классификация средств ИКТ позволяет рассмотреть возможности использования информационных технологий в образовательной деятельности.

1. Для поиска литературы, в Internet с применением браузеров типа Internet Explorer, Mozilla Firefox и

др., различных поисковых систем и программ для работы в режиме on-line (Yandex.ru, Rambler.ru, Mail.ru, Google.ru, Yahoo.com, Prez-team.com и т.д.) и работы с ней (реферирование, конспектирование, аннотирование, цитирование, создание слайдов-презентаций в режиме on-line и т.д.)

2. Для работы с текстами, используя пакет основных прикладных программ Microsoft Office: Microsoft Word позволяет создавать и редактировать тексты с графическим оформлением; Microsoft Power Point позволяет создавать слайды-презентации для более красочной демонстрации материала; Microsoft Excel выполнять вычисления, анализировать и визуализировать данные и работать со списками в таблицах, и на веб-страницах; Microsoft Office Publisher позволяет создавать и изменять буклеты, брошюры и т.д.

3. Для автоматического перевода текстов с помощью программ-переводчиков (PROMTXT) и электронных словарей (AbbyLingvo7.0);

4. Для хранения и накопления информации (CD, DVD-диски, Flash-диски);

5. Для общения (Internet, электронная почта, ICQ, Skype, Mail Agent и т.д.);

Перечисленные средства ИКТ создают благоприятные возможности на уроках английского языка для организации самостоятельной работы обучающихся. Они могут использовать компьютерные технологии как для изучения отдельных тем, так

и для самоконтроля полученных знаний. Причем компьютер является самым терпеливым педагогом, способным сколько угодно повторять любые задания, добиваясь правильного ответа и в конечном счете, автоматизировать обрабатываемый навык.

При традиционных методах ведения занятий главным носителем информации для обучающихся выступает учитель, он требует от обучающегося концентрации внимания, сосредоточенности, напряжение памяти. Но не каждый студент способен работать в таком режиме. Психологические особенности характера, тип восприятия становятся причиной не успешности. При этом современные требования к уровню образованности не позволяют снизить объем информации, необходимой для усвоения темы урока.

При организации занятий с использованием компьютерных программ, информация предоставляется студентам красочно оформленной, с использованием эффектов анимации, в виде текста, диаграммы, графика рисунка. Все это, по мнению современных дидактов, позволяет более наглядно и доступно, чем в устной форме, объяснить учебный материал.

Очень важно и то, что на таких занятиях студент может работать в индивидуальном режиме, продвигаясь в постижении нового материала в своем темпе, возвращаясь к непонятному, если это требуется или забегать вперед.

Компьютер лоялен к разнообразию ответов: он не сопровождает работу студентов хвалебными или порицательными комментариями, что развивает их самостоятельность и создает благоприятную социально-психологическую атмосферу на занятиях придавая им уверенность в себе, это является немаловажным фактором для развития их индивидуальности.

Таким образом, говоря о преимуществах работы студентов с компьютером, следует назвать его бесспорные достоинства:

- Совершенствование навыков владения компьютером, совершенствование языкового уровня;
- Создание благоприятного психологического климата, повышение мотивации студентов и их интереса к предмету;
- Самоутверждение студентов;
- Возможность реализации индивидуализации обучения;
- Реализация принципа обратной связи, большие возможности наглядного предъявления материала;
- Исключение времени для написания материала на доске, экономия расходования материалов преподавателям;
- Совершенствование процесса проверки работ студентов;
- Повышение авторитета преподавателя;
- Сочетание контроля и самоконтроля; объективная

и современная оценка действий студентов, активизация навыков самостоятельной работы.

Использование современных педагогических технологий позволяет перейти:

- От обучения как функции запоминания к обучению как процессу умственного развития;
- От статической модели знаний к динамической системе умственных действий;
- От ориентации на усредненного студента к дифференцированным и индивидуальным программам обучения;
- От внешней мотивации обучения к внутренней нравственно-волевой регуляции.

Правильно организованная работа студентов с компьютером может способствовать росту их познавательного и коммуникативного интереса, что в свою очередь будет содействовать активизации и расширению возможностей самостоятельной работы студентов по овладению английским языком, как на занятиях, так и во в неаудиторное время.

Использованные литературы:

1. Д.Донцов. Английский на компьютере. Изучаем, переводим, говорим. М., 2010;
2. А.С.Карпов. Интернет в подготовке будущих учителей иностранного языка. ИЯШ, №4, 2012.С. 73-78;
3. Pearson\ Longman «Michel Harris, David Mower, Anna Sikorzynka, 2014.

Лиза БЕКБАЕВА,
Үшқоңыр ауылындағы
орта мектептің мұғалімі.
Алматы облысы,
Қарасай ауданы.

ҚАЗАҚСТАН ЖОЛЫ – 2050: БІР МАҚСАТ, БІР МҮДДЕ, БІР БОЛАШАҚ

Мақсаты: білімділік – оқушыларға Отанды сүюге, бірлікке, ер тарихын білуге үйрету; **дамытушылық** – еліміздің мемлекеттік рәміздерін қастерлеуге, Отанымыздың байлығын қорғауға, елімізді өркендетуге дамыту; **тәрбиелік** – білімді ұрпақ болуға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: қазақ елі суреттері, ҚР-ның рәміздері, Н.Ә.Назарбаевтың суреті, нақыл сөздер, Қазақстан туралы әндер.

Тәрбие сағатының барысы.

Қазақстан туралы не білеміз? Мен Қазақстанда тұрамын. Мен Қазақстанда білім алып жатырмын. Мен еліммен мақтанамын. Елімнің гүлдене бергенін қалаймын.

Ой қозғау:

- Біз қандай мемлекетте тұрамыз?
- Қазақстан.

- ҚР-ның халқы қай тілде сөйлеу керек?
- ҚР-ның халқы қазақ тілінде сөйлеу керек.
- Біздің тұңғыш президентіміздің аты-жөні кім?
- Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.

17 қаңтар күні «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты жолдауын жариялады.

Жолдау бойынша Елбасының жалпы ұлттық идеясы болашақ табыстардың негізі екені баса айтылды. Ал ең бастысы – еліміздің рухын көтеретін ұлы мақсаттарға жеткізетін «Мәңгілік ел» идеясы жарияланды. «Мәңгілік ел» идеясы – еліміздің өз мақсатына талай дәуір сынынан сүріндірмей жеткізетін тұғырлы идея. Осының барлығы дамыған 30 елдің қатарына кіруімізге жаңа серпін беретіні сөзсіз.

Тағы да бір жайт – тіл мәселесі. Сондықтан Елбасымыз да тілді дау-дамайдың төркініне емес, даму мен өркендеудің негізіне, ұлттық ұйытқысына айналдыру – парызымыз екендігін бәрімізге де тағы бір мәрте тиянақты ұғындырды деп ойлаймын.

Біз – елімізбен мақтанамыз. Бұл еркіндік оңайлықпен келген жоқ. Қазақ елі еркіндікке жету үшін қаншама қиын-қыстау кезеңдерді бастан кешірді. Мыңдаған жылдық тарихы бар. Қазақстан тәуелсіздік алды.

1986 жылы 16 желтоқсанда қазақ жастары Орталық алаңға шығып Қазақстан тәуелсіздігін талап етті.

Осының нәтижесінде 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігі туралы заң қабылданды.

Егеменді ел болып, Тәуелсіздіктің көк байрағын көтерген сәті – Қазақстанның әрбір азаматы үшін қуаныш, көл-көсір зор оқиға, тарихтың үлкен бетбұрысы. Ғасырлар бойы бостандықты аңсаған қазақ халқы үшін бұл шынында да айтып жеткізілмейтін мол бақыт, асыл арманның жүзеге асуы еді.

Қазақстан – егеменді, тәуелсіз мемлекет, сондықтан оның өз Әнұраны, Туы, Елтаңбасы бар.

Қазақстан мекені –
Ынтымақ пенен достықтың,
Кеңдік пен кемелдіктердің
Даламды бабам мұра еткен,
Жайқалтар соны түлек – мен.
Қалалар жайып қанатын,
Ауылымды арай, нұр өпкен.
Қазақстанымды қасиетті
Сүйемін алау жүрекпен!

Бүгінде Астана – тәуелсіз әрі егемен мемлекеттің бүгінгі және болашақтағы саяси-экономикалық һәм мәдени орталығы ретінде қанат жайып барады.

Ерке Есіл жағасында бой көтерген ерекше сәулеттік ландшафты бар, бірегей мүсіндік нышандары сап түзеген, жоғары технологиялы болашаққа ұмтылған, өзгені сыйлап, өзінің жаңа астанасы мен өз елін

шексіз мақтаныш тұтатын көп дінді халқы бар әсем де, мейірлі астанамыз, міне, осындай қала.

Сарыарқа төсінде,
Сән беріп Есілге.
Жас қала – Бас қала,
Астана өсуде.
Күн болып қарайды,
Шуақ боп тарайды.
Әлемге нұр шашқан,
Астанам арайлы.
Туғандай қиялдан,
Үйлері бір арман.
Аспандап барады,
Аяулы ұлы ордам.
Астана ақ қала,
Ақ мәрмәр пәк қала.
Шарықтап, қарыштап,
Шалқи бер шаттана.

Қорытынды: - Мен ХХІ ғасыр – Қазақстанның «Алтын ғасыры» боларына сенемін. Бұл бейбітшіліктің, тұрақтылық пен гүлденудің ғасыры болады. Қазақстан халқы ұлы тарихтың иесі атануға лайық. Біз көздеген мақсатымызға міндетті түрде жетеміз. Аңсарлы азаттығымыз бен тәу етер тәуелсіздігіміз баянды болсын! Мәңгілік Ел болу жолындағы ұлы істеріміз жаңа дәуірлерге жол ашсын!- деген Елбасымыздың қорытынды сөзімен сабағымды аяқтаймын.

Ақбөпе СЕЙДАЛИЕВА,
Б.Момышұлы атындағы
жалпы орта мектебі.
Оңтүстік Қазақстан облысы,
Түлкібас ауылы.

«БІР БАЛА» ЖӘНЕ МЕН

...Бүгін тағы жаурадық.. себебі тағы қар жауды. Ал пеш жағатын отынымыз қыс ортасына жетпей біткен болатын. Анам қарындасым екеуімізді үйге тастайды да, өзі дорбасын арқалап перронға кетеді. Жолаушыларға әр нәрсе сатып, бізге нан әкеледі. Анам біздің қарынымыздың тоқ болуын ойлайды, кейде түнде де кетеді. Мен кішкентай қарындасыма қараймын. Осындайда «әкеміз келіп от жағып, үйді жылытса екен» деп армандаймын...

Кеше теледидардан тағы да «Бір бала» фильмін көрсетті. Сондағы Әсетке қызықтым. Әкесі келді. Шырша алды Әсет. Арманына жетті ғой. Мен де кейде Нұрлан аға сияқты ағаларға жолыққым келеді.

Кейде түс көремін. Бүкіл ауыл адамдары «Самат», «Самат..» деп айқайлайтын сияқты. Оянып кетіп, терезеге жүгіремін. Ешкім болмайды. Тек арман,

елес...мен екінші сыныпта оқысам да, бәрін түсінемін. Анам айтқысы келмейді.Әкемнің неге кеткенін ... Мен білем ... Ол бай, ақшасы көп әйелдің үйінде. Базардан көргем. Әдемі киімдер сатады. Маған «спорт киімін берер ме екен» деп қасына барып едім, әкем бұрылып кетіп қалды, мені көрмеді ғой деймін.Көрсек келіп, бетімнен сүйер еді ғой. Екеуіміз әдемі көйлектерді алып,үйге келетін едік. Анам перроннан келгенше үйге от жағып, қарсы алатын едік.

...Қыс мезгілі болмаса екен деп қоям, тағы да жаураймыз ғой. Анама айтсам, «әлі үлкен болғанша жаурайсыңдар» дейді. Қарындасым екеуіміздің үлкен болғанша жаурағымыз келмейді. Соны ойласам, тез ержеткім келеді. Сосын қарындасым Самалды ертіп отынға барар едім. Кейде ойланам, Әсет сияқты киноға түссем,әкем келетін шығар деп. Сосын барлық әртістер келіп маған арнап өлең айтар еді.

... Әне, тағы да қар жауа бастады. Қарда сырғанақ та ойнағым келмейді, тез күн жылынса екен, күн суытпаса екен...

..... Жылынғым келеді, жылы үйде ойнағым келеді, жылы үйде отырып, сабақ оқығым келеді...

... Біреу «Самат» деп айқайлағандай болды.

Мен кеттім...

Бас редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.

“Ұлағат” – екі айда бір рет шығатын республикалық ғылыми-психологиялық және педагогикалық басылым.

Құрылтайшы және шығарушы: “Қазақ тілі мен әдебиеті” және “Ұлағат” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Компьютерде теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды.

Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Жұрнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың тамыз айының 25-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы №6552-Ж Қуәлігі берілген.

Басуға 04.02.2015 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32.

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 9.0.

Есептік баспа табағы – 8.68. Таралымы – 350.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75821.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер: 268-32-48. Факс: 243-15-53.

Электрондық пошта: Kazulagat@mail.ru

Жұрнал сайты: **www.kazhu.kz**

Басылатын жері – ЖК Асубаев С.Ш.

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО-ПСИХОЛОГИЧЕСКОЕ
И ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ИЗДАНИЕ ТОВАРИЩЕСТВА
С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ
“ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ” ЖӘНЕ “ҰЛАҒАТ”**

© «Ұлағат», №1, 2015 ж., 144 бет, Алматы.